

Мұхтар Мағауин

ШАҚАН-ШЕРІ

роман

БАСТАУ

немесе эпилогқа кіріспе

Жел қаққан қоңырқай. Момақан. Тек салқын ұшқын атқан жанары ғана өжет кейіп, ер мінезін танытқандай. Байсалды кеңдік бар. Қайратына, қажырына сенген, ешкімге ырық бермеген асау жанның салқам бітімі. Бірақ бұл – оң жағынан қарағанда ғана. Сол жақтан... Сол жақ бетте – самайдан иекке түскен бұжыр-тыжыр, терең, үш қатар тыртық. Қызығы кеміс, ызалы шегір көз шапыраштана түйіледі. Үртү да жырық. Аппақ, өткір, сойдақ тісі жарқырап тұр. Адам шошырлық. Қарсы алдынан қарағанда адам шошырлық. Әйтсе де құбыжық емес. Өзгеше түрпатты пенде.

Тұтқынның ерекше болмысы жанар мен жарақатта, тіпті, арбиған саусақ, бұлшықты мойын, кең иық, зор кеуделі еңсегей бойда ғана емессті. Киімі, киімінде еді ғажап ерекшелік. Тарғыл сары. Қызылтым реңді сары тарғыл жолбарыс терісі. Үстінде қара жолағы ендей пішілген, түгі тузырылған жолбарыс жақы. Қайың бұтақ түймелері ағытылған ашық өнірінен іштегі қамзол, кеудедегі көйлекке дейін жыртқыштың терісінен тігілгені қорінеді. Бұттағы шалбар да жолбарыс жонынан. Аяқта – тықыр түк, күлгін сары пұшпақтан құралған жұмсақ байпақ; қылтадан орай жүндес, жағал таспамен тартып қойыпты. Басына киген, екі иықты бүркей жапқан мол пішімді тарғыл шұбар далбайдың омырауға түскен қос құлағы да пұшпақ екен, ұзындығы шынашақтай, имек, өткір, қоңыр қошқыл тырнақтар тізіле саудырап тұр. Тұтқынның жанкешті, жыртқыш кейпін айғақтай түскендей.

– Бас киімді алу керек, – деді тарғыл жігіттің кеудесінен ғана келетін, орысша киінген, тақиялы, шәрке тілмаш. – Мәртебелі төреге құлдық ұру керек!..

Тұтқын сонда ғана төреге – сырмақ, не кілем үстінде емес, жүкаяқ сияқты, бірақ арқалығы бар биік орындық үстінде, малдас құрып емес, тізеден бүгілген сирағы салбырап, өзіне сынай, тексере, бәлкім таңырқай қарап отырған төреге бет бұрды. Шашы ерапайсыз өсіп кеткен екен, түйенің шудасындағы, иығына түседі. Бірақ сабалак емес, майлап, сәндең, артына қайыра тарап қойған. Бет-аузы түгел түк. Мұрты оқтаудай, сақалы күйектей. Арасынан аузы әрең қорінеді. Қалың сақал-мұрт та, ұзын шаш та сап-сары. Төренің өзі де сары шабдар. Өні ғана емес, киімі де. Екі иық – алтынды желегі саудыраған, оқалы, алақандай тақта. Омырау – сары ала шынжыр, тіпті, домалақ түймелерге дейін сары.

Төре шегір көзін сыйырайта жылмишп орнынан көтерілді. Ернін жымырып, қысқа, қан-сөлсіз, бозғыл саусақтарын үқалаған қалпы қадала қарап тұрып қалды. Содан соң екі қолын артына айқастырды. Құлды шабынған жолбарыс.

– Мәртебелі төреге бас ию керек! Шәпкені... мынаны далой қылу керек!.. – деді тілмаш жолбарыстан ыққан қанденше қыңсылап, тұтқынды шыр көбелек айнала шеуілдеп. Енді болмаса аяқ арасына кіріп кетердей. Бейшара...

– Төреге иіліп сәлем беру керек! Құлдық ұру керек! – деді тілмаш үздіге сыйырлап.

Тұтқын сөз мәнісін ұқпағандай, тілмаштың бетіне аңыра қарап аз бөгелді. Содан соң шапыраш көзі жыптылықтап, жарақат бет қатқан көндей жиырыла тыржиды да, сойдақ тістер ырсия ашылып, ар жағынан жөтелге ұқсас, қарлығынқы үн шықты.

– Һәоу-у-унн! Һуу-а-абб! Хуу-ха-а-а-бб!..

Шәрке тілмаш кеудеден ұрғандай қалталактай шегініп, төрдегі, тіксіне таңырқаған, аңыра бөгеліп қалған төресінің аяғына бір-ақ жеткен. Шибиген саусақтары дір-дір етіп, жанқалтасын қарманды. Орамал іздеғен еken. Шұбалта суырып, екі-ақ елі, қырыс-тырыс маңдайын сүртінген.

Төре тез оналды. Әуелі басын шайқаған. Қырындай шегініп, тілмаштан аулақтаған. Мұртын сылап, қадала қарап аз бөгелген. Содан соң жөтеле мекіреніп зорлана құлген.

– Хо-хо-хо!.. Ху-ху-ху... у...

Шәрке тілмаш жаңғырыға қостады.

– Хо... ху... у...

Төре шытынай түйіліп еді. Локсығын қайта жұтқан тілмаш қалтия қалды. Иығы қушиып, көзі төмендеп, мұсәпір, пұшайман кепке түсті.

Бетінде құлкі ізі қайта көрінген, бірақ жанарындағы ызбар тарқамаған төре балағы бұратыла, сықырлай басып, тұтқынның сол жағына шықты. Тесіле қарап, бет-аузындағы жарақат ізін байыптады. Содан соң сыртынан айналды. Оң жағынан қарады. Көңіл қояр ештеңе таппады. Қарсы алдына шықты. Тұтқынның киімінің ұлгісін, баға-нарқын анықтағысы келгендей, үніле бере кегжие серпілді де, иек астынан, жанарға жанар қадап, тіке қарады. Бірақ арбаспады. Түйіле жемірген қалпы аз тұрып, еріне күрсінді.

– М-мм, да!¹ – деді таңдайын тақ еткізіп.

– Так точно, Ваше Высокоблагородие!² – деді аяқ астынан шыға келген, қайта тірілген тілмаш.

Төре самарқау қимылмен тұтқынның кеудесіне сұқ саусағын тіреді.

– Сен ким? Человек-джульбарс?³

– Так точно, Ввве! – деді мұлде күш алған тілмаш шарылдай ышқынып.

Айбарлы төре дәл осы сэтте ақырды.

¹ – Им-мм, иә! (Орысша. Бұдан арғы сөз, мәтіндер аудармасында атап көрсетілмейді.)

² – Дәп солай, Жоғары Мәртебелім!

³ Жолбарыс кісі.

– Малчааты!⁴

Тілмаш қазықтай қағылған. Кеміс иегі ғана дір-дір етеді.

– ТТТ... ввв...

Сұқ саусақ кеудеге бата түсті. Найза тырнақ жалаңаш денеге кадалғандай.

Төбеден алақанмен салып қалса ғой, ауыз омыртқасы опырылар еді. Бірақ тұтқынның қеудесінде ыза да, кек те жоқ. Бағзыда ат үстінде, кейін аңшы соқпағында беттеспеген. Ең бастысы – аң емес, адам. Және жүйкесі берік, жүрегі катты адам. Әсіреле шәрке тілмашқа ақырғаны ұнаған. Тұтқын бет-аузы шалбарлана жымиды. Жымын күлгөні тыржын мазақтағанға үқсас екенін білетін. Әмбес изеді.

Кері шегініп, төренің быртық, боп-боз, сүйкімсіз саусағынан алыстады да, қолын қеудесіне басты.

– Шақан-Шері! Мені жолбарыс жүректі Шақан деп атайды бүкіл Жетісу. Шақан-Шері менің атым.

– Мм-м, да! – деді төре тағы да тамсанып. Тұтқынның бас-аяғына бажайлай қарады да, манадан бері бүрісіп, сөлбірейіп тұрган тілмашқа иек қакты.

Қайтадан жан біткен, қайтадан кісі қалпына енген тілмаш түкірігіне шашала шәлдүрлеп, ұғындырып жатыр. Әрине, жолбарыс жүрек Шақаннның кім екенін. Жаңа қалада бұрын да талай болғанын. Бұл жолы дәл іргедегі ата-бабасының зиратына тәуап ете келгенін. Өзін ұстағанда мылтығы, қаруы бола тұра ешқандай қарсылық жасамаганын. Ақтығын. Заңға залалы, кісіге қастығы жоғын. Екі-үш ауыз сөз. Ашық, айқын.

Бірақ сөз аяғы созылып бара жатты. Сөз аяғы созылған сайын төренің өні бұзыла берді. Төренің өні бұзылған сайын тілмаш та нығарлана, жалдана түсті. Төре сазбет ызбар тауып еді. Тілмаш түкірігіне шашала қылқынып, тұтқынға бұрылды.

– Сен... сен – бунтовщик! – деді шарылдай бақырып. – Сен Кенисарага қосылған! Сен Садыққа шпион болған! Сен Его Высокоблагородиеге покушение ойлаған!⁵

Қазақ. Қазақша сөйлеген сияқты. Бұнтопшысы не, Кинасара, Садығы кім? Пөкешен ойлағаны қалай?..

– Теперь не уйдешь! Не уйдешь! – деді тілмаш алақанын үқалай жайнаң қағып. – Сен Көкбелесте болғансың, свидетель бар, ол көрген, сен қашқан! – А то мылтықты қайдан алған? Сен верный сын отечества хорунжий Жантайды атқан! Вот гнида! Вот шакал!⁶

Кенет бәрін ұқты. Мынау... кемиек, талпақ танау, тайқы мандай – көрден қайта шықкан Жалтақ Жантай ғой! Өзінің аталас туысы. Сасық шибөрі... Ал анау – сары ала жолбарыс. Кәдімгі көп жыртқыштың бірі емес. Кісі етін ғана жейтін жалмаузы. Жалмауыз жүрген жер жемтіксіз

⁴ – Тоқтаат!

⁵ ...бүлікші... Ұлы мәртебеліге қастандық...

⁶ – Енді құтылмайсың! Құтыла алмайсың!.. күэ... әйтпесе... отанның адал ұлы хорунжий... Жексүрүн! Қорқау!

болмайды. Шибөрінің де тамағы тоқ. Қазір екеуі бірігіп қараусыз, панасыз жалғыз жаяуды алып жейді.

Денесі дір етті. Өзінің кім екені есіне түскен. Жан адамға қеудесін бастырмаған Шақан! Жыртқыш атаулыға жасындаған Шері! Ер туган, ерлікпен құн кешкен жолбарыс жүрек батыр!

– Һугха-угх! Угх! Һаоуңғх-хх... Угххх...

Жолбарыстың жүрек тітірентер айбатты арылы қалт тынды. Жыртқыш кейіпті, жыртқыш дауысты тарғыл тұтқын өні қызара қөгеріп, зілдене безірейген зор денелі, сары ала төреге бір, қуара қалтырап есі шыққан лак теке тілмашқа бір қарады да, кенет қарқылдай құліп қоя берді.

– Ха-ха-ха-ха!.. Хе-хе-хе-хе!.. Хи-хи-хи-хи!..

Әлде төреге, әлде тілмашқа саусағын шошайтады да құледі, саусағын шошайтады да құледі. Әуелгі, өкіре ышқынған жабайы арылдан өзгеше, табиғи болғанымен, ыза, кекесінге толы ғаламат құлкі. Адамның тәбе шашы тік тұрар үрейлі құлкі.

Құлкі. Арыл. Құлкі...

Бәрі құлкіден басталған. Эйелдің ерке, назды құлкісі. Баланың қамсыз, шат құлкісі. Осы, бірі жүрек қытықтар, бірі қөніл марқайтар, қия тасты жарып аққан бұлақ сыңғырлы қос құлкіні тұманды шатқалдан лықи төгілген сел жаңғырықты дүлей арыл өшірген. Бар қызығын, өткенін, болашағын мұзарт құздан құлаған ақтүтек көшкін көмген.

– Һугха-угх! Һаоуңғх-х!..

Бәрі де жолбарыстың жүрек шайқар алапат арылышынан басталған.

I таралу

ҚАМЫСТАҒЫ ҮЙ

1

Қоңыр тұндік ауыр ысырылып, әрен ашылғанда жез құрсаулы қара шаңырақтан ұйыған сүттей қою жарықпен қоса ақтарыла төгілген салқын, таза ауа жиһазы шамалы, жасауы шағын, бірақ кең, әрі еңселі, төрт қанат киіз үй ішіне серпінді леп әкелген. Аязды, тымық таң. Бозғыл сары аспан шексіз биік, кіршіксіз таза көрінеді.

– Шашадан қар жауыпты, – деді киіз есікті серпе ашып, сырттан құшағын толтыра қамыс сүйрей кірген Ажар, – Жер-дүние аппак.

– Алақай! – деді кішкентай Сәмен көйлегі шелтиіп, тұлымы жалбырап атып тұрып. – Сонар! Қан сонар! Ауға шығамыз!.. Ухх... – деді сосын тітіркеніп. – Суық. – Төрді – төсек үстін қаптай жабылған киіз астына қайтадан сұңғіп кетті.

– Қазір от жағамыз, құлышыншак, – деді Ажар. – Көкесі, сен тұра ғой енді, – деді сосын, шаңыраққа қарап, бұйырып жатқан күйеуіне.

Бір-бірден алып, тізелей опырып, қамыс сындыра бастады. Тұбі үйде, басы шұбатылып далада, есік сыртында жатыр. Оқтаудай жуан, үш күлаш, төрт күлаш нар қамыс.

– Қандай жақсы!.. – деді Шақан керіле есінеп. – Қоқандаған, дікіндеңен ешкім жоқ. Тып-тыныш. Дұрыс болды, өңшең шуылдақтан бөліне көшкенім. Рахат. Иен қамыс, кең дала... А, бәйбіше, ат қайда, түье қайда?

– Құдай кедейлікті мандайыңа жазған, – деді Ажар зілсіз. – Аңшы атамның екі үйір жылқы, бір келе түйесінен қалғаны – қара бура мен кер жорға ат еді, оның өзін сәскеде сұрадың...

Қамысы қандай зор бұл Қапшағайдың. “Жансызда қамыс ұлken“ деген рас екен-ау... Енді Ажар тезек теріп, шөмшек жинап бейнеттенбейді. Саусақтары сондай епті. Сытыр-бытыр... сытыр-бытыр...

– Менің малым – құмда өрген киік, қырда жортқан құлан, – деді Шақан.

– Тұр сол арқандаған жерде, қамыстың ығында, – деді Ажар жаңағы сөзін сабактап. – Әлгінде, тұндік ашуға шыққанда көрдім.

– Бұлар да соныға бөгіп, қоңдансын, – деді Шақан. – Қасқыр жоқ сияқты ғой бұл жақта.

– Ой, алла-ай, жаңа жүртқа қонғанда тым құрса алыстан ұлыған бөрі үні естілүші еді. Тып-тыныш. Сауысқанның сарқылының өзі құлақ жарады. Бір түрлі елегізіп, үйіктай алмадым. Жалғыздыққа мал екеш мал да тосырқайды екен, мен үйден шыққанда кер жорға ку даладан оқыранып, қара бура мойнын созып шыр айналды...

– Бәрі жақсы, – деді Шақан. – Өте дұрыс болды, қайрылмай тартып кеткенім. Өзім би, өзім қожа. Атам көрмеген қорлыққа мен неге көнем? Атам кимеген ноқтаға неге мен бас сұғам? Дұрыс. Бәрі дұрыс.

– Қайдам, – деді Ажар күрсініп. – Төңірек түгел қамыс... Тогайдан қалың...

– Жалғыздық қыны саған, – деді Шақан қаптама киізді төмен ысырып, басын көтеріп. – Биылғы қысты өткерейік. Жаз шыға... Жаз шыға жалайырға – нағашыларыма барам. Қырық серкешімді алам. Содан соң, саған серік болатын “оймақ ауыз, қигаш қас“... қалай еді, әлгі, Сүйінбай ақын айтатын жырда...

– Жезтырнақ сұлу! – деді Ажар сынғырай күліп. Тұбіт шәлісін шешіп тастап, қолына көсөу алды да, қамыстың бозғыл күлін ысырып, ошак басын тазарта бастады. – Алыстан іздел қайтесің, төрем, осы меніреу ішінен қалың бермей-ақ табамыз. Қорқам... – деді сосын тітіркеніп. – Осы үйді бір құбыжық торуылдап жүрген сияқты болады да тұрады.

– Жезтырнақ құрығалы қашан бұл өнірден, – деді Шақан жайbaraқат. – Бірден бас салмайды, әуелі бейбіт келіп, от басын барлап, бақылап кетеді екен. Содан соң ғана бұқпалап қайта оралады. Баяғыда Өтеген батыр өлтіріпті дейді ғой сондай жезтырнақты. Елге жайлы қоныс қарап, Жиделі-Байсынды іздел шыққан сапарында. Кешегі Ағыбай батыр да кездесіпті. Бірақ онікі басқаша. Көзге түрткісіз қараңғы тұнде, сабалақ жауын астында, қалың орман ішінде жалғыз аяқ жолмен келе жатса, астындағы Ақ-Ылақ ат пысқырып, тұра қалады...

– Ишән!.. – деді Ажар тітіркеніп. – Баланы қорқытасың...

Бала қалың киіз астында, неше қабат, жылы сенсөн көрпе арасында бұйығып жатыр. Естіген жоқ. Естісе қорыққан жоқ. Қорыққан Ажардың өзі. Шақан қарқылдап күлді. Атып тұрып, Ажарды бас салды. Сүйегін сықырлата қысып, бауырына басты.

– Шын қорықсаң тұнде неге мені оятып алмадың? – деді құлағын аймалай сыйырлап. – Екеуіміз де таң атқанша ұйықтамай шығатын едік...

– Қойсай, – деді Ажар қымсынып. – Баланнан да ұялмайсың.

Кішкентай Сәмен киіз астынан сығалай қарап, әкесі мен шешесінің ойынына күлліп жатыр екен.

– Әүппа! Тұрдық! – деді Шақан апыл-құпыл сырт киімдерін киіп. – Құлыншақ, сен де тұр. Жылы қыстау жоқ, үйрену керек. Міне азамат! Қазір қырғауылға шығамыз.

– Өлә, отым сөніп қалыпты... – деді Ажар ошақтағы бозғыл күлді онды-солды көсеп, жылтыраған шоқ таба алмай. – Қайран Талғардың тезегі...

– Тезектен басқа нең қалды онда! – деді Шақан кіржиіп. – Ол да жаудың малынікі... Қазір от жағамыз! – деді қайта жадырап. – Қырғауылға шығамыз.

– Қырғауылды қалай аламыз? – деді жақ жүні үрпіп тоңған, сарғыш кенеп көйлек үстінен қоян кәзекейін киіп, енді қыналы, тері шалбарын тартып жатқан кішкентай Сәмен.

– Қамыстың шоғы қуатсыз екен ғой – деді Ажар. – Ошақтан қызу кеткен соң үй де тез суиды. Алдымен сексеуіл түсіріп таста.

– Бәйбіше! “Атан өлсе сойылар, атаң өлсе қойылар, бірақ мұндай қан сонар, маған қайдан табылар!” – деген кім? Ақылды адам. Аңшы! Яғни, дүниедегі ең адал, ең батыл адам!

– Қырғауылды қалай аламыз? – деді Сәмен сұрағын қайталап.

– Былай аламыз! – Шақан ошақ басында бір тізесін бүгіп, жүрелей отырган Ажарды белінен құшақтады.

– Қойсай... – деді Ажар шынымен ұялып.

– Атқа мінеміз, – деді Шақан баласына мойын бұрып. – Қалай екенін білесің, – деді әйелінің құлағына сыйырлап. Ай орақты күміс сырғаны шайнап тастағысы келді. – Міне, былай, тізгіннен ұстаймыз... – Ажардың мұқият өрілген, жуан, қос бұрымынан ұстады.

– Саган дауа жоқ, – деді Ажар. – Ойынға тоймайды екенсін. Күн күрғатпай...

– Содан соң ғой, Жездырнақтың қызын кішілікке түсіргелі жүргенім... Атқа мінеміз, – деді даусын көтеріп, баласына. – Мен – атқа, сен – түйеге, апаң екеуің. Қолыма қос айыр дырау қамшы алам. Сен де аласың қамшыны. Барамыз өзеннен алысырақ, қамыстан, тоғайдан аулағырақ жерге. Семіздіктен шайлап жатқан, жыптыраган қырғауыл. Өзі қызыл, құйрығы ұзын, дуадақтай ірі. Дыр етіп ұшады. Мен соңынан тұра шабам. Қырғауыл тас лақтырым жерге барып жалп етіп қонады. Қашайын десе, қарға малтығып, жүгіре алмайды. Қамшымен бір-ақ тартам. Алда-жалда қайтара ұшып үлгерсе, әуелгіден де жақын түседі. Онда тіпті оңай.

– Егер жыңғылдың ортасына қонса ше? – деп сұрады бала.

– Онда басқа бір қырғауылды көтереміз. Құс көп. Іленің екі өнірі толған құс.

– Содан соң?

– Содан соң, бір қырғауылды қағып түсірген соң, екіншісін ұшырамын.

– Ал мен? – деді бала өкпелі үнмен.

– Сен?.. Сен ғой соның бәрін ұстайтын. Даңылдан жатқан қырғауылды кездігінмен бауыздайсың да, қоржынға сала бересің, сала бересің.

– Түйе көтергенше! – деді Сәмен мәз болып.

– От тұтатып бер, бала тоңып қалды, – деді бұл екі ортада қаншама қамыс сындырып үлгерген Ажар.

– Мен тоңғам жоқ, – деді бала. – Үй жылы.

– Жылы, – деді Шақан. – Іштен қос қабаттап киіз тұтылған. Көрдің ғой кеше, іргені көміп, сырттан неше қабат қамыс тартып тастағанымды... Тамнан жылы бұл киіз үй деген. Бірақ қырғауылға шығар алдында от жағып, жылыну керек, қонақ көже ішіп, тойып алу керек... Солай, балақан! Бәйбіше, шақпақ қайда?

– Шақпақ кіседе тұрған да, – деді Ажар.

– Шақпақ – кіседе, кісе – белде... – Шақан келіншегінің тығызы, солқылдақ белінен орай құшақтап, қысып-қысып қойды.

– Төрде, киіз сыртында ілулі тұр... – Ажар Шақанның бұлшығы білеуленген, жуан, дөкір білегінен жұмсақ алақанымен сипады. – Күн көтеріліп кетсе, қырғауыл жатып қалады, – деді майда үнмен.

– “Қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен”... – деді Шақан әндептіп. – Құлыншақ, сырттан қамыстың ұлпек қуын сындырып әкелші... “Қырғауылы қызыл екен...” – Әндептеген бойы керегені жағалай тұтқан қалың киіздің басына ілінген ауыр белдікті алды. Оң жағында бүйрекше пішімді, үлкен, күмісті кісе, ортада құты, сол жағында ауыр селебе салынған сүйекті қын, салақтаған оқшантай мен жез жиекті дәндәку. Дәндәкуден шақпақ пен оттығын суырды. Беті жалпақ, жұмырша ақ тас, жапырақтай ғана, қызғылттым жолақты күрең тас. Бірін Талғардың өзенінен, екіншісін тауынан алып еді. Сүйкеп қалсаң от ұшқындарды. Тасының өзі қасиетті сондай қоныстан қуылды. Кеудесі қыж қайнаған Шақан оттықты жаңып жіберіп еді, алыс көкжиектен көрінген найзағайдай, көкшіл сары от жарқылдады, ізінше ышқына өкірген үн естілді.

Жалт бұрылған Шақанды қақ мандайдан жасын ұрған. Мандайдан ұрған жасын өне бойын көктей тесіп өткен. Төбе шашын үйтіп, қолқа жүрегін суырып, іші-бауырын талқандап, қара табанға темір қазық болып қағылған. Айқайлауға даусы шықпады, ұмтылуға, әлденендей қимыл жасауға аяқ, қолы ырық бермеді. Дем тартуға да дәрмені жетпей, бақырайып қатқан да қалған. Есіктен тайдай сары тарғыл мысық сұғынып тұр екен. “Жолбарыс!..”

Құлағы жылмиған, езуі ақсиып, шегір көздерінен көкшіл ұшқын атқан жолбарыс босағадан аттаған қалпы, басын болмашы шайқап, сәл кідірді

де, салқау басып, көлденендей кірді. Ала жыландаш ширылған ұзын қүйрығымен қос бүйірін кезек соғып, құныса тағандап, ышқына өксіді.

– Haou-y-унқх-х!..

Ошақ пен есік арасында, таудай жолбарыстың қарсы алдында қалқып тұрған құртақандай Сәмен шыр ете түсті. Сол мезетте қоқсыған құл басында бір тізерлеген қүйі мелшип қалған Ажар да баж еткен. Шұбар шері дір жирылды да, жанағыдан әлдекайда қорқынышты үнмен айбаттана ақырды.

– Xu-y-ha-a-абб!.. Угна-угх! Угх-хх!..

Төрде, тұсқиізге арқасы жабысып, үнсіз, тілсіз қатып қалған Шақанға от шаша қарап, атылуға ынғайланғандай, жер бауырлап шөге бере кенет лып көтерілді де, кішкентай саусақтары тарбия, екі қолымен бетін көлгейлей кері шегінген Сәменді тышқан ұстаған мысықтай іле тартып, етпетінен түсірді. Оң аяғымен белінен баса домалатып, ышқына арылдаған қалпы кері шегінді. Келер мезетте сойдақ-сойдақ, сап-сары, қарыс сүйем қос-қос азулы жеміт аузын арандай ашқан да, шырылдай дір қаққан дәрмениң баланы бел ортадан қаржи тістеген; басын кегжитіп, езуінен айбат шаша гүр етіп, бүктеле бұрылған да, киіз есікті серпе ашып, сыртқа бір-ақ қарғыған.

Алдымен әйел ес жиды.

– Ойбай, Шақан!.. Құрыдық! Құрыдық! Жолбарыс! Сәмен! Сәмен!..

Адырайған, кан толған көзінен бұршақтай жас ағып, сүріне тұрды да, далаға ұмтылды. Қолында көсеу. Шақан сонда ғана сұмдықтың бар салмағын санағымен ұққандай, абалактап жан-жағына қарманды. Қолына не мылтық, не найза түспеген. Буын-буыны дірілдеп, сүйекті қыннан селебені әрең суырып, ентелей ұмтылды. Көзінің алды қарауыта қалбалақтап, онды-солды соғыла сипаланып, есікті зорға тапқан. Аяз қарыған салқын ауа бірден қеудеге ұрып, жер дүниені жапқан ақ кебін көзін шырадай ашты.

Жолбарыс ұзамапты. Әудем жерде, Сәменді көтере тістеген қалпы, тышқан алған мысықтай, жоны күдірейіп, көлденендей шұбалып тұр. Безектей шыңғырган баланың аяқ-қолы тырбан-тырбаң етеді. Шақанның жан даусы сонда ғана шықты.

– Сәмен!.. Құлыншақ!.. – Селебесін білеп, табаны жерге тимей тұра жүгірген. – Ажар! Ажар!.. Токта! – деді келер мезетте ентіге айқайлап.

Ажар тоқтамады. Жолбарыска жақындал қалған. Көсеуін көтере коқақтап, ышқына бақырады.

– Кет! Кет пәлекет! Кет! Таста! Таста!..

Тарғыл шері адамның айбарынан ыққандай бұға бере шегіншектеді де, бөксерсімен қырындаған айналып, бетін бері бұрды. Ширатылған қүйрығымен қос бүйірін кезек қамшылап, төрттағандай бұкшиді де, езуінен арылдады. Содан соң сылқ еткізіп баланы тастай салған. Етпеттей түскең, бет-аузын қан жапқан құртақандай бала сары тарғыл денесімен жарты дүниені жауып тұрған жыртқыштың алдынан еңбектей қашты. Жер сүзе жығылып, шатқаяқтай көтерілді. Екі-үш аттап барып қайтадан тонқалаң асты.

Жолбарыс балаға қараған да жоқ. Аспанды тітірете гүр еткен де, бұл кезде есік пен төрдей келіп қалған әйелдің басына бір-ақ қарғыған. Ажар үнсіз, тілсіз, бүктетіле құлады. Құтырына тарпынған жолбарыс азу тістері ақ қарға шағылыса ырсыды да, сұлық денені желкесінен алыш көтере бере карш еткізіп жалғыз-ақ шайнады. Жалғыз-ақ шайнап, мойнын үзген соң, езуінен қан шаша арылдаپ, басын кегжите қараған Шақанға. Таяқ тастам жерге келген, бар сұмдықты көз алдынан өткерген Шақанға. Содан соң шегіншектей тағандады. Үлкен, доп-домалақ, шегір көздері от ұшқындай шапыраштанып, арқа жүндері кірпі түктене тікірейіп, жер бауырлай құнысты. Болмашы ғана иірілген құйрығының ұшы дір-дір етеді. Келер мезетте...

Келер мезетте Шақан өзінің шырқырап қашып бара жатқанын аңдады. Күпсек қарда әлдебір түбіршекке соғылып, омақаса жығылған. Сары диу үстіме міне түсер деп басын қорғалай берген. Жоқ. Сары диу артта, арқан бойы жерде, жаңа ғана өзі төбесін ойып, мойнын үзген жемінің үстінен аса құдірейіп, ғүрілдей өкіріп түр екен.

– Һуу-а-а-бб!.. Һа-оу-у-убб!..

Жыртқыштың үрейлі, катқыл үнімен жалғас, әлсіз, бірақ одан әлдеқайда қорқынышты дауыс жетті құлағына.

– Қеке-е!.. Һөөө.. Ө-ө-ө!..

Жалғыз ұлы, бес жасар, кішкентай Сәмен. Тәлтіректей басып, сүріне етпептеп, әлдекайда қашқысы келеді. Тырбандаپ, енбектей қашып барады. Жолбарыстың ар жағында. Аулаққа қарай.

Шақан атып тұрды. Қолы бос екен. Қарымсыз селебе де жоқ. Үйде білтелі қара мылтық бар. Бірақ үйден жолбарыс жақын. Ал бала... тіпті жақын... Жолбарысқа. Жүгіру керек. Мылтық... бала...

Жолбарыс Шақанның ойлануына, ес жиып, дәт бекітуіне қарап тұрған жоқ. Өліктің үстінен аттап, бері қарай жүре бере қалт бөгелді. Алғашқы жемін тастамас әдеті ме, әлде дәрменсіз әкеден көмек тілеген сәби даусы өзіне тартты ма, кері бұрылды да, екі-ақ қарғып, жан даусы шыға шырқыраған баланы іліп алды.

Бойындағы бар үрей сап болған, дәл осы сэтте өлім, тек қана өлім тілеген Шақан ақыра ұмтылды. Жолбарыс назар аударған да жоқ. Бұрынғыдан да кішірейіп кеткен, жансыз салақтаған құртқаңдай сәбиді қапсыра тістеген қалпы орғи жүгіріп, көз көрімге ұзады да, артына бұрылып, қигаштай бере аз бөгелді. Келер сэтте түйе бойламас қалың камыс ішіне кіріп жоқ болды.

Арада апта өтпей, Қапшагайды өрлей, Іленің сол жағасына орнаған барлық ауылға, Алатауды көбелеген Түрген, Талғар, Алматы, Қаскелең бойындағы елге сұмдық хабар тарады.

Kisi етін ғана жейтін жалмауыз жолбарыс шығыпты!

Шақан дейтін жалғыз үйлі аңшының әйелі мен бес баласын қатарынан жепті! Біреу, екеу емес, үйрлі жолбарыс. Тегіс жалмауыз!

Бұл Шақан ешкімге бас имеген ер жігіт екен. Ер болмас қисыны жок. Кеше Саурық батырдың үзенгісін ұстаған, Алмалы Сайдағы қанды ұрыста қаза тапқан Масақ-мергенниң жалғыз ұлы!

О, сүм заман! Жолбарыстың жалғыз-жарым малға шапқанын естуші едік, адам аулағанын кім көрген!

Ер туған азамат тегіс қан жұтып өлген соң ит-құс та басынды...

Далаңың тағысы тұрыпты, өз ішіндегі бөктергі мен күйкентай самұрыққа жем тасығанын қайтерсін. Ербиіп атқа мінбекен Жалтақ Жантай ақ патшаның сенімді нөкері болып шықты. Үстінен құс ұшырмайды.

Сол Жантай екен, жаңағы Шақанның қыстауына қала түсірген. Жерін тартып алып, малын талауға салған. Аруақты атадан туған ер жігіт топқа қайран, оқса қалқан таба алмай, қорлық пен зорлыққа да төзбей, қылышын сүйреткен қысты Іленің етегіндегі қалың қамыс ішінде өткермек болып, ауа көшеді ғой. Сөйтсе, Шақан қонған қамыс – үйрлі жолбарыстың жатағы екен...

Бұдан ары әңгіме әлденеше тармаққа бөлінетін.

Шақан жалғыз өзі жеті жолбарыспен айқасады. Бірақ өзінен әйелі ер шығыпты. Үйді торыған үйрлі жолбарыстың құрсауы тарылған кезде арлан шеріге қарсы жалаң қылышпен ұмтылыпты дейді. Шақанның кішкене баласына дейін садақ тартып, қайрат қылышпты. Ақыры, тілсіз жауқоя ма, тәуліктен астам айқастан соң дүлей жыртқыш бір үйлі жанды тегіс алып жеген...

Жоқ, түгел емес, әйел ғана қазага ұшыраған. Жолбарыс құндақтағы сәбиді ала жөнелгенде атқа міне сала артынан қуады ғой, өзі өліп, баланы арашалап қалады...

Үйрлі емес, жалғыз-ақ жолбарыс. Әйел де, бала да аман. Өлген-Шақанның өзі. Азанда, жаңа ғана тұтін тұтатып жатқанда үйге жолбарыс кіріп келеді ғой. Есіктен кіреді де, от басында жылнып отырған баланы тышқан ілген мысықша бас салады. Тіс батырмай, домалатып ойнай бастайды. Шақан қанжарын қайрап отыр екен дейді. Арыстанша атылады. Арсыл-гұрсіл айқас басталады да кетеді. Ақыры қайраты асып, жолбарысты өлтіреді, қансырап өзі де өледі...

Қайсы шын, қайсы лақап – біліп болмайды, анығы – күні кеше ғана ер танылған Масақ-мергеннің жалғыз ұлы – дүшпаннан тепкі көріп, иенге ығысқан Шақан тілсіз тағының талауына түскен.

Алдымен Алатаудың етегіндегі ата жұрты жеткен. Садақты, найзалы, сойыл, шоқпарлы қырық шақты кісі. Қаралы үйге ат қойып келді. Өлдіге балаған бауырлары тірі болып, құдайға мың шүкір тәуба айткан, қазаның артына қайыр тілескен, өз бастарын да қатерге байлап жолбарыска шыққан.

Шақан әуелде өкпе айтпады, кейін ризашылық танытпады. Тұнжыраған да отырған. Жібімеген. Жібімеген қалпы қаралы қоныста, қалың қамыста жалғыз өзі қала берген. “Балам мен әйелімнің жылын күтем...”

”Шақан! Құрыдық! Құрыдық, ойбай! Сәмен! Сәмен!..“

“Кет! Кет пәлекет! Таста! Таста! Кет!..“

“Көке-е!... ...өкее...ө-ө-ө...“

Кос қолдап басын ұстады.

”Мен қо... ho... рық-тым!.. – дейді өкси құрсініп. – Зәрем ұшқанда... – Екі құлағын ұрғылап, басын шайқайды да, шұбыра ұзап, қырға көтеріліп бара жатқан ағайындарының артынан үзіле көз сүзді. – Не қалды енді... Не бар...“

”Откен оңалмайды, берік бол!“ – Ағайынның ақырғы сөзі осы еді.

Ұзамай Іленің арғы бетінен ана жұрты жеткен. Түе тіркеп, құр ат қосақтаған, қаншама қоржын бөктерген, қарулы жиырма жігіт. Таяу төніректегі елге хабар салып, қазаның артын өткерді, біреулерге көзінше базына айтып, біреулерді сыртынан батыра сөгіп, өздерінің кең пейілін, таза жүрегін танытты, ақыры ашуға мініп жолбарыстың жымына аттанған.

Шақанның еңсесі жазылмады, көнілі сейілмеді. Ықылас, пейілін танытқан, бірақ жетекке ермеді, угітке көнбеді. Қаралы қоныста, құм мен ну шектескен меніреу ішінде жалғыз өзі қала берді. “Балам мен әйелімнің жылын күтем...“

“hyy-a-a-бб!.. hao-ou-y-унн!..“

“Көке-е-е!..“

”Ойбай!.. Құрыдық!“

”Сәмен!.. Сәме-е-нн..“

”Угха-угх! Угх!.. Аоунұх!..“

”Мен... қорықтым...–деді Шақан іші тарыла өксіп. – Қорыққаным сондай...“ – Нагашылары Іленің алашабыр қар басқан көкше мұзынан шұбыра өтіп, қарсы қабакқа, белге шықты. Ошарыла тоқтап, артқа қарап тымақтарын бұлғады. Қимастықпен қоштасып, ары асты.

”Ажар! Ажар!... Тоқта!..“

”Еркексің ғой, Шақан, есінді жи!“ – Нагашының соңғы сөзі осы еді.

”Угха-угх!“ – Шақанның құлағы төбеден ұрғандай тарс ашылды. Тек екі шекесі ғана ши басын тербереген өлкек желдей әлсіз шуылдайды. Шақан айғыз-айғыз қоңыр бұлтты кірлеуіт аспанға қарады. “Мен... мен қорқар ештене қалған жоқ!“

Ағайын: берісі – бір заманда жыңғылдай қалың, тораңғыдай биік болған, бұдан бес ата, әлде алты ата бұрын Жонғардан асып төгіліп, қамсыз елді көшкіндей көмген қатал қырғыннан соң құмға біткен селеудей селдіреп, қатарынан қалған, қауқары қайтқан, бірақ еңсесі басылып, есінен танбаған аз ғана ру Шыбылдың бас көтерер жігіті, аксақал, қарасақалы, арысы – Алатау мен Іленің ортасын ен жайлап отырған, батыры кетіп, бағы қайтса да барынан арылмаған, тобы тозбаған қалың Шапыраштының тілеуі бір ер-азаматы болатын. Бастап келген –

Жалтақ Жантай атқа мінгелі дүниеден баз кешіп, құрым күркесінде отырып қалған кәрі тарлан Құба-мерген.

Аттары қалжаурап жеткеніне қарамастан, жігіттердің бір тобы кеш батқанша жер шалып қайтты. Екінші тобы құмнан сексеуіл тартып, ойдан қамыс шапты. Қалғандары мал сойып, қазан көтерген.

Кешіне шыңылтыр аяз, көбік қарлы алаңқайда, әлденеше жерден үздіксіз жағылған от қоршау ішінде аттар қантарыла суып, адамдар ертенгі айқасқа әзірленген.

– Жолбарыс аулау – қазақтың ата дәстүрі, машықты өнері, – деген ашық аспан астында, алаулы от басында ет жеп, сорпа ішілгеннен соңғы әңгіме-кеңесте Құба-мерген. – Төріне тарғыл жолбарыс ілінбеген үйде наиза ұстар ұл тумайды деген бабаларымыз. Ол заманда ұзын аққан Сыр-Дария, қамысы қалың Шу бойы қаптаған жыртқыш еken. Ал Ілеңің етегінде жыптырап жүрсе керек. Шұбар шері, тіпті, аң қағып Алатаудың сай-саласына шығып кететін. Күні кеше ғана анау занғардан – Жасыл көлден балалы жолбарысты өз көзіммен көрдім. Е-е, ол да бір дәурен еken. Ол заманда, біз білген заманнан арғы заманда ұл табар әйел жолбарыстың жүргегіне жерік болады еken. Жолбарыстың жүргегін жеп, талғағы тарқаған ана мың сан жаудан қайтпайтын қара болат батыр туады еken. Қазіргі қатын немене... тұз құрт, ашыған көже... Соны көре тұра кейінгі балаға жасықсың, жамансың деп кінә қоямыз...

– Жолбарыс – ерекше киелі маҳұлық, – деді содан соң қеудесін кере дем алып, – Бағзы бір кезде тәуілтер сүйегін ұнтаپ дәрі жасайтын, етін қақтап, өтін кептіріп, майын шыжғырып, ең аяғы ұма безі мен қамшысына дейін кәдеге асыратын. Кірпігі ғана қымылдан жатқан зағип құлан таза жазылғанын, қауқары қайтқан шал жас тоқалдың баурын балаға толтырғанын көрдік. Өтіп кеткен соң бәрі ертегі...

– Бұл шеріде диюдың күші, жынның жылдамдығы бар, – деді жүрт жайларған соң. – Ерлігі мен мәрттігі адамда жоқ. Бірақ өз бетімен тимейді ғой ешкімге. Орманның иесі, қамыстың қожасы. Арғы заманда бұл өнірде арыстан да мол болған еken. Аң патшасы деп аңыз қыламыз ғой. Сол айбынды арыстанды қазақ жерінен айдал тастаган – осы жолбарыс еken. Ханның қаһарынан батырдың қайраты басым түскені сияқты. Енді міне... Батыр барымташиға айналды. Адам азғанда аң қайтпек. Ана Жалтақ Жантайдың кісі етін жеген жыртқыштан айырмасы қанша...

– Бұл сойқанды шерінің пысы бар, – деді қонетоз жолбарыс жақысын қымтай жамылып. – Алғаш көрген адам есінен танып, құлап қалса ғажап емес. Табаны жерге тимей тұра қашуға шамасы келсе, жүйкесі берік болғаны. Тарғыл перінің өзін айтасың, ізін көргенде төбе қүйқасы шымырлайды-ау адамның. Ал ақырған үні... неше қыр астынан естілсе де үрей туғызарлық. Жолбарыстың ізін көріп тітіренбеген, үнін естіп үрей бумаган, жүзін көріп жүргегі шайлықпаган – жан иесі емес, жыншайтанмен шатысты дүлей бірдене болғаны. Көрген соң, білген соң, бастан кешкен соң айтам, – деді.

– Құдайым адамға өзгеше туыс берген... – Құба-мерген қайтадан көтерілді. – Қайраты кем болар, қажыры артық. Айласы кем болар, ақылы

артық. Аңның тісі мен тырнағы ғана бар. Сенің бойында бес қару. Алыстан атасың, жақыннан шабасың. Күш пен құрал, парасат пен амал өз алдына, адаммен айбар таластырар махұлық жоқ. Мен отыз жыл жолбарыс ауладым. Кісінің қаһарынан ықпайтын жыртқыш көрмедім. Адамның аруағы аскар таудан да биік. Ойлап тұрсың, хайуанат атаулы жан үшін, тамақ үшін алысады, ал кісі ұлының керегі басқа. Пенденің қасиеті де, қасіреті де осында болса керек...

– Айтсаң – арман, бұксең – құса, – деді жеңіл күрсініп, – түптеп келгенде, бәрін ақ найзаның ұшы, ақ білектің күші емес, топтың дұмпуі, мылтықтың түтіні шешеді екен. Енді сен тыныш ұйқы мен тәтті тамақтан өзге қамы жоқ жануарға айналып баrasың. Елдің тұғыры – ер деуші едік. Онымыз бекер болды. Ез екен. Ту ұстап, тұлпар мінген Саурық қайда? Бұта қоргалап, бас сауғалаған Жантай қайда? Батыр Саурықтың сүйегіне мүк шықты. Жалтақ Жантайдың арқасына жал бітті. Кеше келелі кеңес, ордалы отырыс күні заман бұлай шырқ айналар деп кім ойлаған. Ойлаған. Білген. Білгендіктен басын қатерге тіккен. Ақыры қан жұтып қазаға ұшыраған. Енді міне... Ұлығың – майыр, ұлың – жандайшап...

Кенет шәү етіп ит үрді. Баташыларға жолдағы ауылдардың бірінен қосылған бұралқы барақ төбет. Қан-жынға, кемік сүйекке тойып, адам аяғынан аулағыракта, шабылған қамыс түбінде, құйрығына тұмсығын тығып, бұктеле бұйығып жатқан. Атып тұрып, әудем жердегі бозара сағалданған қамысқа қарап шабалана тызақтап, алға ұмтыла бере, кенет қаңқ етіп, кері қашты. Алауды қоршалай отырған кісілердің арасына тығылған. Құйрығын бұтына қысып, бұратыла жаутаңдайды, арық сүйектері ырсып, дір-дір етеді. Сол мезетте қосақтай қаңтарылған аттар да ұбір-дұбір болды. Құлақтарын қайшылай пыскырып, әлдеқайда жалт-жұлт қарайды. Құба-мергеннің ері алынбаған ұзын күрең айғыры ышқына кісінеп көкке шапшыды.

– Жолбарыс! – деді Құба-мерген. – Тыныш! Қозғалмандар, дыбыс шығарманда!

Түнекті тесе қарап, мұрты жыбыр етті де, беліндегі оқшантайдан жеке атар оқ алды, қасында, сексеуіл томарының үстінде жатқан мылтығын ұнғы аузынан сүмбімен оқтады. Отырған орнында еңкейе бере, мылтықтың киік мүйіз қос айыр сирағын жазды, ошақтан шала жанған қамыстың тұқылын алып, білтеге от қойды. Шынтағына сүйене, етпеттей жатып, ұмсына кезенди.

Тып-тыныш. Әлдеқайдан сықылықтай ішек тартқан күлкіге ұқсас үн естілді. Шибері. Аттар шылбырын кере тартып, тапырақтай шошынған қалпы қимылсыз тұр. Кенет күрең айғыр баяу оқыранды. Құба-мерген жеңімен басып білтені өшірген.

– Кетті, – деді өкінішті үнмен.

“Ун...” – дескен жүргт, еркін дем алып.

– Шын... өзі ме? – деді жігіттердің бірі.

– Жезтырнақ не пері, – деді екінші жігіт. Бейқам күлді. – Аспан тұлданып, сел соғардай, адамның еңсесін басып, жүйкесін тұсайтын пәле ғой мынау...

– Тс-с... – деді Құба-мерген... От әпер дегендей, саусақтарын жыбырлата, сол қолын созды. – Жоқ, – деді келер сэтте, сыбырлай сөйлеп. – Кетті, бірақ ұзаған жоқ. Торуылдап жүр. Міне, міне, ну жакқа шықты. Абай болыңдар! Садақтарыңды сайландар! Маған емес, аттарға қарандар. Э, пері...

Қайтадан мазасызданып, пысқыра тапырақтаған аттар бұл жолы тез тыншыды. Оның есесіне жаңа ғана отқа түсе жаздал, жұрттың астына кіріп кеткен бұралқы төбет көтерілді. Арқа жүні тікірейіп, адамның жүйкесін тырнай, дарылдап, үзіп-үзіп үреді.

“Кет!” деп әлдекім теуіп жіберіп еді, бұралқы төбет қаңқ етіп, от басынан атқып шықты да, кенет бойын ыза буғандай, арылдай абалактап, жаңа ғана қаншама жұртқа қатер ұясы тәрізді көрінген қараңғы қамысты бетке алып, салбалактай жүгірген.

– Қайт! – деді Құба-мерген айқайлап. – Қап, мына сорлыны-ай. Кә! Кә!

Бұралқы төбет сарабдал қамысқа жете бере қаңқ етіп жалт бұрылды. Сол сэтте қалың қау қақ жарылған да, бір шоқ сары ала қамыс жел құған жалындай лап ұшып, бейшара төбетті ұмар-жұмар көмген. Сары ала құйын тұн түнегін көктей тескен наизағайдай жарқ еткізіп, қос жасыл от шашты да, әп-сэтте қалыңға кіріп жоқ болды.

– Алла! – дескен жігіттер. – Жын ба, пері ме?..

– Өзі! – деді Құба-мерген. – Ойпыр-ай, жолбарыстың ит етіне жерік келетінін білуші ем. Бірақ мынау нағыз сойқан екен, а! Қатарынан тізе қосып қырық кісі отырған жерден ойып олжа әкетті!

– Апыр-ай, садақ тартып та үлгермедік қой...

– Садақ тартқанды айтасың, түстеп тани алдың ба?

– Жел ме, құйын ба? – десті жігіттер жамырай дабырласып.

– Кінә менен, қарбаласта білтені уқаламаптын, қүйік басып, мылтық от алмады, – деді Құба-мерген.

– Обал-ай, – деді әлдекім. – Ит те болса несібе іздең соңымыздан еріп еді.

– Итті әкетпесе, атыңа шабатын еді, не өзінді алатын еді, – деді екінші жігіт әзілдей күліп.

– Иттің жаманының өзі адамға ырыс әкелмек, – деді Құба-мерген, мылтық мойнындағы шұбатылған білтенің ұшын тазартып, шыыртпақтап жатып. – Шерінің қанды басы бері бұрылды білем. Құдай қаласа...

* * *

Тоқымдарын астына тәсеп, ерлерін басына жастап, ақ қар үстінде кезектесе ұйықтаған, тыныстаған адамдарды, сұыған аттарды қоршалай, әлденеше жерден алаулата от жағып, қарулы, сақ, сергек қалыпта тұн күзеткен жұрт таң ата жапырлай атқа қонды. Құйысқан түбі – терістік – шұбарта, шытынай мұз қатқан, кең айдыны, ағысы мол тұстары сұрғылт, сұық өңмен үйірле төңкеріліп, тілсіз шымырлаған, төбесін бозара мұнартқан бу шалған Іле өзені. Мандай – тұстік бет – берісі қоңыр

алалана мұлгіген жиделі тоғай, жынғылды жыныс, шоқ-шоқ шилеуіт, арысы – кей тұста қызыл жалқындана, кей тұста ақ күміс ұшқын ата құбылған құм шағылдар. Екі қаптал – бастарын үлпек қар тұтып, жапырақтарын қырау көмген, жоғары мен төменді, көз жетер алапты тегіс жапқан қамыс мұхиты. Үп еткен жел, шың еткен дыбыс жоқ. Тек адам тұрағынан несібе іздеген, таяу манда ағаш басына қонақтап, қамыс түбіне қорғалап, берекесіз шықылықтаған сауысқан үні ғана тыныштықты бұзғандай.

Өншең қаба жал, құшак құйрық, қақпан бел, жуан мойын, жұндес аттарға мінген аңшылардың ұзын саны қырықтан астам. Мылтық екеу, садақ жеті-сегіз, қалған жұрт найзалы, шоқпарлы, сапылы – ала-құла қаруланған. Түнде от торып, олжа әкеткен шерінің жұқалтаң, кіршіксіз аппақ қар үстіне аттамалап түскең, тарбақ алақандай, бедерлі ізі әлде доңыз шұбырған, әлде қоян тапаған енсіз жалғыз аяқ соқпақ – жабайы аң жымына бастап әкелген. Ұшы желең, балағы саржағал, оқтаудай жуан, түйелі кісі көрінбес биік қамыс сыңси тұтасып тұр. Тек әр жерде тарам-тарам үнгіме қуыс – көлденең соқпақтар қарауытады. Аттылар екі үзенгісін қамыстың сояуы соғып, беттерін қияқты жапырақ сабалап, әрен жылжыған. Тағымен алысу, нысаналы оқ ату қайда, көңілге қорқыныш ұялап, әркім-ақ он мен солға қауіптене қарай бастаған. Тобы мол болғанымен, арапары ашылып, шынжырдай созылған жігіттердің әрқайсысы өзін қаранды түнде қалың жыныста жалғыз қалған жетім лақтай сезінген. Тарғыл пері бір бүйірден дүрсе ұмтылса, қарбандаپ қару көтергенше, қай-қайсысын да алып түсердей. Мана Құба-мерген айтып еді, ең алдағы және ең арттағы адамға ғана қатер деп. Алда өзі. Артта Шақан. Екеуінде де білтелі қара мылтық. Жолбарыс ақыра атылса, шақпақ шағып үлгере ме. Шақпақ шағып, білтені тұтатса, кезеніп, атуға мұрша келе ме. Атса, маңдайды қақ жарып, немесе кос жауырынды қырқа тесіп тигізе ала ма. Әйел – шәйтіт, бала – құрбан, қалған жұрттың амандығы олжа болар еді. Бірақ мана ешкім тіс жармаған. Енді ешкім күмән танытпайды. Намыс қыын. Жігіттің намысы ғана емес. Рулы ел намысы. “Алаштың алтынды туын көтердік деп мақтанатын Шапырашты, Саурық батыр өлген соң шілдің тезегіндей тозды“. Бұл рас. “Елге сыйлы ердің жалғыз тұяғы еді, қыстаудан қуып, коныстан аластады, торғай пана тұтар бұта құрлы болмады“. Мұнысы былай, не... артық; қорғауга қауқары жетпегені хак, түре күган ешкім жоқ. Шатақ шығарған, ағайынға өкпелеп, ауа көшкен Шақанның өзі. “Інін құм көмген тышқандай көрінгенге жем болып жатыр. Бәрі жабылып бір тарғыл мысыққа шамасы келмеді“. Бұл – жан төзбес қорлық. Сүйекпен кетер сөз. Рас, әзір ешкім айтқан жоқ. Бірақ айтады. Кешегі, кісі жеген жолбарысты тірі жіберсе. Тым құрса, қорқытып, үркітіп, осы өнірден аластамаса.

Аяқ асты, сыңси тұтасқан он мен сол айқынырақ көріне бастады. Қамыс басы аласарып, күмістей құбылған. Күн шығыпты. Аттар алаңсыз пысқырынады. Адамдар да, көбі алғаш рет қуә болғалы тұрған аңшылыққа бой үйренгендей, дәтке қуат тапты. Сәлден соң шұбалаң топ ашиқ алаңқайға шығып, алды-артын жинаған.

Қар беті қорыс із. Әр жерде шашыраған қан табы көрінеді. Бір жақ бүйірде екі құлаштай жер мұздактана еріп қатқан еken. Жолбарыс жатқан орын. Қан ізі – кешегі бейшара төбеттің өзі сонынан ерген жұртқа қалдырған ең соңғы белгісі. Тым құрса, сабау құйрығының ұшы да жок. Арық ит етінен өзгеше тәбет алған аш жолбарыс түк қалдырмай жеген. Тіпті, қан көбірек шашылған жерлерді қарши қауып, құмарын әрең басқан тәрізді.

– Таң бозында кетіпти, – деді аттан түспеген қалпы еңкейіп, қамшы сабымен жолбарыстың орнын түртпі көрген Құба-мерген. – Немесе одан да ерте. Қарны тоқ, қамы жок. Сыртқа шықса керек. Қырқа беттегі жиделердің бірінің түбінде, әйтпесе шоқ қамыстардың ығында, жылы күнесте жатыр. Кім біледі, – деді сосын. – Өз ізін өзі кесіп, бірер жұз қадам жерде бізді торуылдан тұруы да мүмкін. Қайткенде де қалың жыныс ішінен таба алмайсыз.

Аңшылар жыртқыш ізін бұдан ары қумай, әуелгі жолдарымен шұбырып кері шыққан. Содан соң ғана қамыс орманын көбелей із кесіп еді. Құба-мергеннің жорамалы дұрысқа айналды. Жолбарыс меніреуден шығыпты да, асықпай аяндал, аулаққа беттепті. Бірер шақырым жерде, ауыл аумағындағы ойпанда, онша биік емес, бірақ ұйыса өскен қалың қамыс көрінген. Аңшылар алыстан орагытып, айналып отті. Шыққан із жоқ.

– Ал, жігіттер, – деді Құба-мерген. – Бауырларынды жеген жалмауыздың тарғыл мойны тұзаққа ілінді. Көрмедім дегениң екінші рет беттескелі тұрсын. Ол – аң, сен – адамсың. Ақылның артық, айланың артық, қайратың басым, қарымың ұзын. Қазір сойқанды пері ана саржағал қамыстың бір жерінде, сені көріп, жүрегі тітіреп, жаннан күсіп жатыр. Құдай сәтін салса, сүт пісірім уақыт өтпей-ақ шұбар тонын сыйрып, Шақанның иығына жабамыз. Арам етін қарға, құзғынға тастаймыз! Ырысымызды лайлап, тынышшымызды бұзған, ананың желкесін қылп, баланың жұрымын үзген жеміт хайуанға не қылсан да рауа. Тек әркім өз міндетін мұлтіксіз атқарсын. Іске сәт!

Шынжырдай тарқатылған аңшылар оқшашау қамысты оқ шалым жерден күргейлей қоршады. Тек өзен бет – қалың қамыс бағдары ашық. Бұл тұсқа араларынан ені жұз қадамдай көше қалдырып, қарама-қарсы екі қатар түзеп, Құба-мерген мен садақшы жігіттер орналасты.

Шөміш шеңбер құраган жұрт қаруын сайлап, демдерін басқан соң Құба-мерген тымағын көтеріп белгі берді. Сол сэтте шептің қарсы, қырқа бетіндегі жігіттер дабыл қағып, улап-шулап алға жылжыған. Мақсат – жолбарысты қамыстан тықсыра айдау. Өзен беттегі қалыңға өтер жолға шықса болғаны, жапырлай, кесе атқан оқ астында қалмақ.

Арғы шеп жолбарыс жасырынған қамысқа тақаған сайын қос бүйір де қысыла түсken. Адам айқайымен қосыла аттар кісінеп, арнайы ала шыққан даңғыра, кепшік, шыңдауыл үні жұқалтаң қар басқан тақыршакқа жаңғырығып, дүние азан-қазан болған. Адам атаулы дегірінен айрылған. Аттар осқыра тапырақтап, дүние шайқалақтай толқып тұрды.

– Сабыр, сабыр, жігіттер! – дейді Құба-мерген қатқыл күнгірт үнмен. – Қазір шығады. Асықпаңдар... Аралыққа түскенше атпаңдар!..

Астындағы омырауы салқы, қеудесі биік күрен айғыр жолбарыс аулауға емес, жылқы қайыруға мінілгендей, томаға көздері жарқырап, кен танаудан құшақ-құшақ бу атып, серпінді байсал танытады.

Бұл кезде данғыра, дабылды, шоқпар, найзали құғыншылардың алғы тобы қамысқа ілінген еді. “Апыр-ай, кісі етін жеп дәніккен жалмауыз пәле адамнан қорықпайды деуші еді, қарсы шауып, біреуді жазым қылмаса нетті,” – деген ой қинап тұр Құба-мергенді. Бұл қатерден бейхабар жігіттер әбден қызған, тізгіндерін ірке ұстағанмен, тоқтаусыз жылжып, қалыңға кірді. Манадан бері қанша қараса да жолбарыстың қайда жатқанын шамалай алмай тұрған Құба-мергенге кенет ортадан бергі ойдым қамыс басы дір етіп, жапырыла қозғалғандай көрінді.

– Келе жатыр! Сайланыңдар! – деген салқын үнмен садақшыларға. – Саспаңдар... Араға түскенше... Әне!

Жігіттер оң қолдарына ұстап, сайлап тұрған жебелерін қандауызға салды. Бірақ ешкім ештеме көрмепті. “Қайда? Қәне?” – дескен, бұрыла кашуга бейімделгендей, пысқыра тарпынып, тынышы бұзылған ат басына әрең ие болып.

– Қазір толайымен шығады. Алдын барлап тұр, – деді Құба-мерген. Қара мылтығын ынғайлап, беліндегі дәнәкүден шақпакты қу алды. – Қазір... Иә Алаш! Иә, Қарасай бабам!

Бергі қапталдағы жалдана өскен қалың қамыстың көленкелі тасасында, сарғайған сояулармен астаса, тек мойны ғана қылтиып, қымылсыз тұрған – шабдар шерінің өзі екенін Құба-мергеннің қарақты қозі емес, әккі түйсігі таныған. Әлде қабан қорыстаған жерге кеш біткен шолақ қамыс па... Жоқ, бұл ара жаңа ғана бір деңгейлес болатын. Тәжірибелі аңшы қамыстың бергі бетін тегіс тінте қарап шыққан. Сезікті ештене жоқ. Кенет жаңағы тапал қамыс ұстіндең биік үлпек болмашы шайқалды да, қалыңдан тайдай тарғыл жолбарыс атқып шықты. Бой сала жүгірмей, желе жортып, тура ашыққа – қарымды садақ, қанды мылтық құрылған аран аузына қарай беттеді. Құба-мерген шың еткізіп шақпақ шағып, білтеге от қойған. Манағы сыбыр-күбір басылып, демдерін ішіне тартқан садақшы жігіттердің астындағы діріл қаққан аттар, бірі кейін шегінсе, бірі бүйірлей ығып, әуелгі, тәртіпті қатар бұзылды. Ал арыдағы, әлі ештене көрмеген, қалыңға бойлай кірген үркітушілер дабырлай шулаған қалпы, бастары ғана қалтақтап, әрең жүзіп келеді. Құба-мерген тебіне емініп, берекесі қашқан топтан оңашарак шығуға ынғайланып еді. Дәл осы мезетте садақшы жігіттердің бірінің жүйкесі шыдамады. Мезгілінен бұрын, әрі асығыс тартылған жебе нысаналы жерге енді ғана іліне берген жолбарыстың қарсы алдына, жұқа қар, құмды топырақты бұрқ еткізіп, қамыстай шаншылған. Жолбарыс төрттағандап тұра қалды да, бұқтеле бұрылып қері салды. Сәтті мезет туар-тумастан істің қисыны қашқанын аңдаған жігіттер жапырлай садақ тартысқан. Орғи жүгірғен жолбарыс кенет ұзын құйрығымен бір жақ бүйірін салып қалып, қиралаң ете түсті. Бірақ жығылмаған. Және бөгелмеді. Найзаларын шошандатып,

шоқпарларын бұлғап, қатарласа даңғырлап келе жатқан жігіттерге қарай тұра салды.

Адамдар қамданып, аттар үркіп үлгермеді. Арылдай бүктелген жолбарыс серіппедей созылып, басқалардан сәл озынқы, қабыргасы бітеу кара қасқа ат мінген қара құлын жақылы жігітті тарпа басқан. Қара жақылы жігіт жыртқыштың екпінімен анадай жерге ұшып тұсті. Қара қасқа шыңғыра кісінеп, көкке шашыды. Жолбарыс жығылған кісіге ұмтылған жоқ – мөңкіген аттың үстінен де түспеді. Екі езуінен қан шашып, қара қасқа азбанды қаба жал жуан мойыннан қарш-қарш шайнаған. Шыңғырған даусы шығанға жеткен жануар тізелері бүгіліп, шөкелей құлаған соң app етіп, қалың қабырғаны қаусата сөкті. Бірақ аял қылмады. Кегі таусылды ма, бір сәт абдырып, артынша ақыра қаптаған жүрттан ықты ма, ырги жүгіріп, аулаққа қарай қашты.

– Өзен жақ қапталды ал! Шашырай шап! – деген Құба-мерген ышқына айқайлап. – Қырға... қырға қарай тықсыр!..

Қиқулап, ұрандалап, екпіндей ұмтылған жүрт жолбарысты қамысқа жібермеді. Бой салып қашса да ұзай алмаған, ыза қысса да, қарасы көп, кайраты мол адам ұлынан ығысқан жыртқыш ойыса жүгіріп, төрт-бес тораңғы өскен құмдауыт белге шықты. Ол арада да табан тірей алмай, ары асты. Тақыршақ, шилеуіт жазық еді.

– Тым жақындама! Тықсыра тұс! Ұзакқа шаппайды! – деген Құба-мерген серіктеріне.

Шынында да, арада екі-үш шақырым өтпей, жолбарыс құйрығы салаң етіп, қалт бөгелді. Артына бұрыла бере мойнын құжірейтіп, ақсия ақырды да, созалаң қимылмен көлденендей айналып, қарсы қарап тұра қалды. Тілі салақтаған, екі бүйірі солқ-солқ етеді.

– Коршандар! – деді Құба-мерген. – Қорықпаңдар, карымы жетпейді. Алдымен мен атам, мылтық даусы шығысымен, онды солды оқ астына алындар!

Жігіттер желе шауып, жолбарысты алыстан шенберлей қоршады.

– Енді тақалыңдар. Жетпіс қадамға! – деді Құба-мерген айқайлап.

Садақтар сайланған. Найзалар алға созылған. Жігіттер тебіне емініп, алға жылжыды. Аттар манағыдай емес, пысқыра тарпынып, дірілдей елендесе де, тапырактап шегінген жоқ, иелерінің ырқына көнген.

Төңірегі тарылған жолбарыс тенселе шайқалақтағандай епетейсіз қимылмен алды-артына, жан-жағына қаранып, айбаттана арылдады да, шиаратыла сірескен құйрығымен қос бүйірін баяу, бірақ тынымсыз ұрғылап, бауырымен жер сыза тағандады. Жылмиш турегеле бере азуы жарқырап, езуі айырыла ақырды. Басын шайқап, ауыр басып алға қарай екі-үш аттады да, кенет төрт аяғын бауырына жиып, құныса бере, жойқын қимылмен ырги атылды. Сол мезетте қара мылтық та гұрс етіп корғасын құсқан. Жолбарыс ақша қарды бүркүрата тонқалаң асып жығылды; сол сәтінде ұмар-жұмар атып тұрып, қайта секірді. Созыла серпіліп екі шылбыр бойында жерге лып тұсті де, сәл-пәл бөгеліп, бүгежектей бере тағы қарғыды.

Жолбарыс қарсы шапқан топтың қақ ортасында білтелі мылтығын сайлаған Шақан да тұр еді. Ызалы жыртқыш жойқын серіппедей, көз ілеспес қымылмен алғаш ырғығанда-ақ аттар ышқына шүркүрасып жалт берген; бір жігіт ерден ауып тұсті, екі-үш жігіт жын бугандай тулай қашқан аттарының тізгініне ие бола алмай, айдалаға лағып кетті. Ал Шақанның астындағы Жұндікер төрт табанынан бірдей қазықтай қағылып, тұрган да қалған. Қалшылдай толқып іш тартады. Шақан Құбамергеннің ауыр оғы дөп тиіп, ұшып түскен, бірақ қайта көтеріліп, екінші мәрте ытқыған жолбарысты асықпай көздел, шүріппені басып еді, тарс еткен дүмпу орнына майда сыйыр – құлаққа ұрған танадай тыныштық орнағанда жүрегі сұып кетті: қарбаласта біlte тұтатуды ұмытыпты. Бұл екі ортада таяқ тастам жерге түскен жолбарыс үшінші мәрте атылған. Сол атылған беті, Шақаннның дәл аяғының астына, мойны ішіне қайырылып, бүктеле жығылды. Жоннан, қос өкпеден, қара қабырғадан – әлденеше жерден сояулана шаншылған бес-алты жебе шерінің қырығы серпімін ауада қырқыпты.

– Найза! Найза сал! – деген дауыс жетті Шақаннның құлағына.

Қанды аузымен жиырыла жер қауып, құйрығы қамшы сокқан жыландай шиыршық атып, ышқына өксіп жатқан жолбарысқа бірнеше жігіт қатарынан найза ұрды. Жұрт топырлай аттан түсіп, апыр-жұпыр болысқан.

Шақан сонда ғана өне бойын сұық тер жауып кеткенін андады. Ал астындағы кер жорға буы қайнаған қазандай бұрқырайды. Сұмектеген қара тер. Шақан буын-буыны әлсіз дірілдеп, жерге тұсті. Сол кезде ғана көрді. Жұндікер аттың асты көл-көсір, сап-сары: жолбарыс шапқан сәтте шумегі ағытылып кеткен екен. “Менің өзім де бұтыма жіберіп қоя жаздадым”, – деп ойлады Шақан.

Жоннан, қос өкпеден, қара қабырғадан, бірі – бойлай, бірі – салақтай қадалған қауырсын жебелер түбі шашырай тамшылап, бүйірдегі қорғасын оқ ойған үнірейген жара шымырлай сыздықтап, қызыл қанға малшынған, созылып, зорайып кеткен, бірақ осыдан бір сәт қана бұрынғы алапат айбарынан айрылған өлі жолбарысты найза бойымен өлшегендे тұмсықтан құйрығының ұшына дейінгі аралық екі қулашқа сәл-ак жетпеді.

– Өзім алған, жұртпен бірге сокқан жолбарыстың ұзын саны осымен он жеті, – деді Құба-мерген. – Бірақ дәл мұндай ірісін көргем жоқ. – Бір қолмен қанды тұмсығынан, бір қолмен жұндес иегінен ұстап, аузын ашып көрді. – Аузы бүтін, тісі түгел... Жалмауыздың дәл осы екеніне көнілім сеніңкіремей тұр-ау...

– Сонда, мерген аға, тісі бүтін, қаруы қапысыз жолбарыс кісі жей алмай ма? – деген жігіттердің бірі күмәнді кейіспен.

– Жейді. Егер жарақатты болса. Біз мана жабыла аттық. Міне, көрдіндер ме, жанай тиген жебе артқы санын сойып өткен. Жазылып кетеді. Оның есесіне шерінің көнілінде адам баласына деген өшпес кек байланады. Жара өлесі болмағанмен, ауыр болса, айтальық, темір масақ, иә қорғасын оқ қара етте қалса, өшпендейтік тіпті құшті. Міне, кісі жеу

осыдан шығады. Немесе жолбарыс азу тісі түсіп, әбден қартаяды. Аң аулауға қауқар жетпейді. Соңда адамға шабады. Шынында, адамнан әлсіз, адамнан қорғансыз жандық бар ма. Тырнақ та, тіс те жоқ... Тек әдіс-айласы, білімі мен қаруы. Орыстың өресі неге биік шықты? Ойландар өздерің. Мына, Ысты Көбек дарқан соққан білтелі қара мылтыққа құрметпен қарайсындар. Кеше Іледен өтіп, бүгін Есік, Талғарға бекінген майыр Пері-Мешел сүйреп келген топты, асынып келген іштесер, берденкені қөрдіндер ме?

Осы мезетте арттан бір атқа мінгескен екі жігіт жетіп еді. Алыстан айқайлап, дабырлай келген. Алдыңғысы – мана жолбарыс атынан аударған бозбала. Амандығын қөрген соң қарайлауға мұрша келмеген. Әдемі құлын жарғағының оң жақ өнірі дал-дұл. Артындағы серігі ырғып түсіп, қолтығынан сүйемелдей берген. Аттан ауыр түскен жігіт аяғын еркін ала алмай, тәлтіректей басып, қызыл жентекті аппақ қар үстінде созыла жатқан тарғыл шеріге сұқтана қарады.

– Эй, сен жараланып қалғанбысың? – деп еді Құба-мерген.

– Жай, әншайін, жамбасымды сыйып кетті, – деді бала жігіт жайбарақат сөйлеуге тырысып. Бірақ өні боп-боз еді. Зорлана жымиды. – Екпіні сондай қатты екен... Жылдамдығын айтсаңшы. Найзаны кезеп те үлгермедім...

– Шырағым, тізе бүкші, – деді мосқал қарасақалдардың бірі. – Көрейін, не сызат екенін.

– Атым ат-ақ еді, – деді жігіт бұрынғыдан әрмен бозарып. – Қамбардың қара қасқасындай...

Жігіттің белін шешіп жібергенде жұрт тегіс ах ұрды. Қызыл қанға боялған құдері шалбардың ауы дал-дұл, жігіттің жамбас тұсы алақандай қызыл қошқыл жара. Әлдекім тонын шешіп жайып, жарадар жігітті жерге отырғызды. Етігін суырғанда Құба-мергеннің өзі жағасын ұстаған. Қоныш пен балақ қанға толып кеткен екен. Ең қыны – жара аузынан әлі де сыйдықтап қан ағып жатыр.

– Тез от жақ! Қайсыңың тоқымың ескі, құрымынан кесіп экел! – деді жаңағы қарасақал.

Келер мезетте бұта, шөп, қу шөмшек жиналышп, от жағылды. Әлдекім ескі тоқымынан кесіп экелген алақандай құрым отқа тосылды. Күнірсіп жанған киіздің бір жағы толқына быжып, ысты, қалың қүйеге айналғанда қарасақал, өні қашып, есінен тануға шақ отырған, бірақ қыңқ өтіп дыбыс шығармаған жігіттің әлі де қаны шыпшып жатқан жарасының үстіне басып еді. Бала әлсіз ышқынды да, есінен танып қалды.

– Қан тоқтады! Ер жігітке бұдан ауыр жара да жүк емес! – деді Құба-мерген.

Шынында да, кешке қарай жаралы жігіт есін жиып, әжептәуір көтеріліп қалды. Ал соғылған жерде терісі сыптырылған жолбарыстың денесінен ескі жарақат ізі андалмаған.

– Басқа! Бұл – басқа жолбарыс... – деді Құба-мерген туңғеле қол сілтеп.

– Басқа емес, өзі, – деді емші қарасақал. – Қазадан бері бір апта өтті, кайда жүр?

– Айналып соғады, – деді Құба-мерген жерге қарап. – Бірақ қашан? Ертең бе, келер аптада ма, арғы айда ма? Міне, гәп сонда...

– Мына Тоқайдың қара қасқа атын улайық, – деді жігіттердің бірі.

– Жолбарыс жемтік жемейді, – деді Құба-мерген. – Басқа аң алған жемге және тимейді.

– Басқа аң емес, жолбарыс алған жылқы, – деді қарасақал. – Әлгі сен айтқан жалмауыз бүгін-ертең келсе, әуелі қарайған үйге шаптай, көрнеу жемге түсер. Қауқары кем, дайын асқа бейім дедік қой...

– Бұл да жөн, зияны жоқ, – дескен қалған жұрт. – Бүтінше ең дұрыс амал осы.

Тоқайдың қара қасқасының мойны опырылып, қабырғасы қақырай сөгілген еken. Неткен дүлей күш. Қарасақал таңырқай жүріп, өлген атты тағы бірнеше жерден қызыл етін көрсете шабақтап тілді, қол сиятындаған қуыс жасап, ішін жарды. Артына бөктерген қоржыннан қос уыс күшала алып, жемтіктің іші-тысын, бас-аяғын тегіс улап таstadtы.

Тұн тыныш өтті. Ертеңіне беті бері қараған, тіпті, жолдастарымен әзілдесіп отырып ыстық сорпа ішкен жаралы Тоқай Шақанның қара бурасының қос өркешін орай салған қом үстіне жатқызылды, ағайын-туған арада бес-он күн өтпей қайта оралуға уәде қылыш, атқа қонды.

Тұнере тұқырған, ешқайда бармаймын, балам мен әйелімнің жылын күтем деген Шақанға уәж айта алмаған, қолқа салмаған.

4

Нагашы – іргедегі Іле мен қияндағы Қаратал арасында кең қонысқа қожалық етіп отырған, қыста қос қапталдағы қос өзеннің бойын, етектегі Көкше теңіздің қолтығын – қалың қамыс, бұқпа ұйықты ықтап, жазда өрге – жұз тарау өзен бас алатын, қалың қарағай, көк шалғын, салқын самал Жонғардың төсіне көш түзейтін, саны мол, дәүлеті ауыр Жалайыр ішіндегі малымен емес, басымен өз түрғысынан озған әлді атаның бірі еді; жорық жылдары ердің аруағын сыйлас, қалыңсыз ұзатқан қыздарының артында қалған жалғыз жиен жуан ағайындарынан теперіш көріп, ана жұртына қарай ауа көшіпті, жүқа мұзда Ілден өте алмай, түнемеге тоқтағанда үйірлі шері шауып, әйелі мен баласы қазага ұшырапты, арыстандай алысып, бала мен әйелдің өлігін тілсіз дүлейден арашалап қалыпты, солай да солай еken, ер еken, мәрт еken, енді қазаның артын күтіп, қаралы қоныста, жолбарыс жымының аузында жалғыз өзі отыр еken деген емекі хабар жетісімен, жалаңаш аязда көгере қатқан жалтыр мұздан ат, түйелерін жетектеп, құрық ұстап, жалғыздал өткен, жағаға жиналысымен жапырлай өрге қонып, жапа-тармағай ат қойып, ой бауырымдап түскен жиырма жігіттің көздері құрғақ, қабактары қатулы еді.

Жігіттің үш жұрты бар; ағайын – күншіл, қайын – сыншыл, шын тілеуқор, ең жақын туыс – нагашы дескен. Құдамыз – Алатауды ендей жайланаған, тоқсан бақсы, сексен ақын шыққан сауықшыл ел еді, батыры

бөрі басты ту ұстаған, бағланы айыр қалпак жүрт ұстаған ордалы қауым еді, жетім балаға торғай құрлы пана таппады, ерінен айрылған соң елдігі де тозыпты, бізге өкпесі жок десті. Атқа мінгендері жөн, арттан келгендері жөн, бірақ елуі жиылып екі тышқан соғуга жарамапты десті. Үйсіннің үлкені, алаштың ағасы – біз, көрсін, естісін, білсін десті. Жиеннен аяр мал жок деп, қаралы үйдің төңірегін қан сасытты. Екі күн тұрып күтіп, ат шаптырым жердегі алыс, жақынды тегіс атқарған соң, іріктеліп, таңдалған, жаланып шыққан жеті жігіт қастарына қаралы Шақанның өзін алып, тұра жолбарыстың жымына бет қойды.

Нағашылар қабағы қырауытып аттан тұскен алғашқы құні, бел жазып шешінер, шешінбестен, кеше ғана құдалары құшаламен улап кеткен қара қасқа аттың жемтігін барып көріп, ішек-сілелері қата күлген. Бес-алты сауысқан өліпті. Екі қарсақ, әлдеқайдан қаңғып келген арық ақ төбет өліпті. Сауысқан удың басында қатқан, қарсақ әудем жерге жете жығылыпты. Ақ төбет қу бұта шайнап, артқы аяғымен бауырын тырнап, аузынан көк көбік ағып, қатты азантанған екен, бірер шақырымнан соң құлапты. Текті шерінің өлексе татпайтынын білмеген жүртқа не раяу дескен. Ертемен жер шолып, ескілеу болса да шиыр із тұскен, ең бастысы – жан-жағы қалың қамыс, ал бір жақ беті қар суы сойған тақыршақ жылғалы, яғни, адам өтер оңай жолы бар тұйықтың қақ ортасына, ескі түбірге өздері ауылдан арнап әкелген семіз, доп-домалақ өгізшені жуан қыл арқанмен берік байлады. “Сенде жаза жоқ, бізде шара жоқ“, – дескен, әлдебір жамандықты сезгендей, өкіре жұлқынған жануардан кешу сұрай бата оқып. Құрбанға байланған қоңыр өгізшеге жолбарыс үшінші құні ғана шауыпты. Ертемен тақау жерден, биік жиде басынан қарауыл қарал қелген жігіт аптыға сөйлеп, жануардың жайрап жатқанын, бірақ жолбарыстың өзі қөрінбейтінін айтқан соң-ақ, сапылар сайланып, наизалар қайрала бастаған. Жігіттердің кейбірі өгізді қасқыр жарған шығар дегендей күмән танытқан, барып көру, анығын білу қажет дескен. “Шерінің өзі, – деді ең жақын әрі ең үлкен нағашы Қара-батыр. – Жолбарыстың ізі тұскен жерге бөрі жуымайды. Қойға жүт қасқыр – шерінің жеңсік асы. Өгізшені басқа емес, жолбарыстың өзі алуды хак. Тіпті, қасқыр жесе де қайраның жоқ. Ендеше, артын күту керек. Анық, жолбарыстың өзі. Қазір қарны тойған, жақын жерде баспалап, жемін күзетіп жатыр. Сенімді, сақ. Кешке дейін ол төңіректі жан баспаса, еркінсиді, біржола батылданады. Ал тұнде, жас етке, тәтті етке қайтадан тұмсығын тыққан кезде көп сезік туғызбай, жақын келу оңай“. Осыған тоқтаған.

Нағашылар түйеге теңдеп жап-жана алты қанат кереге, алпыс уық, қалың туырлық әкелген еді. Жолбарыстың өгізге шапқаны анықталысымен-ақ қарауыл жиде түбіне апарылды. Алдымен, керегені қос қабаттап, қабырғасы бітеу, үш қанат, дөңгелек қанқа құрылған. Басқұрмен неше қайтара таңып, арқанмен шандып, сықырлата тартып тастанады. Содан соң кереге басына қос қабаттай бекітілген уықтарды қатарластыра топтап, өзара, қарама-қарсы, көлденен, қигаштай торлап, оны да қыл арқанмен әлденеше қайтара байлады. Ішіне он шақты адам

еркін сияр, бітеу, асты-үсті торлы, жатаған күрке болып шыққан. Кейбір жігіттердің онсыз да берік, қажеті болмас дегеніне қарамастан, Қара-батыр күрке төбесіне қалың қоныр туырлықты қаптай жапқызы. Мұнымен де бітпепті. Күркенің сыртына, төрт тараптан бірдей көлденендей байланған тіреуіш ағаштар бекітілді. Ал іштен, керегенің үш көгінен жоғарыраққа кесе көлденең айқастырылып екі бақан тағы байланған.

– Пәлі, тұрпатыңа болайын! – деді Қара-батыр күрке жасалып біткен соң өзінен-өзі масаттанып. – Пері соқса да қозғалмас. Төбеміз берік. Уық қанша мықты десендер де, жолбарыс секіргендे сынбай тұрмайды. Киісіз, жалаңаш құрса, опырылып ортаға түсіү де ықтимал. Оны да көргеміз. Тек, жігіттер, бұрын да айтқам, қарбаласта қия жерге тоқтап жүрмейік. Алдың да, артың да тегіс болсын. Шері бар күшімен құйындай соққанда тіреуіш берік ұстай алмайды. Торлы керегенің аударылып түсіү оп-онай. Ол да өткен біздің бастан. Не керек, тұстік қой талай майданға. Ең қыны – шерінің шабуылы емес. Айбарлы болса да ан, адамның пысы басып, айқасқа шыдамай тайқып кетсе – сол жаман. Бар еңбегің зая шығады. Ал шапса... құдайдың бергені. Ол – ашықта, жалаңаш. Сенің қолында қарымды наиза, өткір сапы бар. Оның тырнағы мен тісінен келер кер жоқ. Тек шатынай жарқыраған көзінен ықпасан, өнмендей өкірген үнінен сескенбесең болғаны...

Қызара құлактанып күн батты. Салбырай қарауытып түн түсті. Шағырмақтана жарқырап ірі, көгілдір жұлдыздар туды. Толыса төгіліп, қамысты алапты тегіс ұйыған боз мұнарга көміп, бір жақ бүйірі кеміс, актаңдақ ай шықты. Сайдың тасындар, атпал сегіз жігіт іргесінен көтеріп, төбесі жабық тор күркенің ішіне енді. Белдерінде сапы, қолдарында шолақ наиза. Қара-батыр Шақанға мылтығын да алғызбаған. “Күндіз болса бір сәрі, шақпақты шақылдатып, отты жарқылдатып, білте тұтатқанша жолбарыс бой жасырып үлгереді, алыстан ату қын, ал бетпебет айқас үстінде қатеден өзіміздің біріміз жазым болармыз, бұл шіркінді бос арқалама“ деген. Садақ та біреу-ақ. Қорбандал жақ тартар кең жер қайда деген. Тек әуелгі сәтте ғана керек.

Тұнгі қамыс тарғылдана қарауытады. Балағы – ақ қар, басы – ай нұрына шағылған сары ұлпа; арасы демін тарта баспалап тұрған жолбарысқа толы сияқты. Бірақ жігіттер сергек еді. Кейбірі кереге көгінен, кейбірі ортадағы ашамай кермеден ұстап көтерген торлы күрке жеп-женіл; жерсоғар сағанақ қар көміп ұйыса бұйраланған қалың қауды сипай сызып келеді, бірқалыпты алынған аяқ сыйқырынан бөтен дыбыс жоқ. Өзен жақта сатыр етіп мұз жарылды. Әлдеқайдан өкси сақылдап шибөрі ұлыды. Сол мезетте дәл аяқ астынан тарғыл шерінің қарлыға ышқынған арылы естілген.

– Уттх-уугх! Угх!

Жігіттер демдерін ішіне тарта қалт тоқтады.

– Иә, сәт! – деді Қара-батыр күбір етіп. – Иә, аруақ! Саспаңдар! – деген сосын жігіттерге дем бере сөйлеп. – Элі әжептәуір жер. Іс онына келер, жел қарсыдан.

– Ана, қылауыта оқшырайған қамыстан ары айналғанда, – деді қарауылшы жігіт.

– Үйді түсіріндер, – деді Қара-батыр.

Торлы кереге женіл батып, қарлы шөп үстіне қонды.

– Тоқпан! – деді Қара-батыр садақ асынып, қорамсақ байланған жасамыс кісіге. – Өзің білесің. Қапысыз көзде. Мұлт жіберме. Жалпасынан түсірмессің, бірақ жебен дарымай жүрмесін. Қайтсөң де жарала. Кейінгісі – азаматтың қайратына байланысты. Ал, жігіттер, – деген өзге жүртқа. – Жұмыстарыңды жақсы білесіндер. Тек қарбалас болмасын. Бет алдарына келгендерің сайысасындар, қалғандарың керегенің етегін басасындар. Алда-жалда күркә аударылса, тең жартымыз харап боламыз. Кезек тимей найза сілтей алмай қалам деп тарынбаңдар, шері құтырса, бәрінді де жарылқайды, қарың талғанша қарбандаисың әлі. Айналмаға жете бере сәл аялда, тың тындаимыз. Енді дыбыстарыңды шығармандар. Жолбарыс күркеге тура шапқанға дейін. Ұмытпандар, көрген бетте тоқтап, керегені түсіреміз. Ал кеттік. Иә, Алаш! Иә, Бақтияр бабам!

Айналмаға дейінгі жұз қадамнан астам жер – берекесіз өскен сояулы, тұбіртек, ойқы, шойқы, жүріске аса жайсыз болып шықты. Аңшылар аяқтарын бір мезетте алып, шешімтал салмақпен баяу жылжыған. Межелі түсқа жақындаған сайын жүріс байсалдана түсті. Кенет әлдене күтір етті. Өгіздің ортан жілігі, иә бел омыртқасы үзілгені. Алып мысықтың әуелі азу тісімен қатырлата сүйек уатқан, содан соң салпылдатып ет шайнаған дыбысы, ырсылдай рақаттанып, қайтадан жемге ауыз салғаны анық естілген. Кешкі асына жаңа ғана кіріссе керек, тәбеті қатты, қимылы шұғыл.

– Тоқпан!.. – деді Қара-батыр күбір етіп.

Күркені ортанғы, керме белдіктен ұстап келе жатқан Тоқпан садағын ынғайлаپ, алға шықты.

Осы сәтте жолбарыс та гүр еткен. Аңшылар қалт бөгелді. Қимылсыз, тілсіз қатып қалған. Төнірек тегіс тыншыған меңіреу сәт ұзакқа созылмады. Шері қайтадан жемге бас қойды. Сірескен, мұз-тоң өлімтікті сүйрете жүлкылаپ, қаржи шайнап жатыр.

– Тез! – деді Қара-батыр ышқына сыйырлап.

Аңшылар нысаналы түбек қамысты орағыта берген. Алдарынан ені мен көлденені алпыс-жетпіс қадамдай, ай сәулесі құйыла төгілген, аппак далаң ашылды. Далаңның ортасынан ауа бере, аргы бетте, көлденендей түсіп, атан өгіздей тарғыл мысық жатыр екен. Алдында теңкіе қоқырайған жемтік.

Қырсыққанда, бұлар орағытқан күргей қамыстың іргесі су сойған жыра, төмпешікті түбіршек екен.

– Алға! – деді Қара-батыр жігіттерді асықтырып.

Күркे екі-үш қадам артық жүрістен соң ғана жерге қонды. Амалсыздан.

Бұл кезде жолбарыс бүйі шаққандай атып тұрған. Мойнын бұра бере аспанды қақырата ақырды. Содан соң бөккесі үйралып, алға қарай аттай

түсті де, төрттағандай бере тағы арылдады. Сәл-пәл құныса шегіншектеп, жытыра қашуға ыңғайланған. Осы сәтте Тоқпанның ұшқыр жебесі де қапысыз ұрып еді. Жартқыш ақыра аспанға шапшыды да, құйрығымен бір жақ бүйірін салып қалып, жасыл көздері жарқ етіп, аңшыларға қарай екпіндей ұмтылды. Тоқпан екінші мәрте атып ұлгеріп еді. Шері қак мандайдан күрзі соққандай төрт аяғымен бірдей табандап, тұра қалды.

– Алға, тегістеу жерге! – деді Қара-батыр. – Іргеге берік болындар! Найза! Найзаға!

Күркे жаңа жерге қонып ұлгермеді. Құтырына өкіріп, сүріне ұмтылған жолбарыс оқ жыландаған атқып, жойқын салмақпен үшіктің қақ үстіне түскен. Айқаса қабатталып, айқыш-ұйқыш байланған уықтың әлденешеуі қатарынан сатырлай сынды. Өкси арылдаған жолбарыс құтырынған қимылмен табан астындағы қалың киізді жұлқылай шайнады. Уық сақырлай үгіліп, үшіктің төбесі опырыла майысқан. Бірақ қалың киіз жыртылмады. Тәжірибелі жігіттер найза ұрмадан.

– Дайындал! Бекем бол! Төрт тарапқа бірдей!

– Қазір түседі!..

– Етекті басындар! – дескен бір-біріне күш бере сөйлеп.

Кенет жолбарыс жерге ытқып түсті де, құйрығы шиырыла арылда, үйшікті шыр айналды. Ашық жер таппаған соң дағдарғандай, мысық табандай шегініп, аз бөгелді. Содан соң төрт аяғын баурына тартып, серіппедей шаншылған. Тор көз керегені тұпа-тура ұрып еді. Үйшік сықырлай шайқалақтап, төңкеріле жығылуға шақ қалды. Бәлкім, төңкеріліп те түсер еді. Шерінің қатты серпіні кереге көзінен ұрмас бұрын кеудеден көк сұңғі қадалған. Найзасы жолбарысқа дөп келген жігіт серпінге шыдамай, қарсы қабырғаға ұшып түсті. Ызалы жыртқыш ышқына өкіріп, сағанаққа ауыз салған. Осы кезде тор көзден өтіп тағы бір найза ұрылды. Жолбарыс жаңа алғаш қадалған, иесінің қолынан шығып кеткен найзаны сүйрете шегінді де, тіксіне арылда, қарыс сүйем жерден қаржи қырқып тастады. Сосын тағы да өндіршектей ұмтылған. Керегеге алғы екі аяғын тіреп, қауырсын жебе салбыраған қызыл тарғыл арқасы айға шағыла, аузынан қан шаша күркілдеп, торлы сағанақтарды қарш-күрш шайнайды. Қос бүйірден қатарласа, тағы да екі-үш найза ұрылды, қарсы алдынан селебе сілтенді. Өне бойын қан жапқан, омырауы дал-дул, тайдай жолбарыс қанша жерден шабакталып жатса да шегінбеген. Көздері ажал отын шашып, ұзындығы сыннық сүйем, өткір, жуан азулары аксия арылдай қан буркіп, қолдарындағы қаруларын суық еппен қапысыз сілтеп жатқан екі аяқтыларды қалқалаған тор ағашты тынымсыз шайнай берді. Ақыры, қос табандай кергіген беті, алдыңғы екі сирағы кереге көзіне кептеліп, қабырғаға асылған күйі бір сәт бөгеліп қалып еді. Қара-батыр қолтық түбінен найза салды да, шірене итеріп, сағағына дейін бойлата тықты. Мойны кілт тартылған жолбарыс қанды ауызы қарыса ашылған қалпы, дірілдей серпіле бере, кенет оқыс босап, бұктеле құлады.

Төбесі салбырай опырылған, бір жақ қанаты талқан болған көлеңкелі күркे ішінде елі тыныштық орнады. Келер сәтте бойды құрсаған ауыр салмақ қапыл босап, екі інінен дем ала ентіккен жігіттер жадырай

куліскен. Құркенің іргесін көтере шығып, жаңа ғана қаншама жүртқа көтер төккен, енді теңірегін тегіс жентекті қанға бөктіріп, қимылсыз, тілсіз жатқан, ай жарығында сары тарғыл емес, үсті-басын әлеміш қоңыр бояу басқан, қызғылтым шұбар көрінген тайдай жолбарысқа сұқтана карасты. Қай-қайсысының көнілінде де женіл кірбің, аз-маз аяныш бар еді.

– Неткен ерлік! – деді алғаш наиза ұрган жігіт. – Апыр-ай, бір қайтпады-ау!..

– Әуелгі жебе құйымшак түбіне қадалыпты. Тіпті женіл жара. Бас сауғалауы оп-оңай еді...

– Кекшіл екен...

– Мәрт десеңші!

– Иә... – Қара батыр мұртын ширатып, женіл күрсінді. – Ер. Мәрт. Бірақ ерлік – еңсе жаздырып, мәрттік – мұратқа жеткізер заман өтіп кеткен. Қас батыр қазаға ұшырамақ. Қас жаман жан сауғаламақ. Өлі арыстаннан – тірі тышқан. Жүрмес пе еді мына шері де өзінің қалың қамысы арасында. Қорлықта көнбеді, басынғанға шыдамады – қарсы шапты, қазаға ұшырады. Жасанған жауға, жаңбырдай оққа қарсы ұмтыл – сен де жалпаннан түсесің.

– Сонда... қалай?.. – деп еді жас жігіттердің бірі күмілжіп.

– Осылай, – деді Қара-батыр кеудесін кере бой жазып. – Қорғалап күн кешкен коркаудан жасанған жауға қарсы шауып қаза тапқан жолбарыс артық. Қаншама қоян алдың, қайсысы есінде. Ал мына жанкешті шеріні ұмытып көрші. Балаңның баласына айтып кетесің.. Жүрек пен жасыннан жаралған жолбарыстың тұқымы құрыр күн де алыс емес!... – деді сосын сәл мұнайып.

* * *

Шақаның: “Ешқайда көшпеймін, әйелім мен баламның жылын күтем”, – деген сөзі тым тосын естіліп еді. Нағашылар тағы бір күн бөгелді. Қамыстың ең қалың түкпіріндегі неше тарау жолбарыс жымына бірнеше жерден аумағы арба дөңгелегіне жуық, ауыр қақпан құрды, қос қулаштай сүйретпе шынжыр ұшына балуан жігіттің екеуі жабылса әрең қозғардай дөңбек ағаш, түбірлі томар байланған. Иісшілдігі шамалы, қадамы ауыр тарғыл патша тап басса, қуатты серпінмен шарт шауып, қапысыз арқандамақ. Атып жығу оп-оңай. Жілігі үзілген, жансыз темірді жын буа шайнап, азу тістеріне дейін сынған, бұрала ашығып, қауқары қайтқан, қарымы қысқа жолбарысты арылдата шапшытып тұрып, шоқпармен ұрып алу да қын емес. Бірақ мұның бәрі – қақпанға түскеннен соңғы іс. Ал оған дейін... қамыс қалың, жым – жұз тарау, қатер мол. “Апыр-ай, – деген Қара-батыр қиналып. – Тым құрса, ел аралап, қайғынды сейілтіп қайтсанышы. Мен білсем, кісі жейтін жалмауыз жер басып, осы Іленің бойында әлі жүр. Қатер аузына қалай тастап кетеміз...“ Шақан шынымен босаған. Нағашының пейіліне. Қазаның қырқын еткізген соң ойланып көрмек болды. Оған дейін де жалғыз қалмақ емес.

Бүгін-ертең Құба-мерген қайтып келмек. Қара-батыр да үйіне барып, шаруасын қамдап, бірер аптада кері оралмақ болды. Одан соңғысы... Оған дейін өте көп уақыт бар. Шақан әлі ес жимаған. Әлі ой тұйығынан шықпаған. Кесімді тоқтамға келмеген. Жоқ, ой да бар, мақсат та бар. Тек... осы қоныста, дәл осы арада шешілмек бір түйін қалған. Содан соң... Оны өмір, тағдыр біледі.

5

Кіндік әке Құба-мерген мен нағашы аға Қара-батыр Іленің иен жағасында, қопалы қамыс ығында қалған тұл үйге бір шамада қайтып оралды. Құба-мерген алғаш қауышқаннан аттанып кеткенге дейін сүлесөқ, мәңгүрт кейіпінен жазбаған, өткенге қайғысы көрінбеген, барға қанағат, ризашылығы танылмаған, менірейген де отырған талайсыз баламен бірге қыстап шығуға, қатерді бірге бөлісуге бекінген. Ал Қара-батыр қазаның қырқын атқарған соң, өз ортасынан опа таппаған бақытсыз жиенін қайтсе де көшіріп әкетпек ниетпен келіп еді. Қаралы қос иесіз болып шықты.

Үстін қалың қар басқан, ақ шатырлы, абажадай төрт қанат қоңыр үйдің біржола адыра қалғаны қу даладан танылған. Төңрегінде шұбыртқан із, қарайған белгі жоқ. Киізі қайырылған, жармасы жұлынған есік қана жер түбінен үнірейіп көрінеді. Бір үйлі жанды тегіс жалмап жұтқан, жана құрбандық тілеп тұрған дию-перінің жеміт өңешті аран аузы сияқты.

Бірі түстіктен, бірі терістіктен шыққан, иен жұрттың сойқанды кебін алыстан танып, ат басын іріккен, көздері көріп, жүректері түршіксе де, күні кеше ғана Саурық, Байзақ батырлармен үзенгілесе атқа мінген Масақ-мергеннің шаңырағы құлап, тұтіні өшкеніне көңілдері сенбеген екеу бірінен бірі сүйеніш іздегендей, қарсы жүрді.

Бауырларына мұз қатып, солықтай танаураган екі ат ауыздығын қарш-күрш шайнайды. Еңселері басылған, қабактары түскен екі кісі әлде шарасыз өкініштен, әлде дәрменсіз реніштен үзенгіге шірене ширығып, тістерін шықырлатады. Батыр мен мерген тұнжырай табысып, тілсіз ұғысқан, сол үнсіз, тілсіз қалпы, оқтын-оқтын ауыр құрсініп қойып, өнімсіз аяңмен қаралы үйге әрең келген.

Көрініс сырттай қараганнан әлдеқайда үрелі болып шықты. Қос жармалы сары есік шотқа шалынып, тоқпаққа түскендей мылжа-мылжа: бетін зерлеген оюлы сүйектері пышырай сынған, ағаш жақтаулар жаңқалана уатылған, топса үзіліп, ілгектер опырылған. Үй іші астан-кестен: ошақ аударылып, қазан төңкерілген, киім, төсек шашылып, текемет, кілемдер үйпалана жапырылған. Есіктен төрге дейін, кей жerde шашырай төгілген, кей жerde ұйыса акқан қан; ыдыс-аяқ, кереге, ши, жер мен төсеніш – тегіс қып-қызыл ала. Адам мен ажал бетпе-бет келген, арпалыса айқасқан ғаламат құрес ізі айқын танылады.

Батыр мен мерген бойларын бекітіп, сыртқа шықты. Ақ қар. Меніреу тыныштық. Тым құрса сауысқан шықылы естілмейді. Дәл іргеден

басталып, үш тарапты тегіс жауып жатқан қалың қамыс бозара сыңсып, мұлғи шытынап тұр. Аласа аспан сұрлана шаңытады.

– Сорлы бала қайтпай қаржысқан екен! – деді Құба-мерген көкірегі қарс айрыла күрсініп.

– Атадан асып тұган ер... қадірін білмедік, – деді Қара-батыр тұнере тұнжырап.

Екеудің құбылаға бет қойып тізерлей отырды да, дұға қайырды. Бар мақамына келтіріп, құран оқыған – Қара-батыр еді, еңсегей бойлы, арық Құба-мерген ұзын сүре аяқталғанша неше бүктеліп, қозғалақтап, үнірейе ызғар төккен есікке қарағыштаپ, әбден берекесі қашқан. “Аллаху-акбар“ айтылып, бет сипалар-сипалмастан атып тұрды да, еңкендең үйге кірді. Абалақтап әлдене іздеді. Текемет, кілем астын, ірге, бұрышты қарады.

– Мылтық қайда? – деді сосын. – Найза мен кісе қайда? Жолбарыс кісі жейді, ағаш пен темірді жемейтін еді ғой... Өлә, – деді сосын. – Шақаның өзінің сырт киімдері де көрінбейді...

– Апыр-ай, – деді Қара-батыр да дағдарып. – Адамда иман қалмады. Ойран болып жатқан үйді тонаған қандай бейбақ!

– Батыр-еке, – деді Құба-мерген өніне қан жүгіріп. – Біз тірі адамға жаназа оқыдық білем... Әлдебір сұғанақ келсе, өзге дүниеге тиіспей ме? Мұнда басқа гәп бар. Меніңше, жиеніңіз жолбарыспен алысқан. Алып жыққан. Содан соң... әлде ауыр, әлде женіл жаралы, әйтпесе, он екі мүшесі бүтін, киімін киіп, жарагын асынған, атқа мінген де елге қарай тартқан... Көрмейсіз бе, қалың қар жауып, бар ізді жасырғанын. Әйтпесе сайрап жатар еді...

– Аузыңа май, – деді Қара-батыр күмәнді үнмен. – Тек... кешелі, бүтін өткен іс емес, бір хабары естілсе керек-ті. Әйткенмен сөзің қисынды. Бірақ жолбарысымыз қайда? Шелекті қан, ойранды топырға қарағанда, өлімсіз тынған кеп емес...

– Терісі сыйырылған жолбарыстың сүйегі, тым құрыса, сүйектен қалған қанқасы таяу жерде жатуға тиіс, – деді Құба-мерген.

Екеудің үй іргесінен бастап, таяу төніректі – жерошақ басын, қамыс қалқасын тегіс тінтіп шықты. Ағайындар мен нағашылар келгенде сойылған малдың қар астында қалған, сыртынан қарға, құзғын шоқыған қан-жынынан басқа белгі көрінбейді. Жіптіктең үміт оңай үзілген. Үй ішін жинастырып, мандайшага қайырылған киіз тұтпаны түсіріп, сыртынан тақтай жарманың жұқанасымен бастырып, үстінен қамыс жауып, үнірейген есікті біржола бекітті. Тұл қалса да адам тұрағы, жайрап жатпауға тиіс. Атқа ауыр отырысып, қырға – бірер шақырым жерде, жатаған төбешік басындағы Ажар келіннің моласына бет түзеген.

Етекке жетіп, аттан түсер-түспесте көрді. Көздеріне сенбеген. Өткен аптада, осыдан он шақты-ақ күн бұрын өздері басына келіп кеткен жалғыз қабірдің қасынан дәл сондай, үстін аппақ қар басқан, бірақ аласа, жатаған жаңа бір үйіншек пайда болыпты...

II таралу

ЖОЛБАРЫС ЖЫМЫ

1

Құмдақ сарғыш топырақты алаңқайларын ұйысқан өлең, түп-түп қияқ, сирек сояулы ши басқан, тілше жапырақтары құм теңізді Сары-есік шөлінен соққан аңызак лебімен бозара қалтыраған, тырбық бой, тікенек бұтақ жынғыл тоғайы тұтаса жиырылып, қамысты алап – неше жылғы қуы сарғая қатып, жаңа өскіні бунақтан-бунақ қуа жарыққа бой созған, асты қорыс, қау, үсті тұяқ батпас тұтас көрінетін, желекті көк боз кілем кейіпті, мұлгіген меніреумен астасар қалың жыныстың қақ ортасында, діні құшақ жетпес жуан, бұтақтары арбақ-сарбақ, неше тарам, жапырақтары қалың, еңсесі биік, андағайлап ай даладан көрінетін жалғыз түп жиде астында жолбарыс жатагы бар еді. Аң патшасының әлденеше әулеті тұқым өсіріп келе жатқан құтты ұя.

Аумағы оншақты қадамдай жайдак жатақтың үсті көлеңке, асты қу шөп, ескі жапырақ. Қабат-қабат, құрғақ әрі жұмсақ. Төңірегі тұйық – қу томар, тікенекті бұта, ұйысқан шырмауық – тышқан жорғалап өте алмас бітеу қабырға. Тек жынғылды тоғай жақта қалыңның астын көктей тескен, жер астынан қазған ін сияқты, тар әрі ұзын үңгіме бар. Сырт дүниемен қатынасар жалғыз жол. Қөздерін жақында ғана ашқан, бастары үлкен, аяқтары добал, құйрықтары қысқа, тықыр қызыл тарғыл жүнді үш шөнжіктің енесі – қабырға жабағысы жартылай ғана түскен, бауыры босан, емшектері салпыңқы қаншыр жолбарыс жаңа ғана осы жолмен өз ұясына оралған. Аузында бел омыртқасын опыра, кесе көлденең тістеген, жоны құдіс, мойны бітеу, өне бойы қылышқұт тұкті тайдай қабан бар. Төрттағандай жылжып, ішектей созылған тар үңгімeden әрен өткізіп еді. Қаншыр осыдан үш қар бұрын күшік өргізгеннен бері бас сұқпаған, бойы тағы да ауырлаған шақта үйреншікті әдетімен қайта оралып, ұяның аумағын кеңейтіп, астын жөндеген соң, тіпті, күшіктең, біржола орныққан соң да тек өзі ғана жүрген қатынас жолы жаңа өскін шығып, бұтақ басып, енсіз, тар, үңірейе қарауытқан, бұрма-бұрма ұзын қуысқа айналған-ды. Осынысы жақсы. Қаншыр жатақта құнұзак отырмайды. Ауга шығады. Ал күшіктерге қатер көп. Бөрі емес. Қарақшы болса да, қауқарын білетін, есті макұлық. Шерінің иісі шыққан жерден айналып өтеді, ал жатақтың маңынан жүрмейді. Қатер – тұлқі, қарсақ сияқты жылпың, мәліш тістілер. Доныз сияқты тоңмойын тұяқтылар. Бірі алып жесе, бірі жарып өлтіреді. Болашақ аң патшасына бәрі кожа. Әзірше. Жаз ортасына дейін. Одан соң... тіршілік жаңа бір арнаға түседі. Қарсақ, тулкіден бойлары озып, анасымен бірге ауға шығады. Күн өткен сайын бұғанасы бекіп, денесі тұлғалана береді, күш үстіне күш қосылады, кешегі дәрменсіз, маубас тарғыл сапак үш-төрт қар басқан соң алып денелі, алапат күшті жыртқышқа айналады. Аң патшасы. Қамыс пен тоғайдың қожасы. Бірақ...

тіршілік оңайға түспейді. Өйткені патшалық – тырнақ пен тісте. Бәрі корқады, бәрі ығады. Бәрі де жек көреді. Бәрі де өздерінің өнімсіз өмір, болмашы тірлігін сактағысы келеді. Жолбарыстың тартып алғаннан басқа амалы қалмайтын. Тынымсыз күреске – өз өмір, өз тірлігі үшін алысуга мәжбүр болған.

Бүгін де сондай алыстың бірін басынан өткерді. Әдеттегідей сәтті шешілді, жеңіспен аяқталды, олжамен тынды. Жатақтан бірер шақырым жерде, тоғай ортасындағы ашық аланқайда шок қамыс түбін қопара актарыстап жатқан, азу тісі ырсышп, жотасы дөңкішп, анда-санда рақаттана қорс етіп жем алған, шиыртпақ құйрығын шолтандатып, сығырайған көздерімен жан-жағына жіті қараған қоңыр қабанды көп торыды. Әуелде жер ыңғайы келмеген, одан соң желдің ығы түспеді, бәрі оңалғанда доңыздың өзі мөлшерден тыс сақтық танытқан. Ақыры, әбден тояттаған қабан жиырыла жер бауырлап жатқан жолбарыстың тұра өзіне қарай жүрген. Бетпе-бет келсе алғызыуы қыын. Әрі жер тар. Әккі жыртқыш арылдай атып тұрған. Қапелімде қатты шошыған доңыз ышқына қорс етіп, құйрығын көтере жалт берді. Есебі түзу жыртқыш серпіле атылған. Бірақ қабанды бел ортадан баса алмады, сәл-пәл жетпей түскен. Төрт аяғын бауырына жиып, екінші мәрте атыла беріп еді, әуелгі үрейі тарқаған, енді қашса басын жоярына көзі жеткен тоңмойын доңыз шыр айналып, қарама-қарсы қарап, төрттағандап тұра қалды. Қабанның езуін айыра сорайған аппақ азуына іреле түсуге шақ қалған жолбарыс арылдай айбаттанып, жалы тұксиген, көздері шытынай тесіп, құйрығы тынымсыз шолтандаган тайдай қабанды шырқ айналды. Қайда барса да алдынан күржиген мойын, өткір тұмсық, сойдақ азу қарсылған. Аздан соң доңыздың өзі шабуылға шықты. Ентіге қорсылдап, тапырактай айбаттанып тұрады да, дүрк ұмтылады. Шегініп барып, қайтадан сестенеді. Алғызар түрі көрінбейді. Мұндайда өнімсіз андысты қойып, басқа жерден басқа бір нәпака іздеген тиімді. Бірақ жолбарыс аш еді. Соңғы екі күн бойы ештеңе ілінбеген. Кейінгі екі күн ғана емес, ілкідегі бес-алты апта бойы – іші бауыры тартыла, сүйек-сүйегі шытынай, жаны ышқына ыңыранып, үлкендігі мысықтай ғана, шибиген арық, едірейген үлкен, актаңдақ қара құлакты добал бас, тіссіз қызыл иек, санылаусыз жұмық көз, бірінен бірі әдемі үш шөнжік тапқаннан соңғы кундерде әбден арып-аршыған. Ұяның дәл іргесінен аң аулауга болмайды, тым алыс шығу – бөпелер үшін қатерлі. Оның үстіне, дәл биыл қыс қатты, қар қалың болып еді, шошқа азайып, қарақұйрық ауып кеткендей. Қоян мен тұлкі де, құр мен қырғауыл да жылдағыдан кем. Әйтеуір сәтті ау сирек. Әлде қимыл бұрынғыдай емес, қартая бастады ма... Құрсағы қызыл етке толмаған, бойындағы бар сөлін бауырындағы күшіктер сорып алғып жатқан, әбден арықтаған қаншыр бүгін айрықша ашулы еді. Қайраты мол, ақылы келте қабан да қаһарына мінген сияқты. Шегіне қорғанып, қалыңға сіңіп кету орнына шерімен күш таластырып тұрып алды. Сонысы тубіне жеткен. Жолбарыс шыр көбелек айналып, оңнан, солдан құйындағы соғып, екпіндей шабуылдады. Ақыры денесі бітеу, епетейсіз қабан еркін айнала алмай қалған бір мәурітте жолбарыстың қарыс қайшылы азуы бөксені

енсерे қаржып өткен. Жатаған құйымшактан сүмектей аққан қан жыртқыштың тәбетін ашып, қайратын арттыра түсті. Көп ұзамай төрт аяқтай секіріп, донызды шөке түсірген. Әуелі жуан желкесін қып, содан соң қалың май астындағы қабыргасын қақырата талқандап, кердең қабанды біржола тыныштандырды. Өзі де ентігін баса алмай бірталай жатқан. Әлі құрып шаршапты, ең қыны – қatalап өліп барады. Бірақ су алыс еді. Оның үстіне ұядан таң бозында шыққан, шөнжіктер аш, әрі қарауылсыз жатқанына көп болды. Алдымен қабанды жатаққа жеткізіп тастау керек.

Дөнкиген донызды көлденеңінен, қapsыра тістеп, ұя аузына қажымай жеткізіп еді – қалың жыңғыл, бытысқан шенгел, мия мен шошқатікен арасындағы үңгіме жол мүлде титықтатты. Әйтеуір бәрі аман. Бәрі орнында.

Жиде түбіндегі, ұнталған ұйысқан жапырақты, шөпті қалың төсеніш үстінде біріне-бірі иек сүйей, бұратыла мұлгіп жатқан үш шөнжік енелері келмек қуыстан бітеу, қап-қара пәле көрінгенде бастарын оқыс көтеріп, біріне-бірі тығылыша, қалт тынған. Ізінше енелерінің тарғыл төбесі, одан соң керіле аттаған төрт аяғы көрінгенде ырсылдай масаттанып, атып тұрысты. Енелері мойнын кегжите, қаржи көтерген қара пәлесін сылқ еткізіп тастай салды да, етпетінен жата кетті. Арсаландаі жүгірген шөнжіктер енесінің баурын тұмсықтай бастаған. Қаншыр амалсыз орнынан тұрды, теңкіоп жатқан қабанды желкесінен сүйреп, жатақтың бір жақ бүйіріне шығарды. Шөнжіктердің ештенеде шаруасы жоқ, енесінің аяғының астында, дымқыл тұмсықтарымен қатар-қатар салбыраған емшектердің бірінен соң бірін тұрткілейді. Бойлары жетпей, ауызға түсіре алмай жүр. Жолбарыс қабанды жаралы бүйіріне аударды да, ұйыса қатқан қанды жалады. Тышқан алған мысықша рақаттана быр етіп, шөнжіктеріне қарады да, ұзын, қып-қызыл тілімен тағы жалады. Басқа бір астан дәм татуға, табиғат еншілеген сыйбаға бет бұруға шақырғаны. Шөнжіктердің алдымен туған үлкені, әрі ең ширағы енесінің айтпағын басқадан бұрын түсінген. Алдыңғы екі аяғымен қабанның кеудесін баса көтерілді де, ақ май, қызыл ет аралас жаралы қабырганы жалап көрді. Ұнамаса керек, қайтара татпады. Екінші шөнжік ііскеген де қойған. Ал үшіншісі әлі де емшектен дәмелі, әбден ызланып, пырылдай ентігіп, төрт аяқтың арасына ерлісі-қарсылы соғылып жүр. Бір сәт бойы иіген қаншыр күшіктерінің кешеден бері аш екенін жаңа ғана түсінгендей, жиде түбіне қарай еріне аттады да, бауырын созып, бір бүйіріне жата кетті. Шөнжіктер ысылдай, пысылдай жарысып, ку шандырды аяусыз созғылауға кіріскен.

Аш күшіктеріне амалсыз тоқтаған, іші-бауыры ауырлап, ең жаманы – өңеші құрғап, тілі кеүіп, қаталаған жолбарыс аса жайсыз қүй кешіп еді. Бар медет – таяудағы үш күнге жетер мол азық бар. Шөнжіктер де сүтке тоймақ. Әрі қан иісіне үйрене бастайды. Енді бірер аптадан кейін – келесі сәтті олжа үстінде жас етті жұлмалап ойнап, тәтті сөлден дәм алады, тағы үш-төрт сәтті аудан соң аз-аздал жеуге де үйренеді. Көп ұзамай емшектен шығып, таза етке көшеді. Бірақ туған ұядан жерімейді. Үйіне тольп,

бұғанасы бекуі қажет. Сонда ғана жаңа өмір басталмақ. Шөнжіктер қайда барса да енесінен қалмайды, күн озған сайын зорайып, тұлғалана түседі. Аңшылыққа, әдіс-айлаға жетігеді, өмір сүру тәсілдеріне машығады. Ақыры, өздері де тайдай тарғыл шеріге айналған шақта туған анадан, бірге өскен бауырлардан ажырап, өз тірлігін ғана құйттеген, жеке жортар жыртқыш кебін таппақ.

Кәрі қаншыр өзі есебін білмейтін, нешеме қар басқан ұзақ ғұмырында әлденеше рет ұя баурады. Қақаған аязда күшікте, бар шөнжігі аштық пен сұықтан қатып қалғаны бар. Жазғы аптапта күшікте, бар шөнжігін шибөрі мен тұлқі жем қылғаны бар. Көктемгі жылымықта да, күзгі қара сұықта да басы түгел болған емес. Төрт шөнжіктен біреу, үш шөнжіктен екеу қалады. Оның өзі өсіп, өне келе әр түрлі пәлеге, көлденең кеселге ұшырайтын. Тек биыл ғана бауырындағы үшеу шетінемей, аман-есен бой көтеріп келеді.

Талай майданды басынан өткерген кәрі қаншырдың өзі де дәл осылай өскен. Бәрі емескі, бәрі бұлдыр. Алыс. Сол алыста қалған, күңгірт көп суреттің ішінде айқын таңбаланған, ешқашан ұмытылmas бір көрініс бар. Туған, өскен жері биік еді. Дәл іргеде сұрғылт шудалы ақбас тау. Төнірек тегіс қалың ағаш, сылдыраған су. Қыста қалың қарлы жұмсақ аяз, жазда тамылжыған ашық күнді қоңыр самал. Аң жыртылып айрылады. Бірақ кәрі қаншыр, – ол кезде, әрине, сүйкімді шөнжік, – созыла сомданып, енесімен бой таластырған жылы бұлар мекендеген ангарды қорқынышты қос аяқтылар басып алды. Шөнжік, кейде қалтиып өздері жүретін, кейде көнпіс, төрт аяқты, әлдебір макұлыққа мініп алып, ой, қыр, орман, тоғай демей, шарқ ұратын тынымсыз құбыжықты бұрын да білетін. Алыстан бой созып та, жақыннан баспалап та көрген. Енесі буын-буыны қалтырап, арқа жүні дірілдей қоркушы еді. Алыстан қарасы шалынса, тайқып кетуге, қапелімде таяу жерден ұшырасып қалса, дыбыссыз, қимылсыз, үрейлі кейіпте қамыс, қогамен, бұта, талмен астаса бой жасырып, қайткенде де көзге түспеуге тырысатын. Енді міне, осы қорқынышты қос аяқтылар дәл іргеден шықты. Қарсы беткейдегі аз-маз ғана тайқы, түгі тузырылған тепсөнге жапырлата, дөңгелек, аппақ бірденцелер орнатты. Ұялары еken. Иісі бой тітіретер аңы түтін салып, қызыл тілі қу даладан үрей туғызар, лаулай жаландаған сансыз от жақты. Онды, солды қапыла қозғалысып, шулап, дабырлап, тау арасын, кең аңғарды азан-қазан етіп жіберді. Қаншама мал жығылып, төнірек қан сасыды. Қос аяқтылардың өзгеше жат, үрейлі лебімен жарыса, майда, сүйкімді, тәтті тағы қаншама иіс жеткен. Шөнжік әуелде қорықса да, бойы үйрене келе, жақынырак барып көруге құмартып еді. Енесі артына қарайлатпады. Екеуі түн жамыла жортып, ойға түсті. Ал ойда сау тамтық жок, қос аяқтылардың мекен-жайынан, ізінен, сайман, мұлкінен, әйтеуір бір белгісінен бос жер көрінбейді. Екеуі таудан тарамдана басталып, төмендеген сайын ұлғая берген, асыға, сарқырай аққан өзенді құлдай жортқан еді. Ұшан сұлы кең дарияға жетіп бір-ақ тоқтады. Қамысы мол, тоғайы қалың, аңға бай. Қауіп-катері де аз сияқты. Бірақ ең ұлкен сор – араның ашқан ажал осы арада күтіп тұр еken. Жаңа қонысқа бой үйренген, орныға бастаған

алғашқы қыстың қапалактаған, аязды, тымық түні болатын. Ауға шыққан. Бітік қамыс арасындағы көне жолбарыс жолмен сыйбырсыз, женіл басып келе жатқан. Енесі алда. Бұл көбік қар үстіне бадырая түскен үлкен іздерді нақпа-нақ, толтыра басып, артта келе жатқан. Өзінің өсіп, жеткенін, құш-қайраты кемелденгенін айқын сезінген, үлкен айқасқа асыққан кейіпте, сабырсыз қымылмен ентелей түседі. Кенет түн тыныштығын қақ жара әлдене сарт етті. Енесі өкіре тулап, көкке атылған. Ышқына ақырып, әлденені шақырлата шайнаған. Жер тырналап, өзімен-өзі жағаласып, қамысты жапыра ойран-топыр салған. Жас жолбарыс әуелде шошына жалт бергенмен, ытыра қашпай, анадайға барып, состиып тұрып қалып еді, ұзамай қайтып келді. Енесі өкіре ышқынып өзінің алдыңғы аяғын шайнап жатыр. Сонда ғана сүмдық қайдан келгенін аңдап еді. Алдыңғы аяққа жіліншіктің қақ ортасынан бір пәле жабысыпты. Енесінің қашырлата қан шашып шайнап жатқаны – сол, жуандығы өзінің құйрығындей, дөңгелене шырылған, екі шетінде жалпақ қос құлағы бар, әлденеге тіркелген, әлденеге байланған жансыз жау екен. Енесі мойнын қайыра көкке қарап, іші тартыла акырды да, көзі түнекті тесе жарқ етіп, бір сәт солықтай тыншыды. Бұған қарап, жарасын ауырсына өксіген. Жас жолбарыс енесінің қан саулаған аяғын жалады. Сол кезде шын түршігіп еді: алдыңғы сирақты қос қабаттай сығымдап, берік қапқан имек пәледен қос аяқтының иісі шығады!.. Қарыса қатқан пәле, енесі қанша қаржыса да, майып болмады. Сүйретіп кетуге төрт тараптан бірдей бекітілген, ұшы сом қазықтарға байланған жуан шынжырлар ерік бермеді. Бейшара анасы алыспен, арпалыспен таңды әрен атырып еді. Күн шығар-шықпастан дүниедегі бар сүмдықтың ұйтқысы, ереуілдей атқа мінген қос аяқтылар да келіп жетті. Жас жолбарыс жан сауғалай қашқан. Аяғы шырмалып, қарымы қысқарған анасының ең соңғы майдан үстіндегі, қорқыныштан, жалыныштан ада, айбарлы үні мәңгі-бақи құлағында қалды. Кешіне жүрек тоқтатып, пәлекетті жерге қайта оралған. Неше айналып, тың тындалап, баспалап, әрен келіп еді. Күндізгіден де кеңе耶 түскен опыр-топыр аланда кей жерде шашырай, кей жерде ұйи төгілген, енді бір жерде молынан ақкан қара қаннан басқа белгі қалмапты. Сынған қамыс ұшына жабысқан бір шоқ жүннен енесінің өзгеше иісін таныған жас жолбарыс ажал алаңынан өкіре қашты.

Өзенді құлдан иенге бет түзеді. Қалың нуды басты, сынсыған қамыстардан өтті, тоқтаусыз жүре берді.

Әуелде жалғызырыған. Бірақ өзі текстстермен кездесу – онша үлкен қуаныш емес екен. Ашыққан. Алайда, табигат сыйы – тырнақ пен тіс, еп пен айла, ең бастысы – енесінен үйреніп үлгерген азды-көпті тәжірибе өзегін талдырмаған. Қырғауыл мен қоян қалың. Iрі, қайратты, эйтсе де өзінен әлсіз аңдар да көп. Бірде үйірлі шошқаның қорығынан шыққан. Әуелі тарпа басып мегежінін алды. Екі күн армансыз жеп, әбден тойынды. Ізінше таяу төңіректі тіміскілей сүзіп, арқалары қоңыр жолақ жеті-сегіз торайды кезекпе кезек, түгел аузына түсірген. Содан соң-ак машиқты аңшыға айналды.

Жаландап жалғыз жортқан. Қамыс пен тоғай сырына, әрқиңи андар мінезіне, үлкен тіршілік занына қаныққан. Қыраулы күзде сүйкімді серік тапты. Астыңғы бір азыу сынық, сары тарғыл, зау арлан еді. Екі аптадай тынымсыз ойын салған. Қыс бойы бірге жүрді. Жылымық түспей онай айрылысқан. Қаншыр қопалы ну ішінде алғаш рет бауырынан иіді.

Жем мол еді. Тіршілік женіл еді. Тек... баяғы салқын ауа, сылдыр бұлак, өзі бауыр көтерген көк алқап есінен кетпей-ақ қойғаны. Аңсары ауды да тұрды. Ақыры, екі шөнжігі де сонынан еруге жараған шақта ескі мекеніне тартты. Кесапаты мол қос аяқтылар кеткен болуға тиіс. Кетпесе де өркеш-өркеш сенгір таудың етегін түгел жауып, әр ағаш түбінде біреуден қарауылдан тұрмаған шығар. Ақбас тау қайда, көкжасыл қолат қайда, өзен бойындағы, баяғы енесі қазага ұшыраған тұсқа да жетпеген. Тапа-тал түстеге сүргінге ұшырады. Екі шөнжігінен қатар айрылып, соқа басы әрен құтылған.

Үрей буып, елес қудалаған қаншыр өзінің үйреніп қалған жана мекеніне қайтып оралды. Біржола орнықты. Тек бауыр жазып, еркін бастыға алмай-ақ қойды. Қыста шақылдаған аяз. Жазда аңызақ ыссы. Аязға үйренгенмен, ыстыққа шыдамайды. Бір жақсысы, сарғыш суы иіріле аққан үлкен өзен дәл іргесінде. Қаншыр айрықша ыстық күндері суға түскенді жақсы көруші еді. Су бетінде тұмсығы ғана көрініп, қаптал шомады. Арғы бетке өтіп, қайнап тұрған құмға созылып жата кетеді. Суға қайта түсіп, ағынға қарсы жүзеді. Бойы сергіп, күші тасқындан шығады, дүр сілкініп, ойнақтай секіріп аз-кем тұрады да, созыла басып ауга аттанады. Бірақ салқын сулы өзен артта қалған, ал қайнай өртенген күн қайда барса да төбенде – көлеңкелі, саялы жердің өзі бүк, ыссы. Жолбарыс қамысты шарлайды, тогайды тінтеді, шығандап құмға да кетеді. Тәтті еттен тарыққан емес. Ыстық қаннан тұмсығы ажырамаған. Бірақ кенірдектей тойған, алансыз, қамсыз жатқан сергек күндердің өзінде көкейінде бір түйткіл болатын, ішінде әлденендей олқы қуыс тұратын, көз алдына үзік-үзік, буалдыр сурет келетін. Ол – занғар тау етегіндегі орманды, самалды көк белес еді, ол – көз ашып, бауыр көтерген, тіршілік кебін алғаш түйсінген тұган жерге сағыныш еді.

Аштықтан дымы құрып, шөлден ындыны кепкен кәрі қаншыр, салақтап бос жатқан ку шандырды езгілеп, іші-қарын суыра созылаған, тұмсығы жұмсак, демі жылы үш шөнжігі, әлде көңіл жұбатар бірдене тапты ма, әлде ештеңе шықпасын андады ма, емшектен ажырап, әдепкі ойынға кіріскенде, бүтінгі ау сәтті аяқталғанмен, біржола титығын құртқанын, бұдан былай қара күш, ұзақ күрестен гөрі еп пен айлаға көбірек жүгінуі қажетін түйсінді. Бұл кезде шөнжіктер енесінің үстіне шығып алып еді. Бірі арқасына асыла мінсе, екіншісі құлағын тістелейді. Үшіншісі тұмсығын жалап, күнделідей ойынға шақырады. Қаншыр тұра коймаған соң шөнжіктер сұлық созылған ұзын, шұбар құйрыққа жармасты. Бірі ұшынан тістеп, шірене созды, екіншісі бел ортасынан алып, бір бүйірге сүйреді, содан соң кім жеңсе, сол жұлып әкететіндей-ақ, әрқайсысы өз жағына тартып таласа бастады. Ақыры ентіге бырсылдан, өзара алысып кетті. Тістерін батырмай созыласып, кезектесе аударысып, үшегі үш жақ

болып күрескен ойын да ұзаққа созылмаған. Ақ таңдақ қара құлақты кенже шөнжік аяқ астынан әлдебір қу сүйекті ала қашып еді, дөңгелене жүгірген, жеткен, ұстаған жерде аз-маз алысып, қайтадан айқыш-ұйқыш шапқылаған қуыспақ басталып кетті. Бірінен бірі сұлу үш шөнжіктің қамсыз ойынына қарап көnlі өскен, жатақтың бір жақ шетінде азу тісі ырсишп, бүйірі қызыл қанға малшынған, теңкіе жығылған қоңыр қабанға көзі түскенде мұлде тоғайған кәрі қаншыр су ішіп келмек болып, орнынан қозғалақтай беріп еді. Кеудесін тіктегенмен, бауырына аяғын жиып, бекесесін көтеріп ұлгерген жоқ, дір етіп, қайта шөкті. Тарғыл белдеулі ұзын құйрық өзінен өзі ширатылып, жер сабады. Арқа жұн тікірейіп, желке құдістеніп, іш тартылған да, сойдақ азу арасынан, бүрлене толқынған қемейден айбатты арыл шыққан. Қосаяқ!

Бұл – жолбарыс туысты, өзгеше Қосаяқ еді. Усті басы түгел сары тарғыл. Тіпті, төбесіне дейін шұбар түк. Жатаққа қатынар жалғыз жол – үңгіме ішімен тоңқандап жылжып келеді. Жолбарыстан аумайды. Тек беті ғана басқа. Беті емес, жарқырай ұшқын атқан сәулесі өнменнен өтіп, ту құйрыққа, төрт аяқтың мүйізгек табаны мен шенгелі тастай төрт бақайына дейін көктей шанышқан ғаламат көзі. Төрттағандай жылжыған жана алғыш пәлекеттің алдыңғы, оң аяғында жүзі сүиқ, ұзын қара таяғы бар. Қосаяқ үңгіме аузына екі қабан бойындан жер қалғанда етпеттеп жата кетті. Сүйретіп келе жатқан, түбі шомбал, ұзын таяқ алға созылды. Сол сәтінде жарқ етіп от жағылған. Күнірсіген, жіптіктең ғана от. Жалынды өрттен де қорқынышты.

Жолбарыс мысықтабандап шегіне бере, бауырына аяғын жиды. Жалғыз-ақ секірім жер. Бар бөгет – үңгімені қаптай жапқан қалың бұта. Бірақ серпіле қарғып, бар екпін, қуатымен төбеден түссе, Қосаяққа қорғаныш бола алмайды. Жолбарыс жер бауырлай созылып, өткір құйрығымен өзін өзі қос бүйірден кезек қамшылады да, ышқына ар етіп, бар күшімен жиырыла берген.

Дәл осы сәтте аспан қақырай күн күркіреді. Қара жер қарс айрылып, ортада үнірекен қара құрдым пайда болды. Аяқ астындағы тиянағы гайып болған жолбарыс терең құз түбіне құлдырай жығылған. Жерге түскенін, бар сүйегі уатылып, борша-боршасы шыққанын сезген жоқ. Бірақ құлаш қуыс темірден тұтанған жай оты мың батпан салмақпен кәрі қаншырды қақ маңдайдан ұрған еді. Жыртқыштың тұяқ серпуге де шамасы келмеген.

Қырқылған бұтадай үнсіз, дыбыссыз сылқ түсті. Сәулелі дүние мен меніреу түнек арасындағы меже – жарқ еткен жалғыз-ақ сыйық екен.

Қосаяқ қарқылдалап күлді. Еңбектей жылжып үңгімеден шықты. Қара мылтықтың буалдыр түтін сыздықтаған, оқ-дәрі іісі мүңкіген аузынан сүйді де, керіле бой жаза беріп тағы күлді. Айғыз-айғыз, бұртік-бұртік жаракат басқан беті быржия қатпарланып, күн күйдіріп, жел қақан қоңыр

өңі сүйк ызбар шашып, дүниеде жок, ерекше тұрпат, қаһарлы маклұқат кейіпке түскен. Құліп емес, айбат төге арылдап тұргандай.

Арыл кулкі қалт тынды. Қосаяқ серпіле атылуға ынғайлана берген қалпы шөкелей жығылған жолбарыска да, әуелде не болып кеткенін андамай, үрпие үдірейген, енелері етпеттей құлап, көк түтін тараған соң, күн сайын өздеріне тек қуаныш қана әкелетін, беймәлім сырлы үңгіме қуыстан әлдебір қорқынышты жау шығып, алдыңғы екі аяғын көкке көтеріп, бауырын жаза шаншылып тұрып арылдай айбаттанғанда домалана сүрініп тұра қашқан, бой жасырар пана таппай, жиденің жуан дінін қалқалаған, тарпа басар қатер белгісі танылмаған соң, қылт-қылт сығалай бастаған шөнжіктерге де назар аудармады. Алдымен қу бұтак жинап, ағаш сындырып, сыртқа шығар жалғыз жол – үңгіме аузын бітеді, сыртынан иықтан сыпырған жолбарыс жақысын жауып, үстінен ауыр мылтықпен бастырып қойды. Басынан мол пішімді жолбарыс далбайын алып, самайдан, мойыннан сорғалаған терін ысқылай сүртінді. Жолбарыс жатағына тән, көңіліне соншалық байсал берген, қолқа қабар, күлімсі ауамен кеудесін кере дем алып, аз бөгелді. Содан соң білегін сыбаныш жіберіп, шөнжіктерге қарай қадам басты.

Ұшеуі үш жаққа тым-тырақай қашқан. Бірақ жер өлшеулі. Жан-жағы берік, үй орнындағанда дөңгелек аланқайды айнала жүгіргеннен басқа шара жоқ. Кенже шөнжік оп-оңай тұтылды. Қалған екеуі жан-дәрмен жидеге өрмелеп шығып кеткен. Екеуі екі жакта, жуан, әрі биік бұтакта тырмыса күжірейіп отыр. Тіпті оңай болды. Ағашқа мысықша өрмелеген Қосаяқ желкелерінен қыса ұстап, тырнамақ болып аяқтарын тарбитқанына, қызыл иектен жаңа ғана қылтиған кішкене азуларымен тістемек болып, аузын аша тыптырағанына қарамастан, екі шөнжікті бірінен соң бірін жерге түсірді. Ұялас ұшеуін мойындарынан күрмей іліп, катарластыра көгендереп, жиде түбіне байлады. Бір бұрышта теңкіе созылып жатқан қоңыр қабанға қарап, тыжырына жерге түкірді де, беліндегі қыннан қайқы бас, өткір кездігін суырып, өлі жолбарыстың қасына келді. Екі көз ортасынан тиген, тайқи ұрған ауыр қорғасын оқ төбе сүйекті қақ айырып, көгілжім сүрғылт мыйды қызыл күрең қан араластыра ірей талқандап өткен екен. Бір жақ шекеден жылыстай аққан қан әлі тыйылмапты. Қосаяқ тізерлей отыра қалып, жылы қанға сұқ саусағын батырды да, тілімен жалады. Тамсана жұтынып, тағы батырды. Тағы да ракаттана жаланды. Осы ретпен жолбарыс қанынан жеті мәрте дәм татқан.

Женісті жекпе-жектен кейін жау қанын ішетін көне рәсімді атқарған соң Қосаяқ былқ-сылқ жатқан өлі жолбарыстың зілмауыр денесін шалқалата аударып, екі қабырғадан екі томаршамен орнықтырды да, табанынан іріп, терісін соя бастады. Машықты жұмысы болса керек, түндіктей теріні әп-сәтте-ақ сипырып тастаған. Жаңа, жұмысқа кірісер алдында белінен шешіп, ағаш бұтағына іле салған кісесінен аузын түйе байлаған дорба алды. Іші толы тұз екен. Теріні қаудыр жапырақ үстіне кере жайды да, үстіне тұз септі. Уқалап, барлық жеріне бірдей езе таратқан. Қапырық күн әсеріне қарсы алғашқы амал.

Олжасын ыңғайлап біткен соң, енді не істесем екен дегендей, үймежүйме тығылсып, үрпіп отырған, мысықтан сәл ғана қалқынқы, бірақ мойны жуан, кеудесі зор, омырауы салқы, аяқтары сом, тықыр, тығыз тұкті қызыл тарғыл шөнжіктерге қараған. Не білді, не сезді? Көрді, андады. Өте дұрыс. Енесі алып келсе ғой, дәл өздеріндегі адам баласын – кішкентай сәбиді қабырғасын қаусата шайнап, рақаттанып тұрып жер еді. Дәл қазір жей алмас, енді бірер айдан соң құныға бас қояры анық. Өскен соң... Өскен соң өзі-ақ аттанады. Енді үш-төрт жылдан кейін қалың тоғай ішінде, ну қамыс арасында, кез келген жерде бетпе-бет кездессінші... кімнің өліп, кімнің қалары белгісіз. Аңшылық атаулы бүгінгідей сәтті аяқтала бермейді.

Жолбарыс аңшысы ұйып қалған аяғын жазып, еріншек қимылмен, қыл шылбырға көгендеулі тұрған шөнжіктерге жақыннады. Дәл алдарына келіп жүрелей отырды. Ешқайсысы ықпады. Қимылсыз күйде қалттынған. Аңшы ышқына ыржиып, итше ырылдап еді. Қорықпады. Қол созып, шеткі, ең кішкентайын ала берген. Құртақандай қызыл тарғыл шөнжік лып етіп алдыңғы оң аяғымен салып қалды да, ызалана ырылдап, білектен қарпыды. Күш аз, тіс тұқыл. Аңшының қолы ауырған да, қанаған да жоқ. Бірақ ішін тарта таңырқаған. “Шөнжік деп қомсынба, мысық емес – жолбарыс“. Жолбарыс. Жолбарыс болғандықтан да... Аңшы шөнжікті желкесінен қысып тұрып, көгеннен босатып алды. Тарғыл күшік қайтадан дәрменсіз, сәби кепке түскен. Сәби... Кенет Қосаяқтың кеудесінен өксіген айқай шықты. Тырбандалап тұрған шөнжікті шолақ құйрығымен қоса, артқы екі сирақтан ұстады да, керіле құлаштап, жерге соқты. Қолы-басы дірілдей, құтыра қымылдап, қалған екі шөнжікті де шешіп алды. Екеуін екі қолымен шиыра сілтеп, жиденің жуан дініне ұрды. Жасына жетпей жау қолына түскен, бір салғанда-ақ бастары айрылып, омыртқалары үзіліп, қабырғалары қаусаған жолбарыс балалары шиқ етіп дыбыс шығаруға да шамалары келмей, демдері үзілген.

3

Мейірімсіз Қосаяқ – Шақан еді. Елден аулақтап, иенге шыққалы, аптап жазда жастыққа басы тимей, тоғай тінтіп, қамыс сүзіп, құм кешіп, қақаған қыста қар астына түнеп, мұз үстіне от жағып, тынымсыз із кескелі, бөріше бой түзеп, жолбарысша жалғыз жортқалы қаншама заман. Күн, ай есебін білмейді, жыл санамайды. Тәңірінің төрт мезгілі онсыз да алмасып жатыр. Күн мен түн тынымсыз кезектеседі. Бәрі де адам еркінен тыс. Бұл шығады – жаңбыр, із қар жауады. Жел тұрады – дауыл, із боран соғады. Тоқтата алмайсың. Ендеше, құмырсқа, жолынды біл.

Шақан өз жолын білетін. Қапшағайдан Құйғанға дейін Іленің екі жағасын, Топар, Қара өзек, Жиделі аталатын үлкенді-кішілі тарамдарын тегіс сүзіп шықты. Аумағы айшылық Кекше теңізді қыс, жаз демей, барлық түбек, қойнауын тазарта тінтіп, екі мәрте айналып өтті. Әлі талай сұзбек, талай айналмақ. Өйткені Шақанның өз есебі бар еді. Ай, күн есебі емес. Мал, жан есебі емес. Жолбарыс есебі.

Балқаштың сыртында – Арқа бетте бес-алтау. Шығыста – Алакөл атырабында, Лепсі, Ақсу өзендерінің етегінде оншакты. Берірек – Қаратал аңғарында екі-үшеу. Қайда барсаң сыңсыған қазақ, қаптаған жылқы мен қой. Жолбарыс түгілі бөрі бой тасалар жер қалмағандай. Тек Іленің етегі ғана. Қоныстан тыңқары емес. Бірақ тоғайы бітік, қамысы тұтас. Әрі жазға қарай, ел қан жайлау – салқын самалды Қекжотаға шығып кеткенде мүлде иен қалады. Сондықтан да көп. Әлде қырық, елу. Әлде жетпіс, сексен. Жүзден асып кетуі де мүмкін. Көп. Бірақ сансыз емес. Сансыз болған. Ел өскен сайын азая берген. Енді міне. Көп болса жұз.

Бұл – тірі жолбарыстың есебі. Өлі жолбарыс – ата-бабасы нешеме ықылым заманнан бері соғып алған тарғыл тағы емес, тек өзі – осы жолға түскеннен бері өзі ғана аулап, терісін сыйырған жолбарыс саны нақты – осымен отыз бес. Үлкенді-кішілі шөнжіктерімен қосып санаса екі есе.

Отыз бес. Өзі тілеп отыз бес мәрте ажалмен беттесіпті. Отыз бесінде де жеңіп шығыпты. Ойлап тұрса, ең оңайы, ең олжалысы – бүгінгі айқас екен. Истің сәті ғана емес, жігіттің еп, қайраты, әдіс, айласы шешкен. Бірақ жүйкем тітіркенбеді, кеүлім қобалжымады деп айта алмас еді. Тітіренген, қобалжыған. Жолбарыстың ізін көргенде дір етпес жүрек жоқ. Шерінің қылпуын шалғанда лоблыимас дәт жоқ. Ал бетпе-бет келгенде... темір өзек, қорғасын табан керек. Ізденіп, тіленіп жүрсөң де.

Бұл жолы да солай болған. Кәрі қаншырды өзеннің арғы бетінен көріп еді. Бірнеше күн із кесіп, ештеңе іліндірмеген. Із бар, жана із. Тоғайдағы саздауыт көгалдан көреді, жағадағы қыыршық құмнан көреді. Тіпті, қамыс арасынан екі-үш күн қатарынан желініп, төрт бақайы ғана қалған мегежіннің қан-жынды қалдығын тапқан. Қаптаған із. Бірақ өзі жоқ. Із ойламаған жерден шығады, күтпеген жерден үзіледі. Ақыры тапты.

Аспандағы күн дөңгелене зорайып, балқи ұшқындаған қызыл сары шоқ темірге айналған. Қамыс іші қою ұйыған қапырық ауа. Тоғайдың өзінде кең тыныс жоқ. Шақан талды, жайпақ жағаға тыр жалаңаш шешініп, бұл тұста ағысы баяу, беті тымық Іленің сұына шомды. Малтуы шамалы болғандықтан, айдынға шықпай, жиектей жалдап, ағынға қарсы жүзген. Бойын сергіткен салқын суды қызықтап, шешінген жерінен әжептәуір ұзап кетіпті. Сол кезде көрді. Әуелде қарсы беттен сары ала көленке селбен еткендей еді, ізінше үлкен балықтың шоршып құлағанындаидай, бірақ одан әлдеқайда зор дыбыс естілді. Үлкен суда кісі жұтатын жайын болады десетін. Бойы сескенген Шақан суга төнген тал бұтағынан ұстап, жағаға шықты. Шыққан бетте ішегін тарта таңырқаған. Тура қарсыда, өзеннің қақ ортасында суды сүзе айырып, әлденедей наһан балық жүзіп келеді. Қалтқыша қылтиған тұмсығынан ұшқіл бұрышты толқын тараپ, бүкіл денесі су астында найқала малтыған – балық емес, жолбарыс екенін Шақан келер сәтте ғана андалды. Жүргі зырқ етіп, табанына түскен. Қару алыста. Шыға қашуға жар жағасы бітік. Тіпті, ойланар уақыт қалмаган. Жолбарыс тұпа-турға жүзген беті өзеннің ортасынан аса берді де, өрге қарай, бір қырын салды. Кісіні көрмепті. Бірақ кез келген сәтте көруі мүмкін. Шақан қалың бұта арасына тығыла түскен. Жолбарыс иманын айтып, дәтін әрең бекіткен Шақаннан он шақты қадамдай ғана жерден,

түктері ағынмен толқына құбылып, әсем жүзіп өтті де, қалт бұрылып жағаға бетtedі. Тұмсығы тықыр, тарғылы қалың, зор денелі жолбарыс шылбыр бойы ғана шамада, өзенге көлденендей жығылған ағаш сыртында судан салп етіп атқып шықты. Дөкір үнді алып мысықша бырс етті де, дүр сілкінді. Жолбарыстың үстінен шашыраған су тамшыларының жапыраққа сіркіреген дыбысына дейін естілген. Шақан демін ішіне тартып, бүрісе түсті. Бірақ өзінен бес-ақ қадам жерде ата жауы отырғанын андамаған жолбарыс оны көп қинамаған. Тағы бір сілкініп, керіле есінеді де, қалт тынды. Төбе қүйқасы шымырлаған Шақан ақыра тұруға шак қалды. Бірақ келер сәтте әріректен бұтаға бұта соғылғандай әлсіз дыбыс естілген. Тағы да өлі тыныштық. Шақан қимылсыз, тілсіз қалыпта көп отырды. Көлеңкеше қозғалатын, қандай қалында да сыйбырсыз, тысырсыз жүретін жолбарыстың бұл арадан алыста екенін толық түйсінгендемен, сақтықтан зиян жоқ. Ақыры су кешіп, мылтығына әрең жетті. Жар басынан андып отырып, кешке қарай жолбарыстың қарсы бетке қайта жүзіп өткенін көрді. Білте тұтатып, су ішінде алақандай ғана тұмсықтан, жағаға шыққан соң қақпақтай қос жаурыннан нысанага іліндірген, бірақ шүріппені баспады, мұлт кетермін, тигізсем де жалпасынан түсірмеспін, шошытып алармын деп қауіптенген. Ертеңіне тосқауыл жасады. Мылтығын құрып қойып, екі-үш күн күтті. Ақыры бұл – арлан емес, қаншыр екеніне, арғы бетте шөнжік толы ұясы барына көзі жеткен соң, сал буып, өзі де өзеннен өткен. Жолбарыс жатағын онай тапты. Алыстан, биік ағаш басынан қарауылдан, азаннан аңға шыққанын да, тұс ауа тайдай қабан алып, қайтып келгенін де көзімен көрді. Мана барлап қойған ін аузына келгенде бір сәт қобалжып, тәңіріден күш, аруақтан медет сұраған. Дәтін бекітіп, жолбарыстың үңгіме ініне еңбектей кірген. Осыдан бұрын неше мәрте атқанында, бұл жолы да қас жауын қақ маңдайдан жайратып саларына сенген. Бірақ сенімнен ерлік басым болатын. Ал ажалға бас байлаган жанкешті қимылға нәр берген – өшпендерлік еді.

4

Жылдан астам ұзақ сапардан соң Арқадан жақында ғана оралған. Ол жақтағы қаймағы бұзылмаған қалың қазақ риясyz қарсылап еді. Алаштан асып туган ұл деген. Батыр барымта қуып, бүркіт тышқан аулаған заманда кейінгі жас балаға жол көрсетер аға деген. Ақсақал батасымен алқады. Аналар ортадан ойып, отау көтеріп беруге құмартқан. Ару қыз... аяулы жар бар бақытын осының жолына байлады. Өшкені жанып, өлгені тірілетін еді. Бірақ өшпендерлік – кеудеде қыж-қыж қайнаған асau ыза еркіне қоймады. Тұрақтай алмаған Балқаштың жонын еркін жайлаған қаны бір қарында арасына. Қанша толқығанмен, етігінің басы бері қарай бұрылды да түрдь.

Бұл – көк теңізді жағалап, сары даланы көбелеп жүрген екінші сапары еді. Алғашқы жол аса қынға түскен; жемнен тарықпаса да, Балқаштың

шығыс бөлігіне қарай ауысқанда, бір жақ қапталы – жағасы қалың қопа, сыңсыған қамысты ашы теніз, екінші қапталы – ақ селеу, боз жусанды сұр жазық болып келетін бірнеше күндік жолда шөлден ұша жаздаған. Ойламаған жерден қалың жаңбыр жауып қана тірі қалып еді. Шақан көп жерде теніздің дәл жағасындағы саздақтан жарты құлаш құдық қазса, мөлдір, тұшы су табарын білмепті. Білмегендіктен де атынан айрылды. Өзі итжандылығынан ғана аман шықты. Бірақ бұл тарапта жолбарыс жоғын анықтаған.

Ол – жаз еді. Елдің карасын көзі шалса да, маңына бармаған. Көлденен ұшырасудан қашқан. Солай қашқалақтап жүріп қой, жөн білмей шөлге түскені. Балқаштың түстік тұмсығы – батпақты шығанақтан айналып жаяу аттанған екінші мәрте сапарында да елден қашты. Бірақ ұшыраспай тұрмадан. Арқаның алапат боранды қысы жақындағанда қаншама мал мен жан Көкше тенізден пана табады екен. Құрағы тұтас, қопасы мол түбек атаулы толған қой. Жел өтінен тыс тымық ұйықта жауын-шашынға ұшырамай, алты ай қыс бойы соныға бөгеді де тұрады. Ой мен қыр қаптаған жылқы. Боран соқса, қалың қамыстың ықтасын қойнауларына түседі, құн ашылса, түгі жалтырап, құрым көде, қалың кияқты беткейде тебіндейді. Әлбетте, мал бар жерде адам да бар. Орны тұрақсыз жылқышылар қостап отырады. Ұзақ қыска бір-ақ қонған қойшылар қараша, құрым болса да қазан ошағы мол, жатар орны кең үй тігеді. Қыстау салуды ін қазып, үңгір қалаумен парапар көретін, бір мезгіл болса да жерге орныруды аса қолайсыз іс, керек десеніз, қорлық санайтын біраз жүрт ауыл-аймағымен ықтасын қолтықтарға қоныпты. Туырлық, үзік қос қабаттан. Іштен қалың киіз тұтылған. Ортада алаулап от жанады. Жылы үй, таза ауа. Өздері қыстауға қонып, басы артық мал мен малшыларын бөліп шығарған, иіс, көніс үстінде отырған ағайындарын қыжыртып құледі. Дарқан өмір бізде дейді. Кең дүние біз үшін жаратылған дейді. Ал Шақанға бәрібір еді. Ешкімге ұқсамас өз тірлігі бар. Өз жолы бар.

Алғашқы қарды Сарышыған түбегінде басты. Желсіз, тымық, ұзак түнде бірқалыпты, тоқтаусыз қапалақтаған қар таң ата аяқ астындағы сортаң жазықты, алыстағы қырат, белесті, көз көрім алапты тегіс тап-таза, қалың, аппақ мамықпен бүркей жапқанда, кеше ғана бозара сұрланып жатқан теніз шанқан көк түске енген. Алыс көкжиектен, теңкіе төңкерілген ұшан су үстінен қинала қызырып шықкан құн шапағының өзінде көгілжім рең бар. Кең тынысты шыңылтыр ауада салмақсыз, ірі түйіршікті, сиқырлы құмдай сусыған көбік қарды тобықтан кешіп, соншалық женіл жүрген. Кеше, жер қарада сұлбасы шалынған ну түбектің қайың, теректі, иіле сіресіп, тығыздала түскен қалың қау басқан жінішке мойнағынан жүрегі дүпілдей аттады. Құба-мерген талай әнгімелеген сырлы қоныс. Баяғыда, ақ патшаның дүмпуіне шыдамай, Арқадан ауған бүлікшіл хан осы, қорғанышы берік, малға жай, жанға тыныш түбекте ең көтерді қысты өткеріпті. Неше жылғы тынымсыз сүргіннен ес жиып, түстікегі елді дәргейіне келтіріпті, қылышы қынабына сыймай, тағы да жорық жолына түсіпті. Шақанды толқытқан – хан бас тіккен көтерлі іс

емес, Құба-мерген күә болған қанды ұрыстар да емес, әкесі – сол дүбірге қосылып, дүрбелен жылдарда басын жойған, ат жалына қолы еркін жетпеген жалғыз ұлын жетім қалдырған қайран қекесі; ол да осындай қыраулы құндердің бірінде осы мойнақтан аттаған, дәл осы түбекте шерік түзесіп, қараңғы көрге қарай нық қадам басқан. Шақан осыдан екі жыл бұрын, қақаған қыста тал, терек жапқан жіңішке мойнақты аңдамай, тұсынан өте шығыпты. Қайырылуға кеш болған. Енді арнайы келіп тұр.

Тұбек иен екен. Қолендеңген қара, қөлбеген тұтін жоқ. Адам лебі, мал ізі байқалмайды. Бірақ иесіз емес. Биік терек түбінде, жапырақ төсөніп, қамсыз, еркін тыныстаған Шақан таң алдында жолбарыстың өктем арылынан оянған-ды. Тұспалы тұра шықты. Тұбекке бойлап ене бергенде қарсы беттен – қалың түкпірден өкси іш тартқан мауығынқы үн естілді. “Һуун-уунн!..” Қыналаған қаншыр. “Һу-унн.. – Кел! Кел! Мен мұндаамын!” Ішін жалаған ыстыққа ем іздеген, уміт пен торығу аралас өзгеше әуен. Кенет әлдекайдан үзіліп-талып, нақты жауап жетті. “Һауңғх!! – Мен! Мен бармын!” – дейді жалғызырап, әлде айқас тілеп шабынған арлан жолбарыс. Бір сәт құлақ шыңылдаған тыныштық орнады. Келер мезетте екі жақты жұбаптасу айқын мағына тапты. “Кел, кел! Мұнда, мұнда!..” – “Қазір, қазір! Барам, барам!..” Кенет қақ желкеден, тым жақын жерден аршынды, ызалы дауыс шықты. “Һауңғх-ауңғх!.. – Жоқ, мен! Менікі!“

Тың тындалап, із бағып, өте сақ келе жатқан, мауықкан қаншырдың алғашқы әнінен соң-ақ бұта тасалап, бой жасырған Шақан қай дауыстың қай шамадан шыққанын нақты танып та үлгерmedі, қалың қар жапқан, бітеу шалғын ұйыса бүйраланған ашиқ аласқа шері-мияуга басып, ыңырси үздіккен үнмен жеңіл жортқан сары бауыр, үлкен қаншыр шыға келді. Қолденендей бере қалт тынған. Сол мезетте Шақаның дәл қасынан әлденедей сары жел зу етіп өте шықты. Артта жолбарыс барын, оның қазір таяу жерден өтерін біліп, қай жақтан қараса да көзге оңай шалынбас қалың бұта ішінде отырған Шақан сескеніп те үлгерmedі. Бауыры жазылып, секіре жортқан арлан қаншырға қарай тіке тартқан. Екпінің бәсендепеген қалпы есік пен төрдей келгенде қар боратып, төрт тағандай тұра қалды. Қаншыр дөрекі дауыспен мауықкан мысықша пыр етіп, құйрығын соза, белін қайқайта, жер бауырлай керілген. Содан соң майыса толқып, арланды айналып өтті. Айрықша ұнаса керек, пыскыра пырылдап, тұмсығына тұмсық тигізіп жаланды да, еркелей сүйкенді. Содан соң бауырын қарға көміп жата кеткен.

Осы мезетте мана алысырақтан үн қатқан екінші жолбарыс та жетті. Бауыр жүні толық түлемеген, шабысы ауыр, бесті аттай ұзын, дөңбектей жуан, төртпақ, кәрі арлан екен. Қаншырға қараған да жоқ. Бұрын келген, тұр-тұлғасына салса өзінен әлдекайда еңселі, бар бітісі қайрат пен қажырданған құйылған айбарлы жас арланға бас салды. Қайтпас жаулық жолындағы қос жыртқыш шапши тіктесіп, аяқтары айқаса арылдасты да, қаржыса шайнасты, езулерін қан жуып, құйрықтары жер сабалап, жұлқыса бұратылып, қабаттаса құлады. Тымық ауаны ызалы айбат шашқан арсыл-гүрсілге толтырып, қар бората алысып, төңірегін ақ тұтек

топырға айналдырды. Келер сэтте қак айрылып, мысық табандай шегіністі, құйрықтарымен қамшыласа жер бауырлап, қаһар шаша айбаттанып, аяқтарын бауырға жиды да, құйын көтерген қызыл сары жалындай атылысып, өзін-өзі жүльп, өзімен-өзі арпалысқан үйдектүйдек, біртұтас денеге айналды. Бұталарды жапыра тапап, оқшау өскен жас қайың, топтана шыққан ешкі талдарды сыйырлата сындырып, тепкінді серпін, қуатты тегеурінмен, қайыспас қайрат, мұқалмас қажырмен, күшке күш, ызаға ыза қоса, өшпенді кекпен ғаламат күреске түскен қос жолбарыстың тұншыққан арыл, қыстыққан айбат толы үндерінен қақырай сөгілген жара, шашырай төгілген қан ғана емес, азапты айқас боршалаған тәннің түршіге тітіренген қиналысы айқын анғарылған. Бірақ шегініс жоқ, не салтанатпен, не қазамен аяқталар жанкешті соғыс. Өйткені бұл – ер намысы таразыға түскен айқас еді. Одан да мәндісі – ертенгі нәсіл үшін, өзінен соңғы ұрпақ жалғастыры үшін талас еді. Ал ұрғашы – дәл осы сэтте араздық себебі болған, екі арланның біріне ажал шақырған, енді алапат айқастың тезірек бітуін ғана күткен қаншыр шыдамсыздана орнынан тұрып, сынған бұта, жапырылған шөпті іскелеп, қеудесін керіп, құйрығын созып, мауыға жер бауырлап, әбден берекесі кетті. Оған да кінә жоқ. Өмір еншісі, табиғат сыйы. Әуелі кім кездессе. Сосын кім женсе. Ал мына, бірі – жас, қайратты, бірі – әkkі, қажырлы екі арланның онайлықпен женісер түрі көрінбеді. Үсті-бастары қызыл қанға батып, айрылыса тоғысып, шапши шайнасып, түйдектеле алысқан беттері қалыңға кірді. Шақан мойнын қанша созғанмен, әр тұста, биік теректердің басына қонған ұлпа қарлардың дір етіп төгілгенінен бөтен ештеңе көрінбеді. Арыл мен гүжіл де алыстанап, әлсірей түскен. Бірақ айқастың токталмағаны, қайта әбден қызып, ең қанды, ең қатерлі, шешуші сәтіне жеткені аңдалған. Қаншыр құлағы жымысып, мойнын соза тың тыңдаған қалпы, мысықша шоқысып, теріс қарап отыр. Не болса да ақырын тосқан, келешектен үміті кесілмеген кәрі жесір сияқты. Шақан бұта, талдарды тасалап, айнала жылжып, майдан алаңынан елу-алпыс қадамдай ғана жерге жетті. Қапысыз нысанана. Бірақ мылтыққа от қоюдан тартынған. Арландар айқасының артын күтпек. Қоң уақыт өткен жоқ, тоғай түкпірінен ышқына қарлыққан арыл естілді. Әлде дәрмен кетіп, қансыраған тәсілім дауыс, әлде жауын бүктеп жыққан, өзінің де дымы құрыған женіс үні. Қаншыр дір етіп атып тұрды. Бауырын жазып керіле бере, төрт аяғымен бірдей тарпи шашып, қар боратты. Үздіге дауыс салды. “Һәуүүн-хуунн... – Сен екенсің ғой... бар екенсің ғой! Кел! Кел! Мен мұндаамын – ...уунн...“ Сол сәтінде қалыңнан көзі шатынаған, езуі жыртылған, үсті басын қызыл ала қан жапқан, жатаған бітімді бесті айғырдай зор жолбарыс шыға келді. Қеуделей желген беті қаншырдың қасына тақай бере, екі бүйірін соға ентігіп, тілі салақтап, теңселіп тұрып қалды. Бұл – мына арттан жеткен, сабалақ бауыр кәрі арлан еді. Жана ғана жас арланға қылымсыған қаншыр мынаның қан төгіп, қыршын қызып келгеніне де, әлі құрып, есенгіреп тұрганына да қарамады, шыр айналып қызықтыра бастады, тұмсығына тұмсық тигізді, бауырындағы қанын жалады, бөксесімен сүйкеніп, қеудеден итермеледі, ақыры ырқына

көндірген. Жас жолбарыспен қан кешіп алысқан, бар қайратын сарқыған кәрі тарланның әлі де бір тарпым қауқары бар еken. Шақан мылтыққа от койды да, қаншырды желкеден бүріп, төрт аяқтай сауырлаған қақсал арланды күдірейген қос жауырыннан нысанага ала бере, білтені қайта өшірді. Обал болар деген.

Адам ұлы ғана емес, жан-жануар атаулының беріне тән, дарқан тәнірі сыйын лайламайын деп отырып, апаш-құпаш, сәтті мезетін өткізіп алыпты. Енді жолбарыс екеу. Маужырай керіліп, қатар жатыр. Біреуін жалпасынан түсірдің. Екіншісі көрмей ме. Ұңғысы ұзын қара мылтықты қайта оқтағанша төбенді ойып, желкенді қимай ма. Батырлық жолын – жолбарыс аушы дейтін ата кәсібін жаңа бастаған, әлі тәжірибе жинақтап үлгермеген Шақан жүргегі ер, мінезі мәрт жолбарыстың жолдасқа опасы жоғын, дene қызған, таң ауырлаған кезде ғана серіктесетінін, әманда жалғыз жортып, жеке басы үшін ғана тірлік кешетінін әлі бағамдап, танымаған еді. Қайраты кемел жыртқыш тобымен жүрген кездің өзінде адамнан ығатынын, қазір орнынан айқайлап атып тұрса, нешеу болса да жылыстап жөнелерін білмейтін.

Көнілі шынымен-ақ кілегейлене бастады. Шегінер жол тағы қыын сияқты – тысыры, сыйбыры аңдалмай қалмайды. Артын күтіп, бұға түскен. Бірақ қаруы сай, айқасқа әзір. Сүт пісірімдей уақыт өткен жоқ, ентігін басып, есін жиған, үстінен жылыстай аққан қан қарақошқылданып ката бастаған саркідір арлан қайтадан күшіне енген. Білтеге от қойған Шақан тағы да шүріппеге қолы бармай, бөгеліп қалды.

Енді ғана шын жаразтық тапқан егіз жолбарыс орындарынан созаландай тұрды да, қалың қауды бүркей жапқан күпсек қарды кеуделей тіліп, еркелене ойнап, алаңқайдың екінші жағына шықты. Қатерден жаңа ғана аулақтаған Шақан үh деп дем алғып үлгермеді, кәрі тарлан жаңағы алмағайып, қатерлі күресінің тағы бір төлеуін сұраған. Шақан басын шайқап, жерге түкірді. “Пәтшагар, жан иесінде мұндай ынсапсыздық та болады екен-ау!..“

Анық андады, қос жолбарыс тым қамсыз. Таяқ тастам жерге барсаң байқамайтын. Бірақ... дәл қазір емес. Қайткенде де аң патшасы. Қайткенде де тәнірі ісі. Бауыры жазылсын, жұбы ажырасын деген. Оның үстінен кешеден бері тамақ ішпеген. Келген жолымен кері қайтты. Арғы бетке шыға бере, өзінің мана, таңертең жүріп өткен ізі үстінен баттиған үлкен, үлкен болғанда, әрқайсысы қарсақ ізіндей жуан төрт бақайлы, үшбұрыш түйе табанды – тарбия жазылған алақан аумағындағы зор, доп-домалақ жолбарыс ізі түскенін көрді. Бір жерде төрттағандап, қимылсыз тұрыпты. Табан астындағы қар еріп, мұздактанып қалған. Сонау, түбек мойнағынан арыдан соңына түскен екен. Мына жерде артынан андып, баспалап тұрған. Сосын, қаншырдың жалғызысырай мауықкан үні шыққан кезде бәрін ұмытып алға – ауыр жара, артық бейнетке, немесе, аяусыз ажалға қарай тұра шапқан... Шақан жолбарыстың адам ізін басудан именбейтінін бұрын да андаған – әлде әуескөй әдет, әлде әккі жыртқыштық, қайткенде де ауыр салмағы бар іс, дәл осы сапарда үлкен қатерден қалғаны анық-ты. Қалай андамаған. Не қар сықырын, не бұта сыйбырын естіменті. Эрине,

шерінің жүрісі, қымылы өзгеше. Бірақ бұл да саппас. Иә... Шаршаған. Тынығу керек. Екеу болар, үшеу болар, түйік түбектегі жолбарыс ешқайда қашпайды. Тек осылар ғана емес. Теніздің қолат, қойнауы толы сияқты. Биыл осы маңайды қыстайды. Қырып салады. Тек сабыр, сабыр керек...

Шақан түбектен ұзап шығып, өзі кешке, тунемеге аялдар алдында алыстан көзі шалған, теңізге мінбелей біткен тар сайлы беленге ден қойды. Аса қолайлы көрінген. Етегі қалың қарақат екен. Ағып кеткен, сауыстана тізілген. Кеш пісіп, бітеу қатқандары да бар. Шақан бірнеше уысын теріп жеп, таңдайын жібітті. Содан соң құркеге орын таңдаған. Алдыңғы беті ғана ашық, төнірегі бітеу үйтасқа тоқтады. Қатерсіз, әрі отын-суы жақын. Қөңілі жайлланған соң, қонышынан жіңішке, ширата өрілген, шумак-шумак қыл алғып, тогай бойлап, құрга, қоянға тұзақ құруға кірісті. Қысқы қонысқа қолайлаған қуысына қайтып келіп, құрке тігілмек жерді тастан тазартты. Сосын таяу маңдан бітісі түзу қайың қия бастады. Сүйретіп әкеп, бұтақтан арылтып, бастарын байлап, кісі бойынан биік, шошақ қанқа тұрғызды. Тал кесіп, шыбық өріп, қамсаған соң, бау-бау қамыс орып, қабырғасын қалыңдап жапқан. Етегін таспен бастырып, қармен көміп қойды. Еңкейіп әрен қірер кішкене есігі бар, кісі созылып еркін жатар жып-жылды қос пайда болған. Тіпті, аяз қақап кетсе, қамысты ысырып тастап, от жағуға да болады. Шақан беліне байлаған бақырын алғып, босағаға қойды. Кісесін шешіп, төрге ілді. Мылтығын қабырғага сүйеді. Баспана. Адам мекені. Тек төсек жоқ. Әзірше құрақ төсеген. Ертең қызыл тарғыл түгі құлпырған қымбат тері салынады. Тек ок-дәрі өлшеулі. Бірақ Балқаштың жыртқыш жалмаузын тұқым-тұғымен құртуға жетеді. Жолбарысқа ғана жұмсау керек.

Қос құрылып біткен шақта кеш те батқан. Өзегі талғанын айрықша сезінген, жүріс діңкелетіп, үйкі женіп, әбден қалжыраған Шақан кеш бата тұзақтарын қарауға шықты. Арқада қырғауыл болмайды. Бірақ ан, құсы мол сияқты. Үйден қырық қадам ұзамай жатып, аяқ астынан пыр етіп үйірлі шіл ұшқан. Көз көрім жердегі ағаш басы ескі ұядай қарауытқан, тоқ-тоқ шоқынып, бүршік шаққан құр. Қар беті шимай-шатпақ ізден көрінбейді. Тышқанның неше атасы. Құзен, қарсақ, тұлкі. Бірақ ең көбі – қоян сияқты. Жеке-жарым жортқан емес, шұбыра із салған; жалғыз-ақ күнде адам аяғы әрен батардай тапалған тарау-тарау жым. Осындай жым бойына, қатар ескен екі ағаштың арасына құрылған алғашқы тұзақтың өзіне лактай ақ қоян түсіпті. Тағы бірнеше қадамнан соң, тал басында далбырлай асылып тұрған үлкен қара құр көрінді. Бар тұзағын адактамай-ақ олжаға кенелген Шақан қолма-қол бауыздалған, қызыл қаны ақ қар бетіне тамшылаған ақ қоян мен қара құрды салақтата ұстап, жедел басып қосқа келді де, лаулата от жақты. Алдымен жүнін асығыс жұлып, қарнын тазалап, істікке шанышып, сумандаған жалынға майын шыжылдата, семіз құрды қақтаған. Дүниедегі тәтті тاماқ екен. Жүқ болмағанмен, әжептәуір әлденіп қалды. Бөгелмей қоянның терісін сипырып, аяқ астында тұрған көл сұына жуып, мүшелеп бұзып, бақырашқа асты. Түннің бір уағында, самсаған сұық жұлдызды ашық

аспан астында, үядай жылы қос алдында, қызара толқыған шоқ басында жылы ет жеп, ыстық сорпа ішіп отырғанда өзін дүниедегі ең бақытты, ең азат адам сезінген. Күркे есігін жаппаған қалпы, босағадағы толқи күбылған қызыл шоққа қарап жатып, қамсыз үйқыға кірген.

Шақан ертеңіне де, аргы күні де үйінен ұзамады. Күркे болса да, көсіліп жатар баспананы сағыныпты. Күздің қара сұығында тынымсыз тіміскіленген, еш жерде бел бүкпеген азапты сапардан шаршапты. Еркін тыныспен шымырап үйықтамаған сұық тұндерден қажыпты. Ет жеп, сорпа ішіп әл жиды. Армансыз үйықтап, әбден тынықты. Қос төнірегін барлап, аң мен құстың молын көрді. Эйтсе де, қыраулы, боранды күндерде астан тарығып қалмас үшін қырға шығып, шанырақ мүйіз зау құлжа атып алды. Қарның ақтарып, қан-жыннан арылтқанмен, көтеріп жүре алмады, көк талдан сүйреткі жасап, үйге әрең жеткізген. Енді қос артынан шарбақ тоқып, шағын шошала жасады. Арқардың етін мүшелеп бұзып, көлденең сырғықтарға самсата байлад қойған. Арада апта өткен соңғана, жаңа қар жауған қан сонар күні таң бозында жолбарыс жайлаған түйік түбекке келіп кірді.

Қай тарапқа барсаң да қайнаған тіршілік еді. Қырда қаптаған киік, тауда шығандай өрген арқар. Тоғайда бұқа мойын бұлан, елең құлақ елік. Қамыста шұбырған шошқа. Ағаш басы қаптаған құр. Аяқ асты – секендерген қоян, пыр-пыр ұшқан шіл мен бұлдырық. Мың тарау шимай із. Сан қылыштың дыбыс. Бір кезде дүбірлі қиқута толған, енді қоныстан тыс қалған, тай шаптырым аумағы бар шағын түбек те мұлде қараң емес сияқты. Қар беті толы айқыш-үйқыш тышқан ізі. Көсіле жортқан қоян. Баспалай баққан түлкі. Енді бір тұста кең аланды көлденендей кесіп үлкен қабан өтіпті. Бірақ бұршақты сел алдындағы тымырсық сезіледі. Тіпті, үйір-үйме, сида көк тал басында әредік отырған құрлардың өзі сақтықпен, еппен шоқынатындар. Тек ала қанат сауысқан ғана еркін. Осы өнірдің шын қожасы солар сияқты. Жекелей де, тобымен де ұшып жүр. Әрине, жолбарыс жайлаған жерде жемтік мол. Жемтік мол жерде ең алдымен құзғындардың құдайы жарылқайды. Бірақ ақыр түбінде өздеріне азық тауып берген иесін аранға жығады. Бұл жолы да солай болды. Шақан сауысқандардың ұшып, қонғанынан, әртүрлі үнмен шықылықтаған даусынан қай тұста жемтік жатқанын ғана емес, жолбарыстардың өздерінің де қай шамада жүргенін анық шамалады.

Алдымен бұқпантайлай, еппен жылжып, із кескен. Тұбек түкпіріндегі қалың қамыс жақтан шығып, қайың, тал аралас тоғай бетке өтіпті. Кең адымдап, бірінің ізін екіншісі дәлме-дәл баса жүрген. Әлде екеу. Әлде үшеу. Бес-алтау болуы да мүмкін. Жоқ, ең үстіндегі із үлкен арландікі. Кәрі арлан. Табанының бүріне дейін тозған. Үйірлі болса, артта жас жолбарыстар, ересек шөнжіктер жүргуге тиіс. Солай болды. Ойпанға біткен, жеке өскен қара ағаш түбіне жете бергенде, алда келе жатқан қаншыр көлденендей ойқастап, арланға еркелеген сияқты. Бір орында шыр айналып, әжептәуір жерді тапап тастапты. Бірақ арлан бөгелмей, алға жүре берген. Енді бармақтары тарбиган, дөп-дөңгелек, үлкен

іздердің үстінде қаншырдың сида, сопақша ізі айқын көрінеді. Арлан ізін дәлме дәл баса да бермейді. Алға еміне асыққаны байқалады.

Шақан жолбарыс соқпағымен тұра жүрмей, көлденендең, елу қадамдай қырын шықты. Әу баста жіберген қатесін жаңа ұққан, ендігісі тек өлемендейді қана. Ашыққа шыққанда, әрине, көзге түсті. Қазір қос жолбарыс қатарынан баспалап, мұның әр қимылын бағуда. Енді атылған бетте алып түсер он-он бес қадам жерге келуін ғана күтіп жатыр. Көлеңкесі қашып, сида теректер тарамдана, айқын көрінген, жап-жарық тоғай ішін қанша тінте қарағанмен, сезікті ештеңе шалынбады. Анау – жартылай қар басқан, жапырағы түгел түспеген көлденен ғұтак, анау – шіріп құлаған ку ағаш... Жолбарыстар тоғай шетіне тоқтамай, ары асыпты. Әйтсе де Шақан сақтығын қүшайте түсті. Мылтығын ыңғайласп, шақпағын қолына алған. Шиырылған шерінің серіппедей созылып, ытқи атылар сәтінен қас қағымдай ғана озса бітті. Жерде болмаса, ауада атып үлгереді. Үлгермеуі де мүмкін.

Жолбарыс ізімен қанталдаса, қырындай жылжыған беті тоғай шетіне ілінер-ілінбесте шақпақ шағып, қара мылтықтың майлы білтесіне от койды. Неге екенін өзі де білмейді, жолбарыстың тым жақын екенін, тіпті, аяқ астында жатқанын бар жүйкесімен сезінген. Жүрек қалыпты соғады. Қол дірілсіз. Дем салқын. Қисық өскен қайыңға мылтығын арта сүйеніп, ілгеріге, жан-жағына қараған. Ештеңе жоқ. Бекер сезіктеніпті. Білтені өшіре бере дір етті. Манадан бері қаншама рет көрген, жыртылай қар көмген қу ғұтагы – бауырын, тамағын ақтаңдақ түк басқан, сары тарғыл жолбарыстың өзі екен. Он-ақ қадам жерде. Жалғыз емес, екеу. Әнеугі ойын элі тарқамапты.

Шақан бір сәт аңырып тұрып қалды. Неткен тойымсыз пәтшагар. Бауынан жараган бедеу ат үстінде шалқая шіренгенде қола үзенгіні қақ айырап ер жігіттің жылдық жұмысын жолбарыстың кәрісі айналасы бірер аптада атқарып кететін болды ғой!.. Шақанның қаралтан қарап тұрып ызасы келді. Мұның обал, сауабын ойласа, ай бойы артын күзетеді екен. Қазір арланды жусатады. Одан соңғысы құдайдың қолында.

Нысана өте қолайсыз еді. Төстей шонқиган арлан ары қарап, қигаш жатыр. Шақан құлақ шекеден кесе көздеді. Қарауылды мұлтіксіз алып, шүріппені дірілсіз тартқан. Мылтықтың құлағы оттықа кептеле тірелгенде аспаннан жай ұргандай селік етті. Қырсықкан құдай. Әлде жолбарыстың пысы, әлде білтенің қарая жанып, құлденіп кетуі – мылтық от алмаган. Шақан майлы шуданы уқалай тазартып, қолы сәл-пәл дірілдеп тұрып, қайтадан шақпақ шақты. Әдетте бірден ұшқын шашып, қу тезекке шок түсіретін асыл жарқырай қылауланғанмен, жіңішке білте әрен тұтанды. Ал жолбарыс тас атып, дабыл қағып жатсан да ештеңе сезер емес. Сол ес пен тұс арасында, ажалдыш қайдан келгенін андамаған күйінде, арттан, құлақ шекеден ұрған ауыр қорғасын қақ мандайды қақырата талқандап өткенде қасасы жиылмаған, өңкіе созылған қалпы сылқ түсті.

Шақан таңғы аязбен шытынаған тоғайды жаңғырықтыған гүрсіл басылып, көз алдын көлегейлекен қара көк түтін тарқамастан, жіті қимылмен мойнындағы оқшантайдан жеке атар оқ алып, ұнғыға салды да,

ұзын сүмбімен нығыздал оқпанға түсірді. Қолма-қол шақпак шағып, білтеге от қойған. Бірақ атып үлгермеді. Жан серігін аударып тастап, ышқына қашқан екінші жолбарыстың шұбатылған құйрығы мен боз ала таңын ғана көзі шалып қалды.

Бірақ адам сияқты, жан-жануардың да кесімді тағдыры бар. Қаншыр тіпті оңай түсті. Ертеңіне, анада кәрі арланмен таласта қирай жеңілген, бауырдағы көк ет ескі торсықтай сөгіліп, ішек-қарны шұбатылған, ақыры қансырап өлген жас жолбарыстың өлігін тапты. Сауысқан шоқып тастағанмен, аязда сіреле катқан терісі көп бүлінбепті. Еншілі олжасын тастап кетуге қимай, қалай сыйырудың амалын ойлап отырып, арлан жолбарысша ақырып көріп еді. Ұқсайды. Өзіне-өзі риза болып, тағы дыбыстыады. Сол кезде әлдеқайдан қаншырдың созыла уілдеген даусы жетті. Серігін жоқтап журсе керек. Шақан тағы да арылдай жөтелген. Енді қаншырдың үні жақынырақ жерден естілді. Шақан биік айыр бұтақты, жуан еменнің басына шығып, мылтығын сайлады. Танылыш қап, үркітіп алармын деген қауіппен одан ары жұбаптаспады. Тек бір рет қана, қысқа қайырып, ышқына өксіген. Көп ұзамай қаншыр да көрінді. Жеңіл жортып, дәл емен түбіне келді. Қауіпсіз жерде отырған Шақан өкпесін тесе, кара қабырғадан атып еді. Жолбарыс етпетінен түсті де, атып тұрып, қайта жығылды. Ағаш басындағы ажал мергенін осы кезде ғана көрді. Алып түспек болып, шапши атылды. Биік бұтаққа жете алмаған. Бірақ тайсалмады да қашпады. Арылдай қан құсып, үсті-үстіне секірген. Емен түбі опыр-топыр, қып-қызыл қорыс болды. Шақан айқайлап көрді, мылтығын шошандатып көрді. Жолбарыс бұрынғыдан әрмен ызаланды, әлсіреп, құлау орнына күш үстіне күш қосылғандай. Бір жолы, тіпті, Шақанды аяғынан іліп түсуге аз-ақ қалды. Омыртқасын үзген екінші оқтан соң ғана құлаған. Арты салбырап қалса да, алдыңғы аяғымен тыптырай қар боратып, қан-қан, сойдақ азуларымен опырып мұз шайнап, көп қиналды. Әрең тыншыған.

5

Балқаштың қамысы енсіз, тоғайы жұтанды Арқа бетінде жолбарыс аз еді. Тұйық түбектегі жеңіл еңбек, мол олжалы сәтті аудан соң теңіз жағалап, әлденеше құн сонарлаганда көмескі, жалғыз-ақ ізге жолықты. Қырға шығып кетіпті. Қалың күртікті омбылай ойған, үстін қырбақ қар басқан сорап жетегімен бұл да ошақты қос іргесінен аулақтаған. Жолбарыс әуелде жеңіл жортып, тұп-тұп ши, қалың қияқ өсken жазанды кесіп өтіпті де, қары күпсек, тобылғылы шұбарға ілінген соң, әр төбенің басына бір шығып, қарауыл қарапты. Одан ары қайтадан ойға түсті ме деп еді, апайқын, аумагы атан түйенің табанындей ғана, бес-алты жасар жолбарыс ізі алда қарауыта керілген қалың қараған жаққа беттепті. Әлде қанғыбас, әлде машиқты сүрлеу, үйреншікті кәсібі бар пәле болды. Қайткенде де қара мылтықтың қанды аузынан құтылмақ емес.

Кеш батыш қалған еді. Шақан бір түп тал өскен ықтасын мүйіске бұрылды, көде жұлып, шөпшек сындырып, шырпы тұтатты, қу ағаш, үлкен томар жинап, алау жақты. Белде, кіседе журген, қатқан-құтқан жол азығын қаужап, от басына, қар үстіне қисая кеткен.

Тұнере көлеңкеленген ақшулан қар мен самсай жанған жұлдыздан басқа сәуле жоқ, қап-қараңғы түн ортасында кермек дәм, жайсыз сезіммен селк етіп оянды. Әлдекайдан жылқы шүркырағандай. Басын көтеріп, тың тындал еді, тып-тыныш. Тұс көрген, не құлағы шулаған болды. Жолбарыс жақы қанша жылы болғанмен, тоңазып қалыпты. Ошақта қабара қызарған бозғыл күл ғана көрінеді. Қайран сексеуілдің шоғы. Шақан от орнын қағыстырып, күйелеш, шолақ шалаларды қайта тұтатты да, үстіне мол етіп отын үйді. Сапымен кесіп алған көк тал бықси бытырлап, шалқи тұтінде, әбден берекені кетірген. Ақыры пысылдай шыжылдап жана бастады. Енді қауіп жоқ. Жолбарыс дәл желкенде тұрса да отқа шаппайды. Шапқан қайда, қыр асып, бой тасалауға тырысады. Бірақ ұйқыдан маза қашты. Шақан кісе түбінде жатқан, кол басында арқар етін отқа қалап, жылтырып жеді, шөлдеп, тал түбіне тұнған аппақ қардан уыстай шайнады, алыста, жайқын теніздің арғы бетінде қалған, табиғаты да, болмыс, бітісі де мүлде бөлек, қысы жұмсақ, саясы мол, туған өлкесін есіне алды. Ол жақтағы ел-жүрт, мұның өлі-тірісінен бейхабар ағайынтуған, Іленің үйіндағы адыра, тұл, қараша үй... Аса жайсыз хал кешкен. Дөңбекшіп, отыра алмады. Ақыры таңды құтпей, шығыс жақтан жарқырай толқып Есекқырған туысымен, елең-аланда кешегі ізге қайта түсті.

Долбары дұрысқа шықты. Жұлдыздар көмескіленіп, жарым аспан сүтті мұнарга шомғанда жылқы тебініне кездесті. Ізден жаңылды, бірақ барап бағыты айқын. Көп ұзамай, азынай кісінеген айғыр дауысы, шүркыраған қалың жылқы дүбірі естілген. Алда кең ойпан, қопалы көл көрінді. Төңірегі бозара қарауытса, ортасы әр жеріне бір қылтанақ біткен ак тақырдай жазылып жатыр. Жылқы үйіріле жосып, қырат бетке шығып кетіпті. Бір шеті мүлде шашырап, әлдекайда маңып барады. Баран атты жалғыз жылқышы құрығын шошандатып, малдың артын жинап жүр. Жіңішке дауыспен ышқына айқайлап қояды.

Шақанның алдынан өзі шауып шықты.

– Эй! Елмісің, жаумысың? Адамсың ба, аңсың ба? – деген анадайдан. Астындағы есік пен төрдей торы айғыр ауыздығын кере шайнап, осқыра тапырақтайты. Маңдайы биік, құлағы ықшам арғын тымақ киген бала жігіт екен. – Ой, артқы аяғымен жүріп келе жатқан жолбарыс екен десем, шошайған мылтығың бар ғой, – деді содан соң ақсия құліп. Тебіне жақындал, ізетпен сәлем берді. – Ассалаумағалейкүм, аға! – Бірақ қол ұсынбады, атынан да түспеді.

– Жолбарыс шапты ма? – деді Шақан.

– Ой, аға, зәремнің ұшқанын көрсөніз... – деді бала жігіт қыз дауысты, әуезді үнмен. – Үзенгіден аяғын шығарып, керіле дем алды. – Бір жетім емген саяқ көк тай бар еді. Түн ортасында ғой деймін. Тіпті шет кетіпті. Қайырайын деп жүре беріп едім... сап-сары сапалақ... кезі тұра шоқтай

жанады, шайтанның отындаи жап-жасыл... Оқтай атылғанда... бейшара тай шөкесінен жығылды. Ат үстінен қалай түсіп қалмағанымды өзім де білмеймін. Астымда жуас кер бесті бар еді, қалай ұйықтасам да қалт етпейтін. Жолбарыс та қарғыды, бізге емес, жаңағы тайға, кер бесті де шұрқырай қашты... Ал менің үнім өшіп қалды ғой деймін. Сондай қорқақ екем... Ал сіз ғой, ештеңеден қорықпайсыз.

– Оны қайдан білесің? – деді Шақан салғырт қалыпта.

– Білем, – деді бала жігіт. – Сіз – Үйсін Шақан-Шері батырсыз.

“Шақан-Шері...“ Шақан екені анық. Шерісі тағы рас. Дәп солай. Шақан-Шері!

– Ел айтады. – Бозбала барлай қарап, азғана бөгелді де, аттан түсіп, Шақанның қасына келді. Кексауыр саптама етік, оқалы сары тон киген, нәзік бітімді жас екен. Үлбіреген дөңгелек жүз, жапақтаған үлкен, қара көз. Бетінің ұшы шыққан күнмен лыпі қызырып, қорғаншақтап тұрып қалды. – Ел айтады, – деді сосын ұзын, қайқы кірпіктерін тұра қадап. – Шақан кеше Қоқанды Алатаудан асыра қуған, ханның өзі қайрылып кенес сұраған Сауық батырдың немере інісі екен дейді. Ағасы жаудан арманда өлген соң, елін аздырған, жерін сатқан жуандардың қорлық, зорлығына шыдамай, жапан тұзде жалғыз жортар жолбарысқа айналып кетіпті дейді. Күндіз – адам, тұнде – жолбарыс... Шақан-Шері!.. Бірақ мен сенбеймін. Экем айтады, үстіндегі киімі тегіс жолбарыс терісі екен дейді, киім тапшылығынан, немесе сән үшін емес, ау кезінде онайлықпен көзге шалынбас үшін. Жұрттың айтып жүргені сол дейді. Отken жылы, жок, алдыңғы жылы, мен онда әлі кішкентаймын, біреулер көріпті сізді. Экем іздетті, таба алмай қалды. Біздің бір жылқышы ізіңізге түскен екен, кәдімгі адамның ізі дейді, содан күн ұзақ жүріпті, сосын кешке қарай... – бозбала Шақанның жел қағып, аяз сорған қызыл шырайлы жүзіне қадала қарап сәл бөгелді, – кешке қарай әлгі адам ізі өзінен-өзі жоғалып, жолбарыс ізінә айналып кетіпті...

– Апыр-ай, – деді Шақан таңырқап. – Мүмкін, жолбарыс кісінің ізін басқан шығар, – деді сосын жігітке жақындаи түсіп. – Із үстімен жүретін әдеті бар ол шіркіннің.

– Ой, көп сөйлеп кеттім, – деді бозбала. – Жолбарыс анау, тайды жәүкемдеп жатқан. Жылқы анау, бытырап кеткен. Мен тұрмын мұнда. – Шегіншектеп барып, атына мінді.

– Қорқасың... – деді Шақан.

– Қорқамын, – деді жігіт. Ақсиып қуле бере езуін жиып алды. – Әлде... Сен қайдан шықтың? – деді тізгінің қымтай ұстап. – Тұнде жылқыға шапқан сен емеспісің? – Атының басын тартып, шегіншектей түсті. – Қазір адамсың, – деді сосын жайбарақат. – Тиіспейсің. Ал ана жерде... барсың ба, жоксың ба, қазір анығын білеміз... – Аулакқа, жолбарыс жылқы жыққан қалың қопаға қарай тұра шаппақ ыңғай танытқан.

– Эй, эй... – деді Шақан қолын ербендетіп. – Өзің қорқақтың ішіндегі есері екенсің. Эй, ана, жем үстіндегі жолбарыс күндіз, тұнге қарамайды, алып түсіп жүрмесін!

– Бар ғой?.. – деді бозбала бүктей ұстаган қамшысын әлдеқайда шошайтып.

– Егер түнде жылқы алғаны рас болса, бар. Жемге тойса да сол төңіркте жатыр.

– Сен мұнда тұрсың ғой?.. – деді бозбала қамшы басын Шақанға тіктеп.

– Сен де жігіт атанып жүрсің-ау, – деді Шақан мына қорқақтан біржола түңіліп. – Жылқыны қалай бағасың мына түріңмен?

– Мен жылқышы емеспін, – деді бозбала. – Жылқышылар ауылға кеткен, көш алдынан. Қорқақ та емеспін. Қорықсам қайтып кетер едім, түнгі күзетке шыққан өзім, жылқы шұрқырай берген соң... Сынай қарап аз тұрды. – Мен жігіт те емеспін, – деді сосын сақылдап күліп. Басынан тымағын жұлып алды. Төбеге шиыршықтай салған қос өрім шаш тарқатыла төгіліп, иыққа оратылған.

Шақан Менсұлумен осылай кездесті.

Арқа қыздарының мінезі ашық келеді екен. Сөзі сынықсыз, жүрісі еркін. Алдымен Шақанға ат ұстап әкелді. Шылбырымен ноқталап, астына ішпек салып берген. Содан соң екеуі түнде жолбарыс жылқыға шапқан жерге қарай жүрді.

Тай да, жолбарыс та жоқ. Жылқы тебіндеп, ойла көгерген қалың шалғынға бата түскен із ғана жатыр. Жолбарыс ізі. Тек ойлы-қырлы, төмпешікті жерлерде ғана тайдың артқы сирағы қарды сыза осып өткен. Менсұлу жолбарыстың алып күшіне қайран қалып, бас шайқаумен болды. Жыртқыштың қайратын жақсы білгенімен, бұрын мұндайын көрмеген Шақан да таңырқап келеді. Алда, қыр астында қорысы мол, қалың қамыс бар деген Менсұлу. Қозы өрісіндей жер. Ауыр жүк көтерген жолбарыс мойны талып, белі қайысып, бір сәт бөгелмestен, сол қалыңға келіп кіріпті. Дәл қазір соңынан бару тым қатерлі. Бой тасалауы қын емес. Қарсы шабуы тіпті оңай. Білте тұтатып та үлгермейсің. Бірақ әбден тойынған жолбарыс жем қасында жата бермесе керек. Күн еңкейе баспалап барып, тайдың қалдығын табады да, не қамыс ішінде, не қар астында жасырынып, шерінің қайта оралуын күтеді.

Кешіне қыз әкесі Атабек ақсақал жібермеді.

“Жалғыз қызым ағаларына еліктеп, ерке-шора өсіп еді, соның садақасы, жемтік үстінде олжа дәметпеймін“, – деген.

“Аң болса да киелі, өзіңмен табыстырды, менен салауат, қасқырга беретін қотыр тай, жесін, тойсын, жөніне кетсін“, – деген.

“Апта аспай төрт жолбарыс бір басыңа ауыр болар, ерліктің өлшеуі, тәуекелдің шегі бар, сақалымды сыйласаң сабыр ет“ – деген.

Алайда, дәніккен жолбарыс он шақты күннен соң тағы да жылқыға шауып, малға шығын салмағанмен, жүртқа үрей туғызып, береке кетіргенде өз қолымен бата берді. Төрден үнғысы қырлы, сұп-сұр, дұмі жылтыраған жап-жана орыс мылтығын әперген. Шақпақ тегіршікті, желге, жауынға қарамай, жедел атылатын жойқын қару. Шақан сырмінез нәрсе, өзім үйренген білтелі артық деп, алмаған. Атабек ақсақал әлдеқайдан, сандық түбінен жағасы биік, жеңі ұзын, етегі бітеу, сауытқа ұқсас, шұбар ала киім шығарды.

– Жолбарыс көбе! – деген. – Осы үйдегі, атадан қалған ең асыл мұрагат...

Жайланып отырып, жолбарыс көбенің хикаясын айтып еді.

– Баяғы, қара қалмақты жұртынан бостырып, біржола жеңіп алған кез болса керек. Біздің Арғын-Ата баласы Сары-Арқаны ендей жайлап, салтанатқа бөгіп отырады ғой. Мыңғырған мал, майлы қоныс елге байсал, берекет берсе, ерге күш, қуат құймақ. Жылқы – жалды, жігіт – жоталы заман. Үлкен әкеміз Жауқашар батыр он жетіге келгенде күші бойына сыймай, мұнартып жүреді еken дейді. Мен туғанда жаугершілік біткенін қарашы, елден ерлігімді асырап едім деп. Сонда бабам жарықтық осы жолбарыс көбені өз қолымен жасап, ұлының үстіне кигізеді де, бар, мықты болсан, мына, бізben құдандалы үйсін ішінде, теңіздің арғы бетінде кісі жейтін жалмауыз жолбарыс шығыпты, сонымен алыс деп қоя береді ғой. Қақаған қыс еken, сонында қаншама нөкері бар, көкше мұзбен Балқаштан өтіп, Ілеңің сағасына шығады. Сіздің ауыл болса керек. Кісі жер жалмауыз заман азып, ел тозғанда, жұз жылда бір-ак рет көрінсе керек. Өз ғұмырымда ондайды естігем де, білгем де жоқ. Ал жылқыға касқыр да шабады. Сонымен, Жәкең Ілеге жетсе, ондағы ел ұлардай шулап отыр дейді. Әлгі жолбарыс жалмауыз ғана емес, зымиян да болса керек. Жұрттың жаппай қарулы кезі, әйткенмен, ешкім шара таппапты. Көзге көрінбейді, қолға түспейді. Бірақ апта аралатпай бір кісі жейді. Жалғыз-жарым адам ауыл арасында жүруден қалыпты. Мал – бағусыз, от – жағусыз дегендей. Атыңнан айналайын Жауқашар бабам өңшең балуан, шетінен садақшы нөкерлерін тастап, осы жолбарыс көйлегін киіп, беліне қыльыш байладап, қолына найза ұстап, жалғыз өзі жаяу шығыпты дейді ғой. Іздегенге – сұраған, көп ұзамай-ақ кездеседі. Атан өгіздей жолбарыс арқан бойы жерден атылғанда найзамен қарсы алыпты. Өндіршектен енген көк сұнгі қара қабырғаны жарып шыққан еken дейді. Сонда жолбарыс, кейінгілер асыра айтпаса, Жәкем шірене толғап тұрған найзаның қайың сабын қарш шайнап тастап, батырдың өзіне бас салған еken дейді-ау. Теке тірес алыса кеткенде, арыстан Жәкем шерінің екпініне шыдамай, шалқалай жығылыпты. Жолбарыс үстіне қона тұскенде көтере тұрған еken. Көтере тұрғаны – денесіне закым келмеген. Қыл арқаннан жолбарыстың тырнағы, тісі өтпейді. Күш алған соң қоя ма, қыльышты қигаштай суырып, бел омыртқадан оса шапқан еken дейді. Е-е, жалған-ай десенші... Содан, Жәкең жарықтық нағашыларынан біздің әжемізді алып, батыр аты шығып, елге оралады. Тағы да отыра алмайды. Бар ермегі жолбарыс аулау болады. Сол әуелгіше, шолақ найза, жалаң қыльышпен жаяу шығып кете берсе керек. Жан-жануар, құрт-құмырсқа, бақа-шаян – он сегіз мың ғалам ішінде тәнірінің өз шапағатынан қаққан, басқаға басыбайлы құрбанға берген жан иесі жоқ. Кісі баласы оны ұқпайды да, астам іске барады. Жәкең жарықтықтың да мейманасы тасыса керек, жауға түспеген қаруын жазықсыз жануарға жұмсай береді, қырған сайын құнығады... Содан артық айтқандар қырық жетінші дейді, кем айтқандар жиырма бесінші дейді, әйтеуір пәленбайынши жолбарыспен алыс үстінде өзі де иман табады ғой, жаның жанатта болғыр. Мына қыл көбеден кінә

жоқ, денесіне тырнақ, тіс тимеген, жарықтық, ажал ғой, шерінің ізіне түскенде бір сәт қана қалт кетсе керек, жолбарыс айналып, арттан соғады дейді ғой, артынан келіп қарғығанда төбесі ойылып, мойын омыртқасы үзіліп кетіпті. Ол да тегін кісі емес, жолбарыс тимепті дейді, кешіккен соң ізден барса, мәйті сол қалпында екен... Е-е, фәни дүние, одан бері де қашама заман өтсе керек. “Елу жылда ел жаңа, жұз жылда – қазан“ деген. Ел екі мәрте жаңарып, ғұрып, салтың, жарғы, низамың мүлде өзгереді... Жә, балам, бір көбе ішінде екі өлім жоқ, киіп ал...

Жолбарыс көбе өгіз тарамыспен сірестіре тігіп, шенберлей өрілген жуан қыл арқаннан жасалыпты. Жылқының ту құйрығынан тығыз есілген, бітеу шығарылған арқан сауыт ақ, қара, құлғін жүйкелері кезектесе алмасқан, шұп-шұбар. Сұнгі өтіп, қылыш кеспестей берік. Ақсакал бісмілләсін айтып, өз қолымен кигізгенде етегі тізеге түсіп, жеңі алақаннан асты. Көлкілдеп тұр. “Денесіз жігіт емессің, Жауқашар атаң тым ірі болған екен-ау“, – деді Атабек ақсакал. Көбенің жеңін қайырып, белін буды. Межелі жерге Шақанды өзі апарып тастаған. “Артыңа абай бол!“ – деген айрылышарда.

Жолбарыс көбе біршама ауыр болғанымен, қымылға қолайлы сияқты. Шақан өзін жеңіл, әрі қауіпсіз сезінді. Ал малшабар жыртқыштың кешегі ізіне түскен соң, көңілі айрықша көтерілген. Көз алдына ерке-шора Менсұлу – құрық алып, тымақ киіп, жылқы қайырған бозбала кейпінде емес, қосетек көйлек, кәмшат бөрік, алтын тенгелі өніржиек таққан мақпал қамзолды бойжеткен қыз кейпіндегі Менсұлу келе берген. Осы, жылы жұзді сурет жетегімен атты кісі көрінбес биік боз қараған ішіне кірді.

Арқадағы жолбарыстың әдеті де өзгеше. Қамысқа үйірсек емес. Несіне қызықсын. Аумағы шағын, тұрқы аласа, мал тапаған, ұйпа-тұйпа қамыс арасында Іле бойындағы қантаган шошқа жоқ. Аң атаулы ойдым-ойдым, үзік-үзік тогай ішінде. Көбіне табылғысы қалың, қарағаны бітік қырда. Атабек ақсақал: “Бұл жақтың жолбарысы да көші-қонды тәуір көреді, жазда өзен, жылғаларды қуалап, Қорғалжынға дейін өтіп, Арқаның беліне шықса, қыста киік соңынан Бетпақтың шөліне де өтіп кетеді, бірақ қайда шығандаса да Балқашқа қайтып оралады, бұрынғылардың айтуы солай“, – деген. Рас болар. Алғаш келгенінде дәл осы атыраптан жолбарыс ізін ұшыратпаған. Енді міне, екі белес арасындағы кен қолатта кейде тұтаса, кейде үйіріле өсken, аумағы құнан шаптырым, арасы қалың қау, биік, бітік боз қараған ішінен жолбарыс ізден келеді. Қыста жылы, жазда қоңыржай, аңызақ құмы, шақырайған құні жоқ, шаруаға қолайлы қоныс екен. Қар қалыңдап, аяз қатаяр мезгілге сақтап отырған қорық. Менсұлу ауылының құтты ұйығы. Кенет аяқ астынан қоян қашты. Ірі, тушадай ак қоян. Жолбарыс алыс деген сөз. Бірақ Шақан өзінің не мақсатпен келе жатқанын жаңа ғана толық түйсінген. Сейіл, серуен емес. Қатерлі ау. Ширап, жинақылана түсті. Өзінің әделкі кебін тапқан. Шақан-Шері! Тағы да Менсұлу. Ажар... тым ұян еді. Жасқаншақ емес, биязы. Ер екен. Ер ұл табар ана... Ерге серік асыл жар... Шақан қатайып алды.

Қараған іші тарам-тарам. Қоян жымы шұбырынды жол сияқты, сайрап жатыр. Шанжай елік ізі, әр бұтандың түбін тіміскелеген, шыртпак бұлынды түлкі, қарсақ ізі. Көбі ескі. Ал түнде, жылқыға шабуыл сәтсіз аяқталған соң қалың қарағанға келіп кірген жолбарыс ізі әр қадам сайын айқындала түсті. Бір көлденең қайырмада аулағырақтан қылпуы байқалған әлде қоян, әлде еліктің жолын тосып, төрттағандап ұзақ тұрыпты. Табан асты көк мұзға айналған. Баспада соншама бақсан сабырдан нәтиже шықпапты, жолбарыс еріне аяңдап, ары қарай асқан. Таң алдында ғана. Немесе таң ата. Осыдан ет асым бұрын. Яғни, жақын манда жүр. Аяқ астында жатуы мүмкін. Тоқтаусыз жүріп, ұзап кетуі де ғажап емес. Шақан беліндегі селебесін ыңғайлап, шақпақты дәндәқудің тиегін ағытып қойды. Жер тар, атып үлгерсе жақсы. Жаңа, ақсакал ұсынған орыс мылтығын алмаған екем деген өкініш бар. Бірақ ол ойынан тез айықты.

Ілгері, оң қапталдан, әжептәуір жерден сауысқан сарқылдады. Шақанның іші жылдып қоя берді. Енді жобадан жаңылмайды. Жұрт жек көреді осы сауысқанды. Қанатының аласы үшін. Ал Шақан қаншама карыздар. “Сарқылдай тұс, сауысқаным, – деген күбірлеп. – Тарғыл қарақшыны көзден таса қылма. Жолбарыс жемтігіне армансыз тойғызам өзінді бүкіл әулетінмен!” Бірақ дәл мынау – берекесіз сауысқан болып шықты. Аздан соң осы қалындағы аң, құс атаулыны Шақанның өзінен сақтандырып: “Ойбай, ойбай! Әне жүр, әне жүр! Кеп қалды, кеп қалды! Сақ бол, сақ бол!..” деп, бір ұшып, бір қонып, тынымсыз сарнай бастаган. Бұдан жаман болмас деген тәуекелмен тас лақтырып қуып, әрен құтылған.

Мана сауысқан сарқылдаған тұста неше күннен бері аш жолбарыс қоян алған екен. Бір-ақ секіріп, тарпа басқан. Ақ қар үстінде бата түскен екі-үш тамшы ғана қан көрінеді. Жеп үлгермеген сияқты. Кеуделеп жата бере атып тұрып, секіре қашыпты. Сезік пе, сақтық па. Көп ұзамай, қалың қараған ортасындағы ашық алаңға шыққан соң көлденендей тоқтап, аз бөгелген де, кере аттаған жедел аяңмен ары асқан. Шоқ бұтанды айнала бере, асығыс талқандап, азғана жемін жепті. Жерде ор қоянның құйрығының ұлпа ұшы мен жарты құлағы ғана қалған екен.

Осыдан соң-ақ аң мен адам арасында біреуінің басы бәйгеге тігілген андыс басталды.

Бұрын кісі тарапынан қудалау көрмеген, малға шауып, қорқауланған жолбарыс бой салып қашпады. Қалың қарағанды шыр айнала із тастаған. Екі-үш жұз қадамдай ілгеріде жүрген де отырған. Бір рет қарама-қарсы, шабынып жата да қалып еді. Шақан білте тұтатып үлгермеді, әрі жер алыс, нысана қолайсыз. Мылтықтың зәрі өнменінен өтті ме, әлде адамның пысы басты ма, құйрығын шұбалтып, көлденендей бере, қайтадан ығыса жөнелген. Із ыңғайымен жүрсе де жолға емес, алға қарап, әр бұтанды, әр шөпті бағып келе жатқан Шақан, қоян алған соң бұрынғыдан да ашыға түскен, ызалы жолбарыстың жүйкесі жұқарғанын анық пайымдады. Бірақ қарсы шаппаса керек. Оңдан, не солдан. Баспалап жатып, тұсынан өткізе бере. Немесе арттан. Қайырылып ізге түсіп. Артыңа абай бол деп еді

аксақал. Бірақ жолбарыстың төтенше қымылға шешінер түрі көрінбеген. Ұзап барып жата кетеді. Шақан тақағанда қайта жылжиды. Тек аралық жақындаса түсті. Қылпуын шалмағанмен, ізінен танылды: арда шері дегбірден айрылыпты. Енді аңшының да төзімі таусыла бастап еді.

Кенет арт жақтан, тым тақау жерден сауысқан шықылықтады. “Келе жатыр! Сақ, сақ бол!” Кім? Шақанның өзі, әрине. Жолбарыс ізі қалың қарағанды айналып, бір бүйірге тартқан екен. Шақан да із жөнімен айнала бере, кенет қос жаурыны бірдей шым етіп, қалт бұрылды. Тізерлей отыра қалып, қара мылтықты киік мүйіз сирағына орнатты да, шақпақ шақты. Майлы білте бықси тұтіндең, сыздықтай тұтанған. Шақан етпеттей жатып, он шақты қадам жердегі, жаңа ғана өзі өткен қысаң жолды нысанана алды. Ешқандай дыбыс жоқ. Тып-тыныш. Күйе бастаған білтені өшіруге ыңғайланды. Сол сәтінде сықырсыз, сыйдырсыз, мысық табандап, көлеңкедей жылжыған зау шерінің ақтаңдақ омырауы көрінді. Бетпе-бет кездесуді күтпеген жыртқыш дір етіп, тұра қалған. Шақан демін тарта бере шүріппені басты.

Төнірек тегіс отпен жарақтанып болған бағзы бір заманда, басқаның өнерін көзбен көрмесе де, көнілмен ұққан, ағашқа түйін түйіл, темірге тіл бітіре алатын қазақ дарқаны соққан, өз бойынан он есе артық міндет атқарып, талай сыннан өткен білтелі қара мылтық көк жалын шашып, иық соға тарс атылғанда, құйрығы шиырылып, төрт тағандай берген жолбарыс кеудеден жұз батпан шоқпар ұрғандай, лықси шегініп, шонқайып отыра кетті. Бірақ жығылмаған. Шақан жолбарысты астылы-ұстілі, қарыс сүйем, сап-сары төрт азуы аз-маз ғана айқаса, бозғыл тілі мен қан қызыл көмейі ажал төге ашылған аран ауыздан көздел еді. Ауыздан кірген ауыр қорғасын мойын омырқаны үзіп, желкеден шықса, жолбарыстың сырттаны болса да жер тарпуга шамасы келмей, етпетінен құлары хақ. Құламады. Өлде толқыныстан, әлде асығыстан сәл төмен ұрыпты. Өндіршегінен қызыл қан шапши саулаған жолбарыс шайқалақтай тұрып, аспанды қақырата ақырды. Аспанды қақырата ақырды да, тәлтіректей басып, алға аттады. Алға аттай бере, аузынан қан шашып, ышқына өкірді. Шиырылған құйрығы аш бүйірін сабап, төрт аяғын бауырына ала бере, жел көтерген қызыл жалындай атылды.

Шақан жолбарыс ақыра көтерілгенде мылтығын лақтырып тастан атып тұрып, қорғануға қам жасап еді. Сол мезетінде-ақ қуатты серпіннен анадай ұшып түсті. Аралық алыс па, ауыр жара адым тұсады ма, жыртқыш еркін іліндіре алмапты, еш жері мертікпеген. Бірақ орнынан тұрып үлгермеді, арылдай құтырып, лоқси қан құсқан жолбарыс тышқан басқан мысықша, төбеден қона кетті. Быртиған бақай ұшындағы жуан, еткір, ілгек орақ тырнақтарымен тарпи тырнап, жөтеле қан шашқан аран аузы тұра тاماққа төніп келе жатты. Үстінен ауыр салмақ басса да, денесіне тырнақ батпаған Шақан жолбарыспен жанталаса алысқан қалпы, сол жақ білегімен басын қорғалап, оң қолымен беліндегі селебесін суырды. Дөп-дөңгелек, үлкен жасыл көздері шатынай ұшқындалап, ауыр, ыстық демі бет шарпыған долы шері қыл арқанды жуан женді жүлкі тістеп, шақырлата қысқан сэтте Шақанның қылпыған сұр селебесі де аш

қолтықтан бойлай сұғылып еді. Адамның аруақ шақыра ышқынған, аңның жаны шырқырап, қинала өкірген үні қабаттаса шықты. Сол қолы білек ортасынан сақыр етіп сынғанын анық естіген, еш жері ауырмаған Шақан селебені бойлата толғап барып, қайта суырған. Дәл осы сәтте бір жақ бетін үш тармақ жалын шалып еді. Сол жақ көзін қызыл жалқын, көк теңбіл толқын басып, аузына қан толды. Бірақ бойына тың күш құйылғандай. Жыртқыштың аузындағы жаралы білекке бар салмағын салып, шірене көтеріліп, жолбарыстың қара қабырғасына қайыра қанжар ұрды.

Шашала өксіп, буындары бүгіле бере сылқ шөккен, езуі жиырылып, аузы ашылып, желке жүні тікірейе дірілдеп, артқы аяғымен жер тырнаған тайдай жолбарыстың астынан әрең шықты.

6

Теңіз бетін көгерे шытынаған, кемерлене дөңгеленіп барып, жиегі аласа, бояуы онғақ, бозғыл, тайқы аспанмен жымдасатын жайқын мұз құрсады. Мұз үстіне алашабыр қар түсті. Арқа беттен екпіндей жел соғып, мың сан жылан сумандай ысқырған жылжыма боран тұрды. Аяз қатайып, күн шенбері тарылды. Сатыrlай айрылып, тұтаса сірескен бозғыл меніреу бүкіл түстік өнірді өлі алапқа айналдырған. Жер шеті, тіршілік шегі осы сияқты.

Қырдан озып, ойдан шығып, теңізге бойлай сұғынған тұйық түбек – меніреу мен дүлей аралығындағы құт мекен сияқты. Жонның ұйтқыған бораны жоқ – қапалақтаған, жұмсақ қар ғана бар. Теңіздің өкпек желі жоқ – қамыс басы суылдаған, ағаш басы тербелген леп қана бар. Мал азғана – мініс аттары мен үйірлі қысырақ және мың қаралы қой – ұйықта, қопада бөгіп жатыр. Жел өтінен ықпайтын жылқы қырда тебіндесе де, күн райын андал, ақпанның кейде әлденеше күнге созылар ақырғы боранын бағып, таяу төңіректе жүр. Жалғыз Атабек аулы ғана емес, қыстауы Балқаш жағасынан бұйырған біраз жұрт ықтасын мүйістерге мінбелей қонған.

Көк теңізді жиектей көк түтін шұбалтып, ауыл мен ауыл арасына жол түсті. Соғым сойылып, ағайын-туыс, құда-жекжат, сыйбай-сыйлас арасында кезек шақырысқан, қонақасы, түстік жескен, қысқа күнде құс салып, ит жүгіртіп сейіл аулап, ұзақ кештерде әнгіме, жыр тербел, ән мен күй тыңдаған – көшпенділер өміріндегі жазғы жайлauдан соңғы ең мазаң, ең күйлі мезгіл – қыстауга жаңа орнықкан дарқан шақ еді. Жаз басы – мереке болса, қыс басы – қызық. Жазда жау шабар деп кім айтпақ, қыста жұт болар деп кім қайғырмак. Елдің көнілі жайланып, ердің белі шешілген кез еді.

Атабек ауылы – тұбектің ықтасын түкпіріне қонған он бес үй. Менсұлу – кіші әйелден туған кенже қыз екен. Атабек ақсақал үлкен үй – бес қанат ақ ордада әлі өнін жоғалта қоймаган, жүзінде қайғы табы бар, етженді, егде бәйбішемен ғана қалыпты. Шақанды қасынан шығармады. Күндіз табағы, қымызы бірге, кешке төсегі қатар. Жолбарыстың аран аузына

түсіп шыққан сынның білек шымырлай қышынады – жазылуға тақағаны. Бұратыла салдырып, мүлде бос қалып еді. Тері – жарақатсыз, сырты бүтін, бірақ сүйек күлпарша уатылған еken. Әлдекайдан ат шаптырып алдырган сыннықшы жылқының майымен сылап, саусағының ұшымен сипалап отырып үлкен сынның, ұсақ жаңқаларды тегіс орнына түсірді. Содан соң қайың тақтамен орап, байлан тастаған. Енді міне, кәдімгі қол қайта өсіп шыққандай. Тек сәл-пәл ғана қисая біткен сияқты. Ал беттегі, саулай аққан қаны омырауына құйылып, бүтін-тамтығы жоқ, ғаламат корқынышты көрінген жара осы ауылдағы тәуіп әлдебір шөп май жағып, жапырақ орап емдеген соң, тез қотырланды. Жара, кәдімгі жара. Тек көзінің қызығы алайып, езу еті қаша біткен. “Бәрекелді, жарақат – жігіт көркі“ деген Атабек ақсақал тәуба айтып. Алайда Шақан өз жарасының өзгеше тұрпатын анық аңдады. Адам түгілі аң шошитындей кепке еніпті. Ренжімеген. Қайта, сонысы ұнап еді.

Атабек ақсақал әңгімешіл адам еken. Елдің өткені туралы хикаясы, бүгіні туралы кеңесі таусылмады. Осы, өздері отырған қоныстың ғана тарихы неше кешке жетердей. Ал Шақанның құлағы тыңдағанмен, ойы алыста. Кең өмірге, бұйығы тірлікке біржола беріліп кетем бе, антымнан аттап, аруаққа шет болам ба деп қорыққан. Мұңсыз пенде жоқ, бірақ дәл өзіндей шерлі қайда бар. Жалғыздық, тұз кешіп, жеке жортқан жабайы өмір ғана мұның еншісі. Тек құлан-таза жазылуды күтіп отыр. Көз бүтін – бет садаға, қолдан айрылса, бәрінен айрылғаны емес пе.

– Ел иесіз, қой серкесіз, – дейді Атабек ақсақал ауыр күрсініп. – Баспак, тана – пұл болды, ақылы кеміс – би болды. Ұлыс ұлтарақтай іріп, тырнақтының шеңгелінде, азулының езуінде кетті. Аға сұлтан деген ұлық шықты, майыр деген бүлік шықты. Кім пайымдал, кім уайымдал жатыр... Ұққан, баққан ерде не қайран бар. Бүгінгің мереке, ертеңің не болар... – деген.

– Арғын-Ата – алты арыстың жағасы, үш алаштың тірегі деуші еді бізді, арқа белің опырылып сынды, аяқтан әл, қолдан дәрмен кетті, ендігі үміт – қалған қазакта, – деген. Алатаудың етегін жайлап, Көкжотадан Сырдың сағасына дейінгі ұлан байтақ аймақты толтыра қоныстанған ел жайын сұрастырған. Шақан жарытыймы жауап бере алмады. Айтқан азғана сөзіне ақсақал қанағаттанбаған. Бірақ жас қонағына деген ықылас-құрметі кемімеп еді. – Е-е, төсектен жеріп тұз кезер жөнін бар еken, бірақ балалықпен беріден қайырып отырсың, жұртыңа өкпелеуің орынсыз, – деген.

– Тәнірі тағаланың құдыретті пәрменімен жаратылған он сегіз мың ғаламда басы артық бір нәрсе жоқ. Қара жерде қыбырлаған құмырсқадан көк аспанда шарықтаған қыранға дейін, су сүзген балықтан шөл кешкен құланға дейін қылыштарынан кейіпті, қаншама маҳлұқат бар еken, соның бәрінің өз несібесі, өз орны болса керек. Хақ тағала біріне бірін селбестіріп, біріне бірін бақтырып қойған. Бірақ тұп иесі – адам. Ендеше, орнынды біл, карауындағы жан-жануарға жазықсыз жапа шектірме. Қожайын екем деп қоқандай берген ақыр түбі қу далада қалар, – деген. – Адам арасында да атадан азған, жолдан жаңылған кісілер ұшырасады, аң алжасса не жорық,

– деген сосын. – Бір жаман естен танды деп елден қалай айнырсың, бір жыртқыш етектен шалды деп жерден қалай безерсің. Бір ауылдан жеріген бар казакты жат көрер; жерде жазық жоқ, елде кінә жоқ, бар пәле кісісінде, ендеше, заманның ауқымын таны, адамның амалын тап, – деп, тұнжырай тоқтаған.

– Орнында бар оңалар, – деген тағы бір күні. – Кең қоныстың төрт бұрышын кернеп, сары дала, самал тау, шалқар дария – айналасы алты айлық құт мекенін лықа толтырып отырсың, ұрпағына қандай жау жәбір жасар. Кие – көпке қонады. Байлық – баста. Жарлылық – жалғыздықта. Тек... ердің еңсесі басылмасын, әйелдің ажары сынбасын. Елу жылда ел жаңа – жаңарып жатқан шағы болар. Жұз жылда қазан – қара боран алда болар. Біріншісі емес, соңғысы да емес. Жаңаның бәрі жаман болса, елден не қалатын еді. Қазанның бәрі қара болса, жерден не қалатын еді. Елің қонысында, жерің орнында. Ендеше, байбалам салма, байыз тап. Бұға берме, бұғананды бекіт. Есінді жи да, елінді ұйыстыр. Заман бізден озып, сізге жетті. Алысарың аң емес – адам. Күшің білек емес, білікте, білік емес, береке-бірлікте. Тұлқінің құйрығы да, бөрінің азуы да мұрат әкелмес, жолбарыстың жүргегі мен жүйкесі, ебі мен қайраты шешер ендігі істі, – деп серпіле тоқтаған.

Шақаның беті жазылды. Қолы бітті. Қөнілі жайланды, көкірегі кеңіді. Іші қайнап, жаңа қатер – тарғыл перімен бетпе-бет келетін, күш пен айла, дәт пен ерлік сынға түсетін айқас сәтіне асықкан. Күн құлактанып туған, мұз құрсаулы теңіз үсті сарғыш мұнарга бөккен күндердің бірінде, ұлы сәскеде, есігі айқара түрілген, ошағында қызара шалқып от жанған бес қанат ақ орда төрінде, күміс зерлі, үлкен қайың тегенені ортаға алған, қою, салқын қымыз үстінде өзін үш ай бойы бағып-қаққан, қалтқысыз сыйлаған ауыл ағасынан рұқсат сұрап еді. Атабек ақсақал жұдырығы түйілген екі қолымен тұқыра жер тіреп, үнсіз аз отырды.

– Балам, – деген сосын. – Мениң төрт тұлігім сай – малдан кемдігім жоқ. Жаудан өлген екі ұлдың ізін басып, жеті немере өсіп келеді – жаннан кемдігім жоқ. Бірақ... басым көп, барым түгел дей алмаймын. Жеті емес, жетпіс немере сыяр еді бауырыма. Алты ауыл емес, алты арыс қараса еді аузыма. Мына кең дала жаяудың аяғында кетпес үшін, ана мыңғырған мал жебірдің көмейінде кетпес үшін... алаштан асып туған аруақты ер керек. – Ақсақал ауыр құрсініп, тағы да бөгелді. Содан соң иығын көтеріп, еңсесін жазды, сақалын салалап, үнсіз жымиды. Өз қолымен сапырып, екі шараға да толтыра қымыз құйды. Мұртын сылап, ыдыс шетінен сыздықтай дәм алды да, сөзін қайта сабактады. – Сені алғаш көргенде жолбарыс перісі Жауқашар атамның аруағы алдыннан шықты ма деп едім. Атаға жете туған сырттан екенсің. Адасып келген жоқсың, құдай айдал, аруақ жетелеп әкелді. Енді менің үйімнен безер жөнің жоқ. Тұрпатың – тумаса да туғандай. Мен сендей ерге эке болуга жарамайтын жаман шал емеспін. Төріме төсегінді сал. Бел балам бол. Асық жілік ұстатаң, ат шаптырып той жасаймын. Ақ орда тігіп, атаулы еншінді бөліп беремін. Ілгеріде қалың керей, артта сыңсыған найман – қалаған жерімнен қалындық ойнатып, келін тұсірем. Ұрпақ, үрімің өз кіндігімнен өрген

немере, шөберелермен араласып, тең өседі. Асып жатса – менің мерейім, елдің қуанышы. Тәнірі тартқан сыбағаннан безбе. Осы ошақтың басында қал, – деген.

Бұл – Шақанның көнілмен андаған, көптен күткен сөзі еді, сонда да тосын естілді, ерекше толқытты. Ойланса, бүгежектеп, бөгелсе, қарияның ырқынан шыға алмасын анық пайымдаған. Шұғыл, әрі асығыс жауап берді.

– Эке, мен асық жілік ұстап, ақ отауыңа кіrmесем де, өзімді туған ұлдай көрем. Тек...

Шақан тамағы түйіртпектеліп, сөйлей алмай қалды. Енді болмаса, еніреп жылап, ақсақалдың аяғын құша жығылардай. Бар айтқанын құп табардай.

Атабек Шақанның көңіл қуйін кеміл таныды. Бірақ басқаша ұқты. Сирек ақ сақалды, қызыл шырайлы аққұба өніне қан жүгіріп, жанарын төмен салып, бөгеліп қалды.

– Өлде... – деді сосын тамағын кенеп, сабырлы, майда үнмен, – бөтен байыбың бар ма... Біздің... – Ақсақал мүлде қызырып кетті. – Біздің Арқа қыздары бұла өседі, ерке келді... Қылықты, көрікті...

– Жоқ!.. – деді Шақан. Даусы шығып кетті. – Мен... мен татымаймын! Көнілің көл екен, әке. Бірақ мен... мен – құдайдың қарғысына ұшыраған адаммын. Мен... мен тірі кісі емеспін, әке. Молам қазылған, сүйегім кемілген. Айтқам өзінізге. Енді жазмыштан озмыш жоқ. Қашан жолбарысқа жем болғанша жалғыз жортам. Обалыңызға қалам, әке. Ұл болсам отыра алмаймын, күйеу болсам, көндіге алмаймын. Қайғы арқалатам. Рұқсат бер, әке. Батаңды бер...

– Оралып, алдыңызға келем, – деді ақсақалдан бата алып, риза, қош айтысқан соң, көнілі босап. – Бес жылдан соң. Келмесем... жаназамды шығарып, құран аудартыңыз, әке...

Бірақ кете алмады. Әуелде апта бойы өзінің қыскы куркесінде жатқан. Бәлкім, жаз шыққанша жатар еді. Қашып шығуға – өзгеден емес, өзінен өзі қашуға тұра келген. Содан соң тасбақа тон жамылған Көкше-теңізді кемерлеп, шығысқа жол тартты. Жүруінен еруі, ілгерілеуінен айналымы көп болды. Сөгіле ойдымданған құпсек қарда екі-ақ рет із кескен. Бой салып қудаламады. Мүлде тазартып кетсе, несіне қайтып келмек. Көп ұзамай, шатырлап мұз ашылды, теңіз беті сапырылыса толқыған шұбар сенге толып, қырдан жас көде, балауса жусан иісі есті. Күн озған сайын дымқыл ызғар жұмсағып, күн қызыу арта түскен. Қырат жасыл мақпал жамылды. Ойпанды қалың құрак, биік шалғын басса, жар жағалаған, су кемерлеген сары қамыс көгере тарғылданып, бүкіл әлем жаңа бір кейіпке көшті. Теңіз беті тазарып, түстіктен жылы леп ескен.

Кезекті еруге кештете тоқтаған Шақан таң ата теңіз жағасына шығып еді. Қарсы бетте, созсан қол жетер, тай шаптырым жерде теңізге сарғая үніліп, сұғына тоқтаған қылыш жүзді тубекті көргенде қалт тұрып қалған. Бозара толқыған суға түйетайлана құлаған кенересін қалың тал, үйпалақ қамыс жапқан, орта тұсын сирек бұталы, иір-иір құм басқан түйе мойнақ түбек қиялай түскен күн сәулесімен қызыл сары ұшқын ата құбылады.

Тұған өлке Жетісу жерінің қыыр мүйісі. Көрмесе де естіген. Сары-Есік аталса керек. Балқаштың қылша белі. Осы тұста теңіз екіге бөлінеді: батыс жақ – сұрғылт, көгілжім, шығыс жақ – тұнық көк жасыл. Тұшы көл мен ашы көл тар бұғаз арқылы ғана жалғасып жатыр. Теңіз қайтқан жылдарда әлді аттың қос қабыргасына қос арқа қамыс буып, су астындағы жал құмдарды қуалай, қия жол салып, кешіп өтуге де болады дейтін. Кешіп өтуге.

Шақан келген жағына қарады. Дарқан ел. Менсұлу ауылы. Бет алған бағытына қарады. Ашы сулы өлі теңіз. Аңызақ дала. Оң қапталға – қарсы бетке көз тікті. Медиен құм. Аптап шөл. Бірақ туған жермен жалғас. Бұл атырапта Балқаштың сұы тұшы. Жағалай жүрсе... шөл де, құм да жоқ..

Шақан мас адамдай сенделіп аз тұрды да, кенет белінен селебесін сұрыпшып, асыға қапалақтап қамыс оруға кірісті. Қу ағаш жинады, тал шыбық шапты. Ақыры, бау-бау қамыс буып, арқа-арқа ағаш байлап, біріне-бірін қосып, шағын сал құрады. Жапырақ, бұтағы қалың көк талдан ескек жасады. Тұс ауя теңізге тұсқен.

Су беті тыныш еді. Бірақ әжептәуір ағыс бар екен. Шығысқа, көк айдынға қарай. Жүзгіштігі шамалы Шақан көңілі қобалжығанмен, кері бұрылмады. Қырындай тартып, асыға ескен. Егер ағысқа қарсы күшті жел тұрса, салды айдап, кең айдынға құса, Менсұлу ауылының тұсынан шығар едім-ау деген парықсыз ой келді. Ауыл көшіп кетті. Иен жұрт. Иен жағалау. Иен жұрт, иен жағалауда ісініп-кепкен өлік... Тірі болатын еді. Бірге көшетін еді Арқаның төсіндегі қан жайлауга. Отыратын еді боз отауда, ал шымылдық ішінде, Менсұлумен ойнап-құліп... Тірі. Тірі аруақ. Қары талғанына қарамай, сілтей ескен. Ағыс көңіл түкпіріндегі саламат ауылдан аулаққа қарай құған құрау-құрау жаман сал шыр көбелек айналып, солға қарай ойыса берді, ойыса берді. Ақыры, түбек тұмсығына ілінбей, ашық теңізге өте шықты. Бірақ бұл кезде ағыс әлсіреген. Тіпті, қарсы жағаға қарай толқыған сырғыма иірім пайда болды. Шақан бие сауымдай уақыт бейнеттеніп, Сары-есік түбегінің бел ортасынан, тымық мүйістен құрғаққа ілінген.

Жағаға шыққан бетте жер құшып, жер емес, құм құшып, етпетінен жата кетті. Өмір! Өмір лебі еседі. Құмның әр түйірінен, судың әр тамшысынан. Көгерे бүршіктенген ешкі тал, сарғая құлақтанған қамыстан...

Шақан кейінде қалған Арқа бетке қарады. Теңіз жиегі көкбуырыл шудалы, жағал-жағал толқын. Алыс қырда соншалық етене, сұрғылт сағым бұлдырайды. Өзі талақ етіп кеткен дарқан тірліктің елес, көлеңкесіндей. Тамағына өксік тығылды. Іші-бауыры езіліп бара жатты.

Кенет жер тарпып, атып тұрған. Бұғіле бере оқыс ышқынған. Ыза, кек, өкінішке толы шарасыз үн. Ашынған айқай емес, аңыраған жылау емес. Ақыра арылдаған айбат. Жолбарыс үні.

– Угха-угх! Угхх! Аоунңгх! Аунгхх! Угхх!!..

Іле, Балқашты, Лепсі, Қараталды – бүкіл Жетісуды неше мың жылдан бері еркін жайлап келе жатқан жолбарыс қауымына қара түнек ажал төнді.

Тарғыл шерінің әдіс-айласын, мінез-құлқын жетік билетін, болат қайрат, темір жүйке Шақан көп ұзамай білтелі мылтықты тастап, шақпак тегіршекті, сегіз қырлы жаңа іштесермен қаруланбақ. Бірақ ең басты қаруы – қатерден қашпайтын, ажалдан именбейтін жолбарыс жүрек болатын.

Шөнжіктің қызыл тарғыл, мақпал терісі оңай сыптырылды. Алдымен бірі. Содан соң екіншісі. Үшіншісі. Үлкендігі кебістей ғана, қос езуден ит тістері жаңа қылтиған, аузы ашылып, құлақ тесігі үнірейіп, қабырғалары қанталап, омыртқасы шодырая үзілген, бірінен бірі аумайтын, бірінен бірі сүмпайы, шибиген арық үш өлексе – оның да терісі сыптырылған, айқаса қарысқан, сынық сүйем, өткір азулары ырсиган, төбе сүйегі талқандалған басы шодырайып, бұлшықты мойны білеулене түскен, сирактары тарамыстана сомданып, құйрығы сабаулана ұзарып, ыңыршақ қабырғалары, теңкіген арам денесі тірі кезіндегіден әлдеқайда айбынды көрінген, етек толы емшек безінен сарғыш сүт сыздықтай тамшылаған жалаңаш қаншырдың баурына тасталды. Осылай жатсын. Апта бойы, ай бойы, жыл бойы. Қасқыр жұымайды жолбарыс жатағының маңына. Бірақ шыбын-шіркей бар. Құрт-кұмырсақ бар. Солардың жылдық несібесі. Жаз ортасы аумай-ақ құні кеше осы төңіректі әдепкі арылымен-ақ жайқап жүрген аң патшасының саудыраған ақсөңке сүйектері ғана қалмақ. Бір үлкен, үш бала жолбарыс. Енесі ақыра тұрмайды. Ауга шықпайды. Баласы асыр ойнамайды. Құн санап өспейді. Жарық құн нұрын жансыз сүйектер ғана қызықтамақ. Саудыр сүйек. Ал мұның баласының сүйегі де қалған жоқ.

“Көкее... Ңөөкк... Ңө-ө-ө...“

“Ойбай... Шақан... құрыдық... құрыдық... Кет пәлекет! Кет! Таста! Таста...“

“Нууа-а-бб!.. Ну-о-оу-у-унн!..“

Шақан-Шері, ол кезде жай ғана Шақан, тіпті қоянжүрек, қорқақ Шақан, жалмауыз жолбарыстың қамыстағы үйге қайтып ораларына кәміл сенген.

Айсыз, жұлдызсыз меніреу тұн еді. Көрдей қаранғы. Көрден де қаранғы. Әлде тұн ортасы. Әлде таң алды. Әлде бір үйқыдан соң. Тыптыныш. Ашық шаңырақтан аспан реңі байқалмайды. Қалың бұлт басқан. Қалың, қара бұлт аспанды емес, жер бетін, жетім, тұл үйді, қара шаңырақты бүркей жапқан. Аспан да, жер де жоқ. Айсыз, жұлдызсыз меніреу тұн ғана. Тұннің бір шамасы. Жаралы жыландаі шұбатылған, өлшеулі межесінен айрылған уақыт азаппен, әрен жылжиды.

Бір заматта, қалғып, кірпігі айқаса бере, жүрегі дір етті. Төбе қүйқасы шымырлап, жон арқасынан сүүқ тер құйылды. Төрде отырған Шақан беліндегі дәндәкуіне қол салып, шақпағы мен оттығын алды. Тізерлей түрегеп, алдында тұрған, биік мосы ағашқа құрылған мылтығының дүмін сипалады. Жылтыр, жұмыр ағаш сұп-сүүқ екен. “Сабыр, сабыр“

дегендей. “Мен барда қауіп жоқ“ дегендей. Шақан демін ішіне тартып, сыртқа құлақ түрді. Тып-тыныш. Тек өз жүргінің атқалақтай соққан дыбысы ғана естілді. Бірақ жалғыз емес еді. Не түндіктен шайтан кірді. Не іргеде дию-пері, жезтырнақ тұр. Кенет үйге бірдене сүйкенгендей болды. Ізінше қинала күрсінген дыбыс шықты. Сол сәтінде сарт етіп, сүйкей ұрған ауыр соққыдан кереге шытынап, киіз дырылдаған. Жолбарыс! Шақанның қыр арқасында, үй сыртында тұр.

Шақан шақпақ шағып, майшамды тұтатты. Шақпақ жарқылымен қоса төрт қанат киіз үйді тітіреткен арыл естілген. Жолбарыс керіле түрегеп, бар салмағымен асылса керек, уық омырылып, үзік жыртыла сөгілердей, кереге басы майыса сықырлады. Кісі тұрағына келген, адам иісін аңдаған соң біржола еркінсіген жыртқыш анадағы жалмауыздың нақ өзі екенине көзі жеткен Шақан бойына тың күш құйылғандай, кең тыныс, қажырлы байсал тапқан. “Кел! Кел бері, жалмауыз!..“ – деген дауыстап. Жолбарыс қалт тынды. Өлі тымырысқ орнаған. Содан соң есік алды сыйыр еткендей көрінді. Шақан қу шырпыны шамға тосып, от алды. Білте тұтатуға әзір отыр. Әлсіз дыбыс оң қапталдан шыққандай. Әлде ауыр ыңыраныс, әлде ызылды ысыл. Не болса да жан түршігер, түсініксіз дыбыс. Анығы – жолбарыс үйді айналып, іште отырған адамды алып жер қуыс іздел жүр. Шақан өзінің ақымақтығына, тым құрса керегенің екі-үш көзін жалаңаштап қоймағанына өкінді. Енді есік ашқаннан басқа амал жоқ. Бірақ ол үшін жолбарыстың үй сыртында тұрғанын анық білу керек. Қайдан білесің, жүрген ізі сезілмейді. Жоқ, міне. Есік алдына қайта келді. Ышқына өксіп, қалт тынды. Жактауды тырнап көрді. Содан соң арылдай ақырған. Тапты. Ең жұқа жер, ең әлсіз жер – есік. “Кел!.. Кел, жалмауыз!..“ – деді Шақан да ышқына ысылдап. Жолбарыс жарма есікті табанымен салып қалды. Әлде топса, әлде тиек күрт етіп сынған. Бірақ есік ашылмады. Іштен көлденең сырық байланған еді. Бәрі дұрыс, бәрі есеп бойынша. Шақан қара мылтығының білтесіне от қойды. “Кел, кел, қанішер!!“ – деді тістене кезеніп. Жолбарыс аршындай ышқынды да, сірә, шегініп серпін алса керек, есікті бар салмағымен соққан. Көлденең сырық опырыла үзілді, жарма қақ айрылып, есіктен лап берген жел лебімен жалп етіп сөнген білте шам сәулесінде сап-сары жолбарыстың жасыл ұшқын атқан әзірейіл көзі, арандай ашылған қып-қызыл аузы, асты-үсті айқаса шаншылған қанжардай жарқыраған қос аузы көрінген, сол мезетте Шақан да шүріппені басты. Мылтық даусын естіген жоқ, қара түнек қақ айрыла тілініп, қу темір ұшынан отты найзагай шашылған сәтте енді мұлде дәрменсіз болып қалған қаруын тастай бере, беліндегі селебені сұырды. Селебені сұырар-сұырмastaн лып етіп, бір бүйірге секіріп түскен. Секіріп түсер-түспестен жаңа ғана өзі мылтық құрып отырған мосы ағаштың шатыр етіп сынған, әлдененің дүңк етіп құлаған дыбысын естіді. Ізінше төрдегі жүк аударылды, үй іші опыр-топыр болды. Шақан керегеге арқасын тірең, бірі қарулы, бірі қаруызыз екі қолын бірдей алға созған қалпы, тізесін бүгіп тұра қалған. Төр жақта қоламтада қалған шаладай, көгере ұшқындал, толқи сөніп, жалғыз шоқ көрінеді. Шақан күреске түсер балуандай шабынған қалпы, тұтамдай жылжып, қатерден

аулақтауға тырысты. Көгерген шоқ та толқи қозғалып, соңынан ерген. Кенет Шақанның құлағы тарс ашылды: ышқынған арыл, ақыра зәр төккен айбаттан адамның бас сүйегі қақ айрылардай. Келер мәурітте өкірген үн тұншығынқы қырылға ауысты. Жолбарыс өкси шашалып барып, қалттынған. Бұл кезде дәл аяқ астына жеткен жалғыз шоқ та қызара күлгінденіп барып жалған етіп сөнді. Бірақ Шақан селебесін білеген қалпы, босағада тағы қаншама замат табандап тұрган да қойған.

Таң ата көрді. Ауыр қорғасын оқ жолбарыстың сол жақ қөзінен тиіп, қулақ шекесін қакырата талқандаған өткен еken. Соның өзінде Шақанды алып тұсуге шақ қалған, әп-сәтте орын ауыстырып үлгемесе, мойны үзіліп, бел омыртқасы сынып, жыртқыштың астына түседі еken.

Шақан жалмауыз жолбарысты артқы сирағынан сүйреп, топса, тиегі жұлына сынған есіктен әрең асырды. Ақ қар үстіне қолденең салған. Жалғыз ұлын жеген, жас әйелін өлтірген, енді өзін паршалауға шақ қалған жалмауыз арыстай болып, сұлық созылып жатыр. Бар бітісінде ызғарлы сұлулық бар. Енсіз, әрі қысқа қара жолақты, керіскедей қызығылттым сары. Тығыз, майда түгі жаңа атқан таң жарығында, кіршіксіз кар үстінде қалы кілемдей құлпырады. Әзірейіл әдемі болады деп кім ойлаған. Өлі әзірейіл.

Шақан үйді сырттап, жолбарыстың тұндеңі ізін бажайлай тексеріп шықты. Бір ғажабы, жолбарыс он жақ артқы аяғын қорғаншақтап басады еken. Ізі онша батыңқы емес. Ақсақ жолбарыс болды. Бірақ төңірек тегіс шиыр. Әуелі алыстан торуылдаған. Содан соң іргеден айналған. Бір емес, неше рет. Әзі отырган тұсқа келіп, қабырганы тырнаған кезде ғана анданпты. Ұйықтап жатса, есік бұзылған сәтте ғана оянбақ еken. Ал келген ізі... Қамыс ығында, арқанда тұрган Жұндікер ат осқырына дыбыс берді. Жануар. Обалын ойламапты. Әлде, алып жесін деді ме. Алып жесін, содан соң жемтік қасында, қамыста жатып қарауылдаймын деді. Ақымак. Ат, жай ат емес, бәйгеге шауып жүрген ат тістейді, тебеді, дәрмені жеткенше алысады. Алып жеу қыын емес, бірақ серпіле атылу керек, азмаз еңбек, бәлкім, тіпті, әжептәуір арпалыс керек. Ал адам... Тісі мен тырнағы, серпіні мен тепкісі жок. Женіл олжа. Дәніккен жыртқыш үшін ең оңай жем. Жеді ғой анада...

Шақаннның өне бойын дірілді ыза буды. Асықпай, салмақпен басып, үйге кірді. Опыр-топыр қорыс еken. Шашылған, төгілген қан еken. Жинаған жоқ, қараған жоқ. Босағадан кереге басынан үлкен ақ балтаны алды. Жүзі қылпып тұр. Бойындағы зәрлі айбары тарқамаған қалпы теңкіп жатқан жолбарысты екі-үш айналып шықты. Әуелі аязбен қатайып, қарыса бастаған жуан мойынды жаңғырыққа салды. Екі-ак ұрып, қанды басын ұшырып тұсірді. Содан соң артқы аяғын. Добал сирак тірсек үстінен қылған. Бірақ балта жүзі катты бірденеге тиіп еді. Жарқ етіп, ұшып түсті. Оқ. Кәдімгі, мылтық оғы. Тек домалақ қорғасын емес, ұштығы болат, сопақша бітімді, өзгеше оқ. “А, жалмауыз!“ – деді Шақан тістене дауыстап. – Саяп болған! Өзіңе сол керек еді, сары сапалақ!“ Бірақ жолбарысты бұдан ары бұтарламады. Ашуы сап басылған. Көңілін аяныш биледі. Өзіне. Өзінің көз алдында кеткен әйелі мен баласына.

“Мен де өлдім, – деп ойлады. – Сол күні жалмауыз жыртқыш мені де алып жеді. Мен жоқ адаммын. Тәнім сау, жаным өлген. Мен – өлікпін...“

“Ендеше, мені екінші қайтара ажал алмайды, – деп ойлады. – Ажал алса да, жолбарыс алмайды. Жолбарыс алмаса, мен қорқатын ештене де қалған жоқ.“

“Мен ештеңеден қорықпаймын, – деп ойлады. – Неден қорқам, қатын жоқ, бала жоқ. Өзім де жоқтын. Мен – жоқтын. Жолбарыс та жоқ болуга тиіс. Ерек, ұрғашысына қарамаймын. Бауырында баласы болса тіпті жақсы. Мен жолбарыстың тұқымын құртам! Мен – жолбарыс жүректі Шақан!“

“Мен бар екем, – деп ойлады. – Бар екем. Көрім қазылған жоқ. Атым өшкен жоқ. Сонда қалай... Жоқ. Мен – өлгем. Мен алдымен баламды, содан соң әйелімді өз қолыммен ажалға бергемін. Көз алдында жегіздім. Өзім жедім. Содан соң өлдім. Міне, қаралы үй алдында қызыл қаны актарылып, басы бір бөлек, аяғы бір бөлек, арыстай созылып жатқан – мен! Шапырашты Шақан! Ал мына мен – түрегеп тұрган, жаны жоқ, сұлдері бар, аты жоқ, аруағы бар – Шақан емес, тарғыл жолбарыс, ендеше, мениң атым – Шері!

Куаныш кетті.

“Шері! Шері! Мениң атым – Шері!“ – деді үш мәрте айқайлап.

Ал Шақан... Шақан марқұмның жаназасын шығару керек. Арулап көму керек...

Әудем жердегі жатаған төбе басында, арманда кеткен Ажар марқұмның жанынан тоң топырақты сүймендеп, таяз көр қазды.

Суық сірестіріп, тоңазып қата бастаған жолбарысты анада сойылған тай терісінің үстіне салып, атпен тартып әрең жеткізді. Құбылаға қаратып басын қойды, кесілген аяғын орнына салды, адамша арулап көмді.

Үйге келіп, бар қару-жарагын асынды да, атқа мініп, жүріп кетті. Басы ауган жаққа емес, Іленің ойына – қамысы қалың, жолбарысы мол иен өнірге. Жанкешті тірлікке біржола бел буып, өзіне өзі риза болып бара жатты.

Құтсыз қоныстан бір қонаға жерге ұзаган соң ес жиып, жан-жағына, өзінің бас-аяғына қараса – бәрі бұрынғыша. Кәдімгі адам. Шері де, пері де емес, Шақан. Баяғы Шақан!

Бірақ ер жігіт дәл осы арада қателескен. Шақан болса болар, баяғы Шақан емес. Ол Шақан шынында да қамысты тубекте, төмпешік басында, таяз болса да қайтып шықпас көрде қалды. Кеше корғансыз шекеден ауыр оқ тиіп, қазага ұшыраған – Шақанның өзі еді. Тарлан шері де табигаттың бұла перзенті болатын. Тіршілік заңымен, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өмір жорасымен тиесілі несібесін жеп, тоғай аралап, қамыс кезіп, жер басып жүріп жатқан. Кісі жолын кеспеген, адам баласына жамандық ойламаған. Күндердің күнінде түрлене құбылған тарғыл теріге қызыққан бір жауыз баспалап келіп, қапыда жарагаған болатын. Жазылmas жара машиқты өнерінен айырған, аштық пен ызалы кек қатарынан қысқан жолбарыс тайғақ жолға тұсті, әуелде қорқақтай бастап, әдіс-айламен жеңіп, дәніге келе именбей шауып, тарпа басып, оңай олжа, тәтті тамак

тапқан – адамның қылпуын шалса жыны құрысатын, кісі етін жеуді әдепкі кәсібіне айналдырған жалмауыз болып шықты. Кек – кекке жетелейді еken, жауыздық – тек жауыздық қана туғызады еken, ендігі кезек Шақанға жетіп еді.

Бойында жалғыз-ақ сезім қалған. Кек! Қан!

Шақан-Шері тымық ауаны, бүкіл төңіректі жаңғырықтыра, қарқылдан күлді.

III таралу

САРЫ ҚҰМНЫҢ ШАПҚЫНЫ

1

Бағзыдан бағзы, атамнан атам заманда Іле өзені Көкше теңізге қазіргідей күнбатыс тұмсықтан емес, бел ортадан құяды еken. Төбесі көк тіреген Ерен-Қабырғаның қарлы шындары мен мұзарт шатқалдарынан өзек жарып, меніреу Борқора мен жасыл Кетпенді қақ айыра арна салған, ылдига озған сайын қоры молайып, табаны кенеje түскен, Алатауды етектей өтерде күнгей қапталдан жамырай құлаған ағыны қатты, суы тұнық мың сан бұлақ пен ондаған өзеннен күш алышп, шалқи керіліп, байсал тапқан, жанат Жетісұдың қуре тамырындаі зәмзәм дария жалаңаш шағыл, бұйрат барқан, ен-байтақ Сарықұмды белінен басып, жазираға бойлай келе, әлденеше салаға тарамданады да, кең алап атырауды нұға толтырып, мәуеге бөлеп, мөлдірей төгілген беті, көкжиеқпен астасар ұшан су – Сары-Арқага жонын төсеп, алыш шортандай иірілген Балқаштың бауырында әрен тыныстаса керек. Ол кезде дарқан Іленің екі қабағы моншақтай тізілген қорғанды кент еken дейді. Ұрымнан Шынға тартылған, аралықтағы, алыш қыырдағы қаншама жұртты байланыстырған көне Жібек жолы дәл осы тұста терістікпен жалғас жаңа тармақ тауышп, аралары бірер күндік, қаптаған қала арқылы теңіз шегіне – Сары-Есік түбегіне барып бір-ақ тіреледі еken дейді. Еңсіз Ұзын-Арал бұғазынан қарсы бетке – қол созым жерде көрініп түрған боз белдеулі жайпанға қайықпен, салмен өту оп-оңай. Ар жағы – малы ыңырысған, жұртты құнірсіген қалың ел – Сары-Арқа. Ол заманда Жетісу үздіксіз керуен, тиімді саудамен, самсаған кентімен, құнарлы топырақтан нәр тартқан, қызулы күн мен мол судан күш алған мәуелі бақ, өнімді егінімен, құйқалы қоныста қоралап өрген қой, ен далада қостап жайылған жылқысымен – дәүлет, байлығымен ғана емес, інісі іждағатты, ағасы салауатты, ақсақалы абырайлы болған келісті тірлікпен, әйелі бала бағып, еркегі еңбек бағып, әркім өз шаруасын берік білген, аламан атқа мініп жер ұстаган, азамат билік құрып ел ұстаган іргелі ұжымымен, тек өз ішінде ғана емес, кең даланың төрт тарабын қоныстанған аталас ағайындардың бәрімен

ынтымақта болған ордалы елдігімен сәuletті еken дейді. Тұptеп келгенде елдің байлығы да, жұрттың құты да Жер-Ананың, Су-Ананың мейіршапағатының арқасы еken.

Анызга сенсеніз:

Байлыққа бөккен, дәuletке масайған жұрт құдайын ұмытады. Мейманасы тасыған ел әуелі үлкен орда ішінен кішкене отау тігеді. “Ортақ өгізден оңаша бұзау артық“ депті. Мұнысы рас, егер өгіз – кәдімгі соқа тартатын өгіз, бұзау – кәдімгі сүт еметін бұзау болса. Айтып отырғаны әлгі, қара жерді жалғыз мүйізімен көтеріп тұрған Көк Өгіздің өзі болса ше? Сонымен, азғана даудан соң оңаша бұзауға қол жетті. Бірақ күйлі көрінгенімен, сұтсіз қалған бұзаудың бабы табылмайды. Жаңа күтім керек, өзгеше бап керек. Төзім керек, шыдам керек еken. Бөлінбей қалған өгіздерден, тұқыл өгіз емес, мүйізді бұқалардан қорғау, сақтау керек еken. Ең бастысы – бір бұзауға қараган қаншама жұрттың береке-бірлігі керек еken. Оқшау отау, оңаша бұзау иелерінің төрт құбыласы сай келгенмен, дәл осы жағы жетімсіз шығады. Эке мен бала дауласады, аға мен іні жандасады. Ақыры, Көк ордага батпаған, Көк өгізден именген ежелгі дүшпан оңаша отауға, жетім бұзауға бас салады. Шығыстан құжынай қаптаған қалың қол Жетісудың шегіне енсе де, еліне кіре алмапты. Жұрт жиын, әскер мол. Қарсы шауып, қаржыса айқасады. Елін сақтап, жерін қорғап қалады. Бірақ биіктен етекке төгілген, күн озған сайын іргелене, бекіне түскен жауды қайыра айдал тастауға қуаты жетпейді. Аңдысқан, арбасқан заман туады. Ақыры, “Аңдыған алмай қоймайды“ деген, дүшпан жаңа бір амал тауыпты. Жын сыйырлады ма, диу кенес берді ме, қыл мойынға – күре тамырға қол созған. Іле өзенінің тау қыспағынан өтіп, кең анғарға шығатын тұсынан, сол қабақтағы ойпаң беттен дарияның биік қабағына қарай қиғаштай тартып, әрі кең, әрі терең ор қаза бастайды. Қарулы сан мың әскер ай қазыпты дейді, жыл қазыпты дейді, ақыры, киялай өрлеген алып тоған – құрғақ, жаңа арнаны дарияның дәл іргесіне әкеліпті дейді. Әкеліпті де, ұлан асыр той жасапты. Той жасапты да, ойдағы елге сүйк жарлықпен шапқыншы аттандырыпты. Сіздің құдайдан біздің құдай зерделі шықты депті. Сіздің ұлыстан біздің ұлыс мерейлі шықты депті. Күре тамырға лөкет пышақ көлденен тіреліп тұр, жан барда тәубаға кел, аяққа жығыл, құлдыққа көш; жанынды бер – басың өзінде, елінді бер – еркің өзінде депті. Жүрекжүтқан жұрт жирене күліпті дейді. Арыстан туган азамат арындаپ ат ұстапты дейді. Сол жерде күтсін, арада апта өтпей, қан майдан үстінде көрісеміз депті дейді. Құлкі – езуде тыныпты, ат – кермеде тыныпты. Елиші ауыр сәлем арқалап, кері қайтқаннан соң, бір күн өтіп, екі күн өтіп, үшінші күн дегенде таңертен үйқыдан оянған жұрт мың жыл бойы шалқып, толқып дәл іргеден ағып жатқан, жұз сан арық, мың тарау көріз арқылы жалпақ даланы мәуелі баққа ұйытқан, сай саласы, тармақ-бұтақтары бүкіл өлкеге нәр құйған жайқын дарияның мұлде сап болғанын, кеше шүпілдей толқыған арық қуарып, лықи аққан көріз үнірейе қарауытшып бос жатқанын, тас шегенді сардоба тұбінде ғана өлшеулі су қалғанын көреді. Дүркірей атқа қонған қалың әскер қуарып қалған жетім арнаны бойлай шауып, уәделі күні

майдан даласына келсе... – о, керемет! – қайран Іле – ұлым өзегі Іле дария сол жақ биік қабақты қақ жара қазылған, ені кең, табаны төмен жаңа арнаға аунап түсіп, маң далаға – құмды, тақырлы өлі алапка бет қойыпты... Дүшпан мерейі үстем шықты. Қуре тамыры қыылған, даласы курап, қаласы тозған – елдік емес, тірлік қуар кепке түскен жұрт қаскөй жауға табанды қарсылық қөрсете алмайды. Онсыз да шаңы шыққан дала иен қалады, онсыз да қаңыраған қала қирап тозады. Құні кеше ғана неше тарау өзен жапқан жасыл жазира қуара солып, жан-жақтан жеміре жылжыған құм қыспағына түседі. Әлбетте, қылышпен қаржысып, найзамен салысып, жау тепкініне төтеп берген, жұртынан босса да, жалауы жығылмаған біраз жұрт өзен бар жерде өмір бар десіп, дарияның жаңа аңғарына – жалаңаш тақырды көктей өтіп, бұйрат шағылдар мен шұбар барқандарды сөге тіліп, тың арна тапқан, енді Қекшे теңізге батыс жақ тұмсықтан тоғылған Іле бойына ірге аударады. Тек бұрынғы құнарлы қоныс жоқ, қаймағы тұтас ел жоқ – қала да тұрғыза алмапты, егін де сала алмапты. Бірақ баланың өзегі талмайды, ердің тынысы бітпейді. Жылқышы-Ата, Шопан-Ата, Ойсыл-Қара, Зенгі-Баба – төрт тұлік мал екен қазакты бар қыннан алып шыққан. Ендігі жерде аттың жалы, түйенің қомы шешеді көп істі. Тәуба, ырысымыз шайқалғаны бар, ортайғаны жоқ, мал сүмесіне қараған ел бұл жалғанда ештеңеден кемдік көрмейді десетін ақсақалдар. Ал бұл кезде ескі қонысты – қалалы, мәуелі атырау бойын жер астынан өніп, қаптай көшкен қалың құм басып қалған еді.

Ғылымға сенсөніз:

Шөл өзендерінің мінезі құбылма. Борпылдақ жыныс арқылы жол тартқан дарияның табанына лай батпақ пен қыыршық құм тұнады, екі қабақ жыл озған сайын кемерлене береді, ақыр түбінде, арада әлденеше жұз жыл өткенде өзен арнасы төнірегіндегі жерден әлдекайда биік болып шығады. Су ерекше қатты тасыған, жер шытынай сілкінген бір заманда, немесе, жарды үнгіп тоздырған басқадай табиғи себептен, әлдебір тұста өзен қабағы жырылыш кетеді, сол сәтінде-ақ дария лықси төгіліп, жаңа жол табады, мұлде басқа тарапқа қарай ағады, ескі арна құргап, ол өнірдегі бүкіл тіршілік өзгереді, табиғат басқаша кепке түседі. Немесе: адам, иә хайуанаттар әлемі табиғатқа кері әсер ететін жағдайлар бар. Қалың ормандар ысыраппен қыыльып, өртеліп, біржола жойылады, шөп пен бұта мал аяғында тозады, нәтижесінде жердің қыртысы бұзылады, осыдан соң бүкіл өнірді құргақшылық жайлайды; егер әлгі орман, тоғайлар шөл мен жазира шегінде тұрса, тамыры сөгілген, тиянак, тіректен ада жылжыма құм сырғи көшіп, тіршілік атаулыны жалмап жұта береді, жұта береді. Африкадағы Сахара шөлі сияқты, Іленің төрт тармақ, бес тармақ ескі аңғары – бір заманда Жетісүудың ең шұрайлы пұшпағы болған Сары-Есік-Атырау да осындай апатқа ұшыраган...

Бізге, яғни Авторға сенсөніз:

Аңыздың айтқаны – ақиқат, ғылымның түйгені – шындық, екеуі де рас. Күші асқан, мейманасы тасқан Адам Жер-Ананың бетіне таңба түсіреді, тәнін жарапап, тынысын тарылтады, қанын сорып, сөлін сыйып, қалқан,

қорғаныштан айырып, кеселді дертке жол ашады. Өткенін бағаламаған, ертеңін ойламаған, тек бүгінгі барын ғана қызықтаған жұрт атыраудың аңын қырғаны да, ағашын тауысқаны да күмәнсіз. Өлшеусіз еккен егіннен жер тозған, есепсіз шашқан судан дария таязыған. Ағысы қайтқан, арыны басылған өзен табанына құмды лай тұнбағанда қайтсін. Тынымсыз тырмалған жерден қыртыс кетіп, құнар қашпағанда қайтсін. Ақыр түбі егін топырактан жериді, дария арнадан жериді. Өз ісің. Жау келсе де жазық сенде. Жеріңің азған түрін андаған шығар. Еліңің тозған сиқын таныған шығар. Берекең азаймаса, беренің сөгілмесе, дәл іргеннен көр казуға қарымы қалай жетпек, батылы қалай бармақ. Шыққалы тұрған көз, үзілгелі тұрған омыртқа. Бұдан жұз жыл бұрын келменті. Екі жұз жыл бұрын алмапты. Баспаған. Батпаған. Ендеше, жазық Іледе емес. Елде де емес. Ерде. Сенде. Бәрімізде.

Пән оқымаған, ғылым тауыспаған Шақан Іленің арнасы ауғанын әлдекалай естігені бар. Жау шауыпты. Жағаны қазыпты. Өрдегі суды етекке құлатыпты. Ел қоныстан ауыпты... Емекі аңыз. Естіген де ұмытқан. Қай ертегі жадында тұрмак. Енді ойласа, бәрі қисынды сияқты. Бұдан неше жұз жыл бұрын суалған көне арна табан астында жатыр.

Әуелде жалаңаш шағыл, бұйра барқанды қақ жара созылған қолат анғарды бітісі өзгеше ойпаңға балаған. Созылыңқы сайды бойлап азғана жүрген соң, көлденендей құлаған құм жоталы мойнақтан асып түсіп еді, жаңағы шолақ анғардың қайтадан қазылып шыққанын, иретіле бұралып, көз көрімге дейін шұбалып жатқанын, керек десеніз, өзгеше бітімді, суагар ойпаң екенін көрді. Етекке қайта түсіп, бажайлай қарағанда күмәні қалмады: аңыздағы ескі арна.

Екі жақ қабақ та айқын бедерленген: көбіне түйетайлана құлаған жарлауыт, немесе бұйралана шошайған құм шоқымен астас қия беткей. Енді бір тұстарда заманында су кемірген, бітеу, қатқыл, тіке қабырға. Топырағы қыртыс-қыртысымен жолақтана шұбартқан биік жар шұрық-шұрық. Шақшақ пен қарлығаш ұялары. Сансыз ұя. Осы, қабырғаны қуыстай үнгіген ұяларда мың сан жұмыртқа салынған, сары ауыз балапандардың шұпірлеген шиқылы байсал аққан су сылдырымен астасқан, қылыш қанат, айыр құйрық қарлығаш, бауыры мамық, тамағы үлпек шақшақ су бетін сүзе ұшып, жарды жағалай, қырды көбелей ұшып, ұядағы балаға жем тасыған. Сондай бір дулы, дарқан тірлік болған. Ал қазір сүйлдаған қанат та, шұпірлеген балапан да жоқ. Үнірейген ұялар ғана тұр. Көбінің аузын жел улеп, көбінің қуысы кеңіп, сондай сиқысыз, елі кепке түскен.

Жайлы ұя қайда, жапырлаған құс қайда – шалқи төгілген дариядан тамшы қалмаған. Табан асты – жарыла шытынаған сортан тақыр – әр жерде шоқтана шаңытқан итсигек қана көрінеді, бұл – арнаның темір астауға тірелген терен, ойпаң тұстары. Көбіне-көп жер аласарған, шан, топырақ, құм басып, арна биіктеген. Мұндай тұстарда алашабыр өмір елесі бар: сабаны шыға қураған сирек баяльш пен шаңыта бозарған жатаған торғайоты көрінеді, сояулана түктенген сұрықсыз қарабарақ, жайлы қонысын жаңа тапқан, сойдия тікенектенген жантак пен теріскен

көзге шалынады. Эр тұста жар жиектей шоқ-шоқ қызыл жыңғыл өскен еken. Шөп пен бұта қысқы қар сүйнан, көктемде, күзде әлдеқалай сіркіреп өткен жаңбыр тамшысынан ғана нәр алатыны, Жер-Ана өз перзенттерінен біржола жеріп, бар тілек Көк-Атада ғана қалғаны айқын анғарылады. Бір заманда, бәлкім, су деңгейі астыда, арқан бойы төменде ғана тұрғанда қақ ортаға бірнеше түп қатын сексеуіл біткен еken, жер астындағы су біржола қашқан соң ол да аптаңқа шыдамай, тұқым-тұяғымен омырыла құлапты, қожыр-қожыр қара томар, жуан, бозғыл күрен, иіrmек діңдер жансыз ағаш емес, жапырыла жыңылған адам – осы өлкені жайланаған, алапат аптаңқа ұшырап, қырғын тапқан кісілердің қанка сүйектері сияқты.

Кеше ғана құм төсінде қалың молаға ұшырасып еді. Бейуақта, дөнес үстінде жалдана қарауытқан сексеуіл тоғайы сұлбаланған. Тақап келгенде ескі, жаңасы аралас, тарамдана сербиіп, тығыз өскен қалың сексеуілден бойы озып, сұғына сорайған, қарауыта үнірейген әлдебір қабырғалар көрінді. Жақындаған сайын көңіл азынатар тылсымды сурет айқындала тұсті. Шекесі кетілген, төбесі тесілген, кейде тіпті шаңырағы құлап, астыңғы орамы ғана қалған, қызыл қыштан, ақ кіріштен тұрғызылған үлкенді, кішілі, дөңгелек, қырлы күмбездер; құлағы мұжілген, есігі құлаған, қақ ортадан айрыла сөгілген, қабырғасы қисайған, көбіне жетім бұрыштары ғана сорайған төртқұлақ бейіттер; жер болған қабір, тегістелген молада есеп жоқ. Көз көрім жерді түгел алып жатқан байтак зират – аруақтар қаласы сияқты. Қаншама заманнан бері жан жуықтамағаны бейіттердің тозған, көнерген түрінен ғана емес, бойлай өскен сексеуіл мен қалың жыңғылдан, сексеуіл мен жыңғылдың молдығынан ғана емес, бытырлаған бұта, қабаттаса айқасқан, тарбақ-сарбақ ағаш, шіріп, тозған қу томардан танылатын. Шақан аруақтар шаһарын бастан аяқ кесіп етті. Адам ізін, тіршілік белгісін таппаған. Аң мекені, жыртқыштар жатагына айналыпты. Аруақ-шаһар шегінде, тозаңыта батқан сары күрең күннің ақырғы шапағында, бозғыл қырбақ тұзы шығып, сораң тартқан топырақты оя түскен арлан жолбарыс ізін айқын танып еді. Екі күннен бері соңына түсіп келе жатқан жұмбақты жыртқыш. Сақтықты мүлде ұмытыпты. Аруақ-шаһардың терістік шегіне шыға берістегі, қабырғалары қызыл қыш ернекті, біршама бүтін сақталған сегіз қырлы күмбез іргесінде, дара біткен, бұтақтары тарбия жайылған биік тораңғы түбінде істікке қадаған сүр етті майын шыжылдата отқа қақтап отырғанда есіне тұсті. Астапыралда – зират шегіне енгенинен бері неше өліп, неше тіріліпті. Шақан күйіп піскен еттен тарамдап нәр алды да, арқасында байлаулы жүретін, бүгін мүлде жеңілейген жалпақ көн торсықтан бірер жұтып, шөлін қайырды. Ас-су, керек-жарағын арқалап, мылтығын мойнына ілген қалпы тораңғы басына шықты да, айыр бұтаққа жайғасып отырып, үйқыға кетті. Елес шалмай, түс көрмей, тыныш, әрі қатты үйықтапты. Таң сәулесімен, шегіртке шырылымен оянды. Керіліп бой жаза бере көзі атыздай болған. Тораңғы түбіндегі құм үйпа-түйпа, жолбарыс ізінен көрінбейді. Тарғыл пері тұннің бір уағында келген. Біктегі адамды көріп, шарасыз қалыпта ағашты шыр

айналған. Содан соң Шақанның дәл астына жатып, дем алған. Ақыры, оңай олжадан күдер үзіп, жайына кеткен. Немесе, осы манда, таяқ тастам, бір секірім жерде жемін бағып отыр. Фажабы бұл емес, талай жолбарыстың терісін сыптырған, жыртқыштың мінез-құлқы, әдіс айласына жетік Шақанның ешқандай сыйбыр сезбеуі. Биікке шықтым деп соншама қамсыз ұйықтаған. Шерінің келгенін көрмесін, тұрғанын, жатқанын андамасын, көкке қарап шыр айналғанда тысырын естімесін, тым құрса кулімсі ісін тануы, қатер белгісін түйсініп, сезуі керек еді ғой! Әлде... жолбарыс емес, жын-пері ме. Жоқ, кәдімгі тарғыл тонның өзі. Ізі сайрап жатыр. Асы аз, суы тапшы Шақан мылтығын сайлаған қалпы, тораңғы басында әжептәуір уақыт отырды. Ақыры, шөл қысып, ыза буып, тәуекелге бекінген. Мылтықтың шуріппесін қайыра ұстаған қалпы, сырғып жерге түсті. Тораңғының қара қожыр, жуан діңіне арқасын тіреп, сыйбыр шықса тарс атуға ынғайланып тағы біраз тұрды. Сосын сығалап, баспалап, ашыққа жеткен. Шегіншектей жылжып, сексеуіл мен жынғыл басқан Аруак-шаһардан қырық қадам ұзағанда екі иінінен әрен дем алған. Енді қатер жоқ. Жолбарыс екеуі тен қарулы. Тен емес. Айдаладан жайратар жасын ұстаған әккі аңшы басым.

Аруак-шаһарды іргелей із кесіп еді, жолбарыс жайымен адымдап иен қыырға – қалың құм ішіне тұра тартқан еken. Әлде ашық ұрыска шақырғаны. Әлде аулақта бас сауғаламақ. Бірақ елес болмаса, жын-пері болмаса, аңызак шөлге неге шықты? Шақан ұлкендер сөзін есіне түсірген. Молалы жерде су бар. Сулы жерде ел бар. Болған. Баяғыда. Бәрі де. Әуелі су көшті. Су соңынан ел кетті. Өлі мола ғана қалды. Әйтсе де жолбарыс мінезі жұмбақ еді. Шақан артына қарайлап аз бөгелді де ізге түсті.

Тарғыл шеріні бұдан бұрын да құмда қудалағаны бар. Өнімсіз тірлік. Сен бір шағылға өрлең келе жатқанда, ол екінші бір тұрғыдан иектеп, сексеуіл, не жынғыл көленкесінде дем алып, немесе қызылша мен теріскен түбінде баспалап жатады. Сен жақындағанда орағыта жүріп, кезекті барқанға асады. Ұзағысы келмесе. Жаңа ғана ірі аң ілген тоқтықтан еріншек тартса. Әйтпесе, орғи шауып, оп-онай ұзап кетеді. Үілдеген жел құм бетіндегі қандай таңбаны болмасын әп-сәтте тегістеп жібереді. Тапқыш болсан іздеп көр. Бірақ қаралқырық аулауды кәсіптеген құм жолбарыстың өзінің сусыз тірлігі жоқ, қайткенде де өзен аңгарынан, көл төңірегінен көп ұзамайтын. Ал мынау – аңшыны мазақ қылғысы келгендей, мұнартасарғайған көкжиекке тұра тартыпты.

Аяу тымық еді. Аспанда теңгедей бұлт жоқ. Шөлде күн шапақтанбай, қызара толқымай, төңкеріле дөңгеленіп, тез шығады еken. Сап-сары. Найза бойы көтерілмей-ақ көмір мен көрікте балқыған ақ болатқа айналды. Аспанның сұрқы қашып, бозғыл тұске енген. Белес-белес, бұйра тарғыл құм беті тіке қадалған күн сәулесінен от алып, толқынды, шілінгір леп шашады. Мұндай ыстықта есі тұзу адам мен аң көленкеке қуса керек. Шақан жолбарыстың көп ұзамасына, әлденендей тораңғы түбіне, не сексеуіл тасасына жатып, тыным аларына күмәнданбаған. Мый қайнаған ыстықта, қапырық көленкеде бұйыға маужырап жатқан жолбарыстың талайын атқан. Шенберлей айналып, көлденендей кесіп қанша шалса да,

із әуелгі, тұра терістік бетке тартқан тұзу бағытынан жаңылмады. Тіпті, жүрісін жеделдете түскендей. Бұйрат белестерді баса өткен із сұлбасын желсіз жылжыған қиыршық бүркепті.

Ыстық соғып, шөл қыса бастаған Шақан тұс ауа осы құрғақ арнаға ұшыраған. Жолбарыс ізінен де осы тұста айрылып еді. Жай ғана із кумаған, із соңынан су іздеген, бостан-босқа қанғымайтын құм жолбарысы әлденендей көлге, не бұлақ, өзенге бастап апарар деп ойлаған Шақан өзінің иен шөлде қалғанын, таяу төніректе – үш-төрт күндік жерде ел де, су да жоғын, киян құм ішінде қatalап өлуі мүмкін екенін сонда ғана пайымдады. Бар үміт көне арнада. Ойпаң тұстарына қақ тұруы мүмкін ғой. Қар суы не жаңбыр суы. Құм арқылы өтетін өзендердің үзіліп барып, қайта жалғасып кететіні болады. Әлдебір жерде сылдырап су ағып жатса несі бар. Ұшан дарияның көне өзегінде бір тамшы нәр қалмауы мүмкін емес. Жолбарыс тегіннен-тегін иенге бет түзеген жоқ. Суат бар. Таяу манда.

Ескі арна ілгерілеген сайын қуара тұсті. Тіпті, табаны таязып, жайдақтана бастаған. Тозған сексеуіл мен шытынаған жыңғылдан өзге сербиген бұта көрінбейді. Шақан жағаға шықты. Толқындана буалдырланған, мұнарта шаңытқан құм теңізінен көз қарығардай. Шетсіз, шексіз. Тіршіліксіз, тұлдырысыз. Сарықұмның қақ ортасы – жан иесіне аяушылығы жоқ, мейірімсіз, шапағатсыз, аңызақ шөл, бірлі-жарым адам емес, ордалы ұлыстың басын жұткан жеміт аран құрдым.

Шақан торсығын сарқа төңкеріп, ең соңғы тамшы суын ішті.

2

Дарияның кең арнасынан ағыс қашқан соң, сай-сала, жылға, жыраларды бойлай тамыр жайған жүз тарау бұлақ түгел тартылады. Бүкіл атырау бойындағы шақанды, қамысты көлдер тегіс кебеді. Қайнаған тұмалар мен шүпілдеген құдықтардың көзі бітеледі. Мөлдір судан нәр, қызулы қүннен күш алған қара жер құрғай үгітіліп, шытынай жарылып, сән-көркінен айрылады, тірлік-тынысы тарылып, өң-шырайы мұлде өзгеше кепке көше бастайды. Алдымен бау-бақша, жасыл шөп, гүл-бәйшешек курайды. Одан кейін тал мен шілік солып семеді. Содан соң өлім кезегі көк терек пен күміс жидеге жетеді. Бойы биік агаشتан жалғыз тұқым – жуан діні қыртысты, мың тармақ тамыры терең, аңызақ шөлге де, аптаң желге де төтеп берер темірөзек тораңғы ғана қалады. Барлық жерде емес. Бір кездегі ойпандар мен жылғаларда, ескі арнаның терең иірімдерінде. Оның да етегін құм басқан. Бірақ еңсесі тұспеген. Бағзы бір замандағы дарқан тірлік елесіндей, карауыта бой созып, тенге жапырактары желмен жамырап, өзінің өткенін жоқтап, жалғыздығына налып, бозара сыңсиды. Жалғызсырамас, жыламас жөні жоқ. Төңірегі – тірлік-тынысы, бітіс-болмысы өзгеше, жат нәсіл. Мекені – жаңа кепке енген, жаңа кейіп тапқан жат жер. Токтаусыз, толассыз жылжып, мыңдаған жылдар бойы өскен, өркендерген, шырайлы тірлік кешкен, енді

қан тамыры қылышп, әл, қуаттан, қорғаныш, қарекеттен айрылған құнарлы, құйқалы өлкені біржола жаулап, қаптай басқан сары құм – кенеусіз, келенсіз, мархабатсыз сары құммен қоса өндіген жүзгін мен түйесінір, аксора мен қоянсүйек, жынғыл мен сексеуіл... Әйтсе де... Құм топаны қөмген, тапалған, тұл қалған, бар сөлі құзар тереңге қашқан Жер-Ана тіршілік нәрін үзбеген соң, бейнет шеккен жарлы болса да, азап шеккен жалқы болса да тамыр тартып, жапырақ жайып, ұрпаққа-ұрпақ жалғап, ғасырдан-ғасыр озып, құн кешіп келеді...

Аспан мұнартта айналып, жер сағымдана қызып, ауа өкпе өртер ыстық, тыныс буар қапырық, қоймалжың, әрі құрғақ буга айналған сәске тұс әлетінде шөл қысқан, тілі ісіп, бар тамыры тарылған Шақан терең арнаны бойлай біткен тораңғы тоғайына жетіп жығылды. Ес пен тұс, өң мен елес арасында қыбырсыз, қымылсыз ұзақ жатқан.

Қалтырай сыйдырлаған бозғылттым, теңге жапырақтар қоңыр самал желппиді. Ауа кен, жерде салқын сыз бар. Шулыға кепкен қан жылымық ағыс тауып, құрысқан тері, қатқан тарамыс, қураған талшық атаулы дымды нәр тартқандай, жанары буалдырлана ашылып, өн-бойы салыға сергіген Шақан әлдебір кезде қос қолдап жер тірей бас көтерді. Қарсы алдында жылан көздері сыйырая мөлиіп, шұнақ типыл құлаққа жете синаладай айрылған, қарыс сүйемге жуық, кеберсі, ку жағынан қос айыр, қызғылттым сары, ұзын тілі жаландай суман қағып, тұрқы сала құлаш, жуандығы бура мойнындей, тарғыл келес тұр екен. Кәдімгі, шөл иесі – жақын туысы шегіртке, аталас бауыры жылан, алысырақ ағайындары бақа-шаян, тышқан – тінтінектеп құн кешкен жәндік атаулыны түгел алып жейтін, тынымсыз қарақшылық құратын алып кесіртке. Өзі тіршілігінде талай көрген, кісінің қылпуын шалса болды құм боратып, тұра қашатын сүмпайы мақұлық. Желкесі құжірейіп, тамағы бұлқ-бұлқ етіп, синай қарайды. Әлде бұдан бұрын адам көрмеген. Әлде дымы құрып, жалпасынан жатқан жалғыз жаяуды қатер санамайды. Шақан аяғын жиып, еңсесін жазғанда білеу құйрығы шұбала шиширылып, көн қабыршақты қызыл тарғыл арқасы дір етті де, сұрғылт шұбар бүйірін солықтай соғып, бақайшақтары құмға кіре, төрттағандап тұра қалды: “Неше күндік азығым...“ Кенет Шақанның құлкісі келді. Жолбарыс батпаған батырды жыбырлаған кесіртке алып жейді. Қызық емес пе. Шынында, мына келес өзін неше күнде жеп тауысар екен?.. Ыза болған. Тамағы кеуіп, тілі оратылмай тұрса да, көмекейден әрен дем тартып, айбаттана ақырды. Ақырғанға ұқсас дыбыс шығарды. Төрт аяқтай секірді ме, әлде ұзын, білеу құйрығымен серпілді ме, қызыл тарғыл келес астындағы құмын бұрқ еткізе шашып, атқи қашқан. Ақымақ. Ақымақсың деді Шақан өзіне өзі. Жана сонша үрейленбей, бойын үретіп, аз-маз алдарқатсаң ғой, таяқпен ұрып алатын едің. Содан соң күре тамырын қиып, қызыл қанына тоятын едің. Көн қабыршақты келесте қан болса. Қан. Кесіртке қаны. Шақанның көзі қарауытып, жүрегі лоблыды. Кесіртке қаны аузына желімдей жабысып, ішкі, сыртқы бар ағзасын былғағандай. Созалаңдап, орнынан әрен тұрды. Мүмкін су бар шығар. Иретіле шатқаяқтап жүріп кеткен.

Самалды, көлеңкелі тораңғы тоғайының аумағы ауыл қотанындағай ғана екен. Бір жағы – жіңішке саршұнақтардың іні шұрық-шұрық тескен, түйетайлы, биік жар. Екінші жағы – қураған текесақал, қараматау өскен, кей тұста бұратыла шиырылған жолақ құммен астасатын сортан тақыршақ. Ал тоғай іші қата семген құмдақ топырақ еді. Бір тамшы су жоқ. Судың нышаны жоқ. Қазса... неше құлаш жерден су шығар еді. Неше күн қазбак, немен қазбак...

Күн екіншіге ауыпты. Бірақ өзгеше тымырсық көрінеді. Жер мен көк демін ішіне тартып, құңғарсіген ауа көкірекке зіл батпан салмақ түсіргендей. Шақан қарсы бетке – аспаны кірлеуіт, бозғыл қүрен, жер мен көк арасында тұлдыры жоқ терістік шығысқа көз салып еді. Көкжиектен қылтия будақтап, ірімшіктей ақ сары бұлт көтерілді. Жалдана шиаратылып, жоғары өрлеп барады. Өрлеген сайын аумақтана, айдындана түсті. Аздан соң жайыла тарап, жарым көкжиекті жапқан. Тәңкеріле аударылған, толқына тулаған астыңғы қабаты лайсан қара қошқыл, бұқтеле шумақталып, серпіле суырылған, деме-демде биікпен таласа шалқылған үстіңгі жағы отқа түсіп шыққан жez қаңылтырдай қызығылтый бурыл түске енген, кенеусіз қүш, тегеурінді екпінмен лықи төгілген ғаламат бұлт жарым дүниені булықтыра басып, гүілдей азынап, уақыт озған сайын жақындал келе жатты. Шақаның құлағына саршұнақтардың бей-берекет шақылдасқан дыбысы жеткен. Оларға жауап ретінде шөл торғайының әлсіз, үрейлі шиқылы естілді. Әлдеқайдан қара ала қанат көк тағанақ ұшып келіп, тораңғының қалың жапырағының арасына сұңгіп кетті. Анадайдан, кәрі тораңғы түбінен дүңкіе домаланған құлакты кірпі тоңқандай жүгіріп өтті. Аяқ астынан шыға келген жұмыр бас, жасыл кесіртке құйрығын шиыра шошайтып сәл түрді да, кенет төрт аяқпен бірдей бората құм қазып, суга батқандай жоқ болды. Мана жансыз ағаштан бөтен тірлігі танылмаған құмды шөл жау шабар алдындағы көшпелі ауыл сияқты, абыр-сабыр кепке түсіпті. Шақан сонда ғана айқын таныды. Құм дауылы. Құм дауылы келе жатыр.

Гүіл жақындағай түсті. Төбедегі күн оқыс тұтылғандай, аспан қарауыта үнірепіп, тәңірек тунекке батты. Сол сәтінде-ақ жер-дүние шулай азынап, ауаны қызыл қүрен түтек көмген. Пана іздеп қалыңға қарай қашқан Шақан қосарлана біткен, жуан, биік тораңғының түбіне әрең жетті. Сол сәтінде-ақ жын-перінің ордасы қалың пердемен қалқалағандай сезінді. Таяқ тастам жер көрінбейді. Қу жапырақтар қалбалактай жүзіп, ұсақ құм түйіршіктері үйіріле ұшып, бетті, қолды шымши ұрғылап жатыр. Бірақ түтек те, дауыл да жоқ. Құм ойранының бар салмағын көтеріп алған, мұндай апattyң талайын басынан өткерген тораңғы тоғайы – алапат толқын ұрған, асты үстіне тәңкерілген долы теңіздің жан жағынан күркे жартастармен қоршалған тымық қойнауы тәрізді. Аздан соң ағаш басын тербей шулаган жел үніне, тәңіректі тегіс тұмшалаған, уақыт озған сайын қалыңдағай түскен тылсым тунекке бойы үйренген Шақан еркін дем алып, тораңғының жуан, қара қожыр діңіне арқасын сүйеп, көкке мойын соза, көзін жұмып, сұлық отырды да қойды.

Мәңгіре мұлғіп, көзі ілініп кеткен еken. Селк етіп оянды. Тұннің бір уағы. Немесе кеш әлі батпаған. Бәрібір. Қаранғы. Қоюлана түскен, тұтаса түскен дулей қаранғылық. Торанғы басы шуылдал, жел азынап тұр. Құм бораны күшейе түскен сияқты. Шақан қайтадан көзін жұмды. Көзін жұма бере тағы да селк етті. Атып тұрган. Бұл жолы анық. Бетін сипалап еді. Қолы дымға тиді. Жаңбыр! Сап-салқын, ірі, ірі болғанда бұршақтай жаңбыр тамшысы. Шақан қармалай сипанып, ашыққа шыққан. Шығаршықпастан қаңғалактай шайқалып, кері шегінді. Қойын-қонышы ыстық күмға, әлі ыстық, жай ғана ыстық емес, шыны ұнтағындаі өткір, жан тітірентер сүйкімсіз қиыршық күмға толып кеткен. Құлақ, мұрны кептеліп қалса керек, ал аузы шықыр-шықыр етеді. Қайдағы жаңбыр. Мұндай аптап шөлде жаңбыр жауа ма. Жаңбыр емес, топан төгілсе жерге түсе ме. Шақан қалыңға қайта кірді. Бірақ жаңағы, егіз өскен жуан тораңғыны таба алмаған. Тұбінде мылтығы қалып еді. Мейлі. Сипалап жүріп, басқа бір жуан ағаш ығына жайғасты. Аузы толған шыны құмды құрғақ, ұлken, ұлken болғанда сиырдың тіліндей, жансыз тілімен қанша толғаса да тазарта алмаған. Ақыры, тісі шықырлаған, ұрты толған қалпында тағы да мәңгіріп үйіктап кетті. Есенгіреген қалпы, тозақтың қақ ортасында, жынында ойнағында жатқандай, мәңгүрт хал кешкен.

Сап тыныштықтан оянды. Тамыр тарылып, құлақ шулаған, тыныс бітіп, дene салыққан қатерлі тыныштық. Дауыл да, боран да жоқ. Лұп еткен леп білінбейді. Төнірек көз шағылар жарық. Дөңгелене толысқан аппақ күн найза бойы биіктегі тұр. Жер әлемді қуыра шыжғырып барады. Азан емес, тал түс кезіндегідей. Ешқашан батпаған, бетін көленке шалмаған. Сэт озған сайын қызын күшеттіп, бозамық жалын шашып, неше жыл, неше ықылымнан бері шақырайып тұра берген. Бар ғаламдағы өмір анасы күн құмды шөлде тіршілік атаулының жауы еken. Бұған қарағанда кешегі түнекті дауыл жанашыр досың сияқты. Тым құрса шыжғырмай, тірідей қақтамай өлтіреді ғой.

Шақан сандала қалталактап жүріп, мылтығын әрең тапты. Тапқан беті бүккетіліп отыра кеткен. Сол сәтінде бетіне салқын тамшы тиіп еді. Шақан тер деп ойлаған. Өлім алдындағы ең соңғы аңы тамшы. Қан кеуіп, бар тәнің қурай бырысқан шақта да тер шығады еken. Ажал тері. Жағын сипай бергенде қол сыртына тағы бір тамшы тамды.

О, тәнірі! О, қасиетті тораңғы! Қара қожыр қабықты жуан діннің кісі бойы жердегі томпақтана біткен безінен ақ мөлдір сөл тамшылап тұр еken. Тораңғыны құшақтай екпеттеген Шақан дымданған қабық арасынан сынаптай жылтырап шығып, көз жасындаі домалана үзілген өмір нәріне ауыз тосты.

Білмейді, әлде сүт пісірім, әлде бие сауым уақыт өтті. Шөлі қанбаған, керісінше, қatalай түскен, бірақ тамағы жіпсіп, ұрты дымданған Шақаның дымы құрып, тізесі бүгіле берді. Жүрелей отырган. Ауыз ашулу – көкте. Енді тәнірі тамшысы да нәрлене, молыға түскендей. Үзіле мөлдіреп, тынымсыз құлап жатыр. Тырс етіп кебір тілге түскен, ыстық діріл қуа тамаққа қарай жылжыған әр тамшы деңге қуат, қанға тыныс

әкелгендей. Шақан созыла босап, қолын жастаңып, тораңғы түбін орай үйірілген тығыз, әрі жұмсақ құм үстіне шалқалай жатты.

Бір кезде көзін ашса, зәулім биіктегі теңге жапырақтар тасасынан көктең озған сәуле тіпе-тік, өткір екен. Талтус. Енді өлмейді. Бір заматта тораңғы басы көленке тартты. Қатерлі көленке. Кеш. Тағы қаншама уақыттан соң төбеден жұлдыздар сығалады. Қыр сәулелі, ірі, аппак. Артында не тұрғаны белгісіз қараңғы түн.

Әл жимаса да, ес жиган, бүгіні мен ертеңін анық байыптаған Шақан таң атқанша жатса да шөлі қанбасын ұқты. Шөлі қанса да ажал араны жақындай түспек. Қаталап өлген мен аштан өлгеннің қанша айырмасы бар. Ай бойы, жыл бойы жата алмайсың ғой бұл жерде. Ертенгі аптапты күтпеуге, тезірек жолға шығуға, бойда қуат барда алға ұмтылуға бекінді. Басқаша амал да жоқ еді.

Ширақ қымылмен орнынан тұрды. Тек... қалай қарай жүруі керек? Келген жолы – анық. Үш күндік шөл. Қолденең кесіп Ілеге жеткенше тамшы су жоқ. Өлесің. Жол қандай анық болса, қаталап өлерің де сондай анық. Алдағы жол... ол тіпті ұзақ. Он күн. Бәлкім он бес, жиырма күн. Кепкен арна. Аңызақ шөл. Ол да өлім. Әйтсе де мұлде сәулесіз емес. Бейтаныс жер, сырмінез өнір болғандықтан. Шақан жіті адымдап тораңғы тоғайынан шықты да, үнірейе қарауытып тұрған арнаны бойлай, төмен құлдан жүріп кетті.

Күн арқан бойы көтеріле, жер-дүние шайқала толықсып, сағымдана балқи бастағанда биік арнаны көбелей құлаган төрт-бес түп тораңғы көленкесіне аялдады. Әр ағаштың түбіне бір барып, қаншама тіміскілесе де көзіне ештеңе шалынбады. Пышағымен тораңғы тонын жарып, тым құрыса дымданған белгі берер ме екен деп қаншама тұрды. Жоқ. Шақаның өмірін, бәлкім, өмірін емес, азабын ұзартқан нәрлі ағаш артта қалыпты.

Күн еңкейе жүріп кетпек еді. Басы зенгіп, өне бойы қорғасындағы ұйып, орнынан тұра алмады. Аңызақ леп кешкі салқынмен алмасып, төніректі тегіс түн лебі – ажал лебі жайлағанда әрең көтерілді. Алға – тек қана алға жылжуы керегін, сүйектері саудырап төгілгенше журе беруі қажетін кәміл үққан.

Айсыз қарапайым түн. Екі қабағы үнірейе өңкиіп, табаны бозара созылған кең арна. Жаһаннамаға бастайтын данғыл сияқты. Әр жерде бытырай сербіген сексеуіл – қаншама жылдан бері мұның жолын тосқан аруақтар. Итсигек екені, жантак, теріскен екені белгісіз, төмпешіктене үдірейген – мұны осы қиян құмға айдал әкелген жын-шайтан. Рабайсыз, қазанның түп күйесіндей қараңғы аспандағы сұық жылтыраған жұлдыздарға дейін төңкеріле айналып, шэт-шәлекей араласып кеткен, айнымас темірқазық кана қақ маңдайда мұсіркей жымындаиды.

Кейде тұзы бұркыраған сортанды, кейде, пышырай жарылған тақырды, көбіне жыланжондана үйірілген құмды басып, бірқалыпты, тоқтаусыз жүрген Шақан таң ата жер бедеріне әлденендей өзгеріс енгенін андады. Бұл кезде арна таязып, қолденең құм жоталармен бітеле бастап еді. Шақан өзеннің (бір кездегі өзеннің) он жақ қабағынан, құланиектей

бозарған жарық сұлбасында созыла үйілген, өркеш-өркеш бірденеге көзі түсті. Өзі құмда ұшыратқандай бейіттер ме деп еді. Тағы біраз жүрген соң, енді сол қабақтан, жаңағыға карағанда шағындау, өркештеге құлазып жатқан, бітіс-болмысы айқын, құм төбелерден мұлде бөлекше, аумағы ауыл орнында ескі дәмпеш көрінді. Түстік бұрыши қырлы, тіпе-тік екен, жаңа шапақтанған күн нұрымен қызара толқынады. Қабырға. Адам қолымен қаланған әлде қорған, әлде зират қабырғасы.

Өзен арнасы қайтадан төмен түсті. Алдынан тағы бір түсініксіз сурет тартылған. Кеше мән бермеп еді. Құрғак сала кейде ондан, кейде солдан ойыла көртіліп, төменгі беті биік, жал топырақты тарам шығатын. Енді мұлде айқындалып көрінді. Тоған – даладағы егінге су түсіретін алып тоғандардың көмейі екен! Мұның өзінің аулы Талғар, Алматы мен Қаскелен өзендерін жиектей қашып, арық тартатын да, тары суғаратын. Ал мынау – әрқайсысы сондай бір-бір өзенге парапар кең тоған!

Соңғы күндері көзбен көргендерін санамен салмақтамапты. Енді демін ішіне тарта таңырқады. Шөл қысып келе жатса да. Қаны ұйып, басы зенғіп тұрса да. Ертегі... бала кезінде естіген ертегі еліне жетіпті. Бәрі рас болғаны ғой. Бәрі рас... Әкесі айтып еді. Ілеңің ескі атырауы құтты қоныс екен, құжынаған ел, бықыған мал екен деп. Атабек ақсақал айтып еді. Біз Жетісу мен Жайықты, Сыр-Дария мен Сары-Арқаны – жарым дүниені алып жатқан дарқан даланы керней толтырып отырғанда... пай-пай, кім сенер, сондай да сондай болыппыз... деп. Тыңдал отырсан... күн – мейірлі, жер – шырайлы, ер – әлді, су – нәрлі... су... бір жұтым су... бір тамшы... жарты тамшы... күн... қуыра шылғырып барады. Қан шулықты... Бас – темір. Аяқ – ағаш. Темір балқып барады. Ағаш қатайып, ауырлай түсті. Әлде керісінше. Бас – ағаш. Аяқ – темір. Ағаш лап етіп өртенеді. Темір – қазықтай қағылып, құмға сіңеді. Өзімен бірге Шақанды да ала кетеді...

Шақан кешке жетпесін анық білді. Жүрсе де. Жатса да.

Қадам қысқара берді. Неше рет сүрініп тұрды. Әйтеуір мылтығын тастамаған. Жастанып өледі. Жатса... Тыныш қана ұйықтап кетсе...

Арна тақырлана түсіп еді. Тіпті, құмды лай тілгілеген ағыс ізі бар. Көктемгі қар сұнының, әлде, кездейсоқ жауған нөсердің ізі. Мұндай қуара тұлданған шөлге қар жауады, жаңбыр тамады деп ойлаудың өзі қисынға келмestей. Бірақ анық. Арна табаны көктемде – биыл болмаса былтыр, алдыңғы, одан арғы жылы, немесе бұдан он, жиырма жыл бұрын, әйтеуір бір заманда су іркіліп, батпақ болған, артынша шақырайған күн қызыумен быт-шыт жарылып, қылтанақ шықпас қу тақырға айналған. Жауын жауғаны, су келгені қызық болғанмен, дәл осында жерде өлу қызық емес. Шақан өзінің күн қақтаған, тарамысы үзіліп, бырдай шашылған ақсөңке сүйектері көктен құйылған, жылға, сайлардан құлаған, әлдекайдан пайда болған мол су ішінде – өзі тірі кезінде бір жұтымы табылмаған, қарғыс атқан қырсық су ішінде шөлі қанып, қалқи жүзіп жүргенін ойша елестетті. Қызық. Бұл да қызық екен. Қарқылдан күлді. Күлдім деп ойлады. Бірақ желімдей жабысқан ауыз ашылмаған. Құрғак, құрғак емес, бырыса кеүіп қалған жансыз көмейден күнгірт қырыл – төрт

аяғы байланып, өткір пышақпен бауыздалған малдың тәсілім дыбысына үқсас бірдене естілген.

Шақан жиекке шығып, көлеңкеде – таяу маңда тораңғы көрінбесе, сексеул түбінде, сексеул болмаса, жыңғыл, жыңғыл болмаса, жантак, жантак болмаса... ештеңе болмаса... әйтеуір ашық жерде, мына көр табанынан, кең даланы, іргелі ұлысты сузыратқан, сан мың халықтың түбіне жеткен, енді мұның да басын жұтуға ыңғайланған опасыз арнадан аулағырақ өлуге бекінді. Әлде қазіргі тышқан ізі, әлде бір замандағы су торғайлардың ұясы, шұрық-шұрық тесік, кей тұста қуара қабақтанған, кей тұста түйетайлана аласарған жарға қарай жүрді. Ыңғайлы жер тауып, еңбектей тырмысып, кең дүниеге шыққан.

Шыққан бетте кеудеге мөлдір леп ұрды. Көл! Кәдімгі көл! Жағасы құрақты, сирек қоғалы. Суы бар, су болғанда адам ішетін сұйық, тәтті суы бар көгілдір көл. Дөңгелене біткен, ұзыншақ. Бір жақ ұшығы көгере бой түзеген қалың тораңғы. Самалды, саялы, сұлу көл. Мұнарға асылып, толықси тұнып тұр.

Шақан кеңкілдеп күлді. Әлде жылады. Жоқ, күлді. Аузын ашып, өкіре дыбыстап тұрып. Күлмегенде. Аяқ астында қаншама су жатыр. Ай жатып іш, жыл жатып іш. Айлап ішсең, жылдан ішсең, ғұмымыр бойы ішсең таусылмайды. Тауыса алмайсың. Іше де алмайсың. Өйткені көл жоқ. Су жоқ. Сағым. Сағым ол. Сорлы-ы, сорлы-ау, шөлдегі сағым. Гайыптан шықпаған, елестен тумаған. Бар. Дүниеде бар көлдің суреті. Бірақ ол көл қырық құндік жерде... Қиямет қайымның қыл көпірінің ар жағында. Солай, Шақан-Шері!..

Кенет көгілдір көл толқи тербетілді. Бұйрат жоннан бір үйір құлан шұбыра төгіліп, суға жақындаған келеді екен. Құлан болғанда да ерекше. Аяқтары құрықтай ұзын, жіңішке, сұрғылт белдеу, ұзік-ұзік. Жондары жоталы, қабырғалары биік, шолақ жалдары ауамен астаса желпінеді. Ең алдындағы, үйірден озғындай шыққан келте құйрық, құмық бауыр құбақан айғыр ойқастай көлдененде, алдын, жан-жағын шолды да, аршындай желіп, көлге тұра тұсті. Соңынан бүкіл үйір – тай, қодығы аралас он бес-жырма құлан тегіс суға бас қойған. Тұнықтан бойлай ішіп, еркін сулап жатқан құландардың үстіне бір қора қарақұйрық қулады. Жапырлай қаптап, тізіле су сүзген қалың қарақұйрық көлдің бір жақ бетін бурыл бояуга көмген. Кенет көлдің екінші жақ шетінен соңына үш шөнжік ерткен таудай жолбарыс көрінді. Балпаңдай басып, жиекке тақаған да, көкке бауырын төсеп, жата кеткен. Шөнжіктер кимелей асығып, суға тұсті...

Шақан қалт тоқтады. Өзінің жүгіріп – шайқалақтай толқып, өкпесі өшіп, дымы құрып, алға қарай еңкендей келе жатқанын сонда ғана аңдаған. Қолында мылтығы жоқ. Бірақ жолбарыс та жоқ. Көл де жоқ. Қаптаған қоңыр да жоқ. Бәрі елес. Шақан еміне ұмтылды. Тоңқалаң аса, құм қаба жығылып, қайта түрғанда құландардың қырға көтерілгенін, қарақұйрықтардың да біртінде суаттан шығып жатқанын көрді. Ал жолбарыс көбейіпті. Үлкенінің өзі әлденешеу. Бірақ әп-сәтте айналып өтер шағын көлдің екінші жақ бетіндегі аңда шаруасы жоқ, олар да сулап,

салқындан жатыр. Көзі тұманытып, буын-буыны босаған, екі иықтан, жон арқадан, қақ төбеден – бар жүйке, тамырдан неше жүз батпан салмақ езіп, дымы құрыған Шақан ышқына түрегеп, бірнеше қадам басты, етпеттей жығылып, еңбектей жылжыды, қайта тұрып, тағы жығылды. Бір кезде манадан бері көз алдында, тымық ауада асылып тұрған қөлдің құлдырап төмен түскенін, бірақ жоғалып кетпегенін, кенересі айқын сзызылып, сұытолқына булаңып, еністе – қарсы алдында жатқанын көрді. Сағым емес. Елес емес. Тұс емес.

Шақан сенді. Алда көл жатқанына. Осы жаңа ғана сол көлден қаншама қоныр аң суаттағанына. Өзінің соның бәрін көргеніне. Қазір де шын көрініп тұрғанына. Бір-ақ нәрсеге сенбеген. Өзінің тірі екеніне. Мана, құрғақ арнадан биік қабаққа шығар сәтте жан тәсілім қылса керек. Содан соң алдынан (о дүниеден) мол су ұшыраған. Шыны сол. Өлген. Құр сұлдер, қу аруақ. Ақыл, ес жоқ. Дәрмен, дауыс жоқ. Аяқ, қол, кеуде мен бас жоқ. Тек ине жасуындаі сәүле – жан сәулесі ғана бар.

Тұрды ма, жүрді ме, еңбектеді ме, домалады ма – білмейді. Су – асты құмдауыт, сәл жылымық суды, кәдімгі, қолмен ұстап, көзбен көруге болатын, сұйық, ауыр, мөлдір суды шалп еткізіп, етпеттей жығылды. Басын батырып, тұншыға шашалып, қомағайланған жұтты. Әуп деп дем алып, қайтадан батты. Сұңғіп ішті, қылқылдата ішті, сораптап ішті. Белден аса жалдаған қалпы, бар күйін сыптырып, бүкіл денесімен ішті. Шөлі қанбаған. Қарны қампиып кетті. Іші сыйдал, кенірдектей ықылық атты. Бәрібір шөл. Үндін құртып, аңқа кептірген, дария, теңіз тілеген жеміт шөл. Шақан теренге бойлай түсті. Көл табаны қырышық екен. Салқын. Тұбі тұмалы көз сияқты. Шұғыл терендейді. Бойына күш құйылған Шақан сұңғи малтып, су бетіне қайта шықты. Көзі шырадай жанған.

Дәл осы сәтте – дүние бұлдырай сұлбаланып емес, бар бітіс, бояумен айқын бедерленіп, нық танылған шақта тұра қарсы бетте – аркан бойындаі ғана жерде, тықыр құрақты жайпақ жағалауда бірі шоқиып, бірі жер бауырлап, енді бірі көлденендей созылып, қатарынан үш жолбарыс жатқанын көрді. Үш ұлкен жолбарыс. Әріректе, шалғынды көгалда әлде үшеу, әлде төртеу – бір топ қара құлақ, қызыл шөнжік алысып ойнап жүр.

Шақан қалт тынған. Шегініп, сырт айнала бере, қайтадан жолбарыс жағалауға бет бұрды. Қияс шіркін әдетте арттан шабатын. Бір емес, үш жыртқышқа қатарынан желке тосу – өзінді өлімге байлағанмен парапар... Мұнысы да өнімсіз әрекет екен. Қапысыз катер аузында тұр. Ен қамыс ішінде, жолбарыс жымында адасқан лақтан дәрменсіз. Әйтсе де шалқалай жүзіп, ажалды жағадан аулақтауға тырысты. Епте алыстай берді. Кенет мойнына ұп-ұзын, сұп-суық бірдеме оратыла соққандай болды. Су жылан ба деп сескене шошып еді. Дәл қасынан суға қарыс сүйемдей батқан ұзын, сұлу денесі толқына тербеліп, сары жолақ, тығыз, мақпал түктөрі жайыла құбылып, тайдай жолбарыс жүзіп өте шықты. Мөлдір суды қақ айырып, тұмсығының ұшы ғана көрініп, бір қырын тартып барады. Шақан теренге шым батып, қайта шыққанда жолбарыс та қарсы жағаға – самалдап, жайбарақат жатқан ағайындарына қарай бұрылып еді. Шақан

қарбандај жүзіп, қара жерге аяғы әрең тиді. Бар ісі бос далбаса екенін сонда ғана ұқты. Аумағы әудем жер, алақандай ғана көл пана да, таса да бола алмайды. Жолбарыстар жүзіп те, айналып та өте алады. Қашса қуып жетуі тіпті оңай. Шақан жағаға тақаған қалпы, су ішінде отырып, әртүрлі амал ойластыра бастады. Ана шетте биік тораңғылар өсіпті. Қазір судан шыға жүгірсе, жетіп үлгереді. Үлгермеуі де мүмкін. Үлгерсін. Биік ағаш басында апта отыра ма, ай отыра ма. Әлде түрекеп, ештеңе көрмегендей, салмақпен аяңдап, аулаққа – ен далаға тұра тартса қайтер еді?..

Жағадағы жолбарыстар Шақанның басын көп қатырған жок. Әуелі судан шыққан қызыл тарғыл, зау шері дүр сілкініп алыш, шұбала аяңдап, қырға беттеген. Одан соң екіншісі тұрды. Одан соң үш шөнжігін соңынан ертіп, бауыры салпы сары қаншыр кетті. Ең соңында жалғыз шөнжікті шұбалаң жолбарыс та салқау басып, су жағасынан аулақтаған. Сілейген қалпы ысына сұнынып, дірдектеп отырған Шақан дәл желкеден пысқыра тасырлаған дыбыс естілгенде даусы шыға жаздап, әрең жүрек тоқтатты. Құйрық-жалы күнмен шағылысқан, омырауы салқы, бүйірі тоқ, жоны жалпақ ақбоз айғыр құлағын қайшыладап, мойнын ие көлденендең тұр екен. Әріде құлын, тай аралас, баранды, қыланды он шақты жылқы көрінді. Шақан жиекте, суға жартылай батып, қорбиып жатқан киімдерін алыш, жағаға шықты. Боз айғыр осқыра үдірейіп, тарпа ұмтылуға – жаңа ғана үйірлі жыртқыш ортасынан шыққан иесіне – адамға шабуға ыңғайланып тұр. Шақан шегіншектей жылысып, бір заманда қолда өскен, енді неше буыннан бері тұз жайлап, тағы болыш кеткен жылқылар тобынан әрең сыйылды. Сирек біткен сексеуіл мен жыңғыл шоқтарын тасалап, әжептәуір ұзаған соң ғана өзін біршама қауіпсіз сезінген.

Әуелі кісесін көрді. Көлге құлай берер еністен. Одан ары өзінің жүрген ізі сайрап жатыр. Из емес, шиыр. Кейде сүйретілген. Кейде домаланған. Шайқалақтай басып, қылыш-қылыш шимай сызған. Сол жобамен мылтығын оңай тапты. Жар басында қалыпты. Екі-үш шақырымдай ғана жер екен. Көл де, суатқа тұскен аң да көрінбейді. Бірақ бар. Оған куә – үстіндегі, әлі дымы кеппеген киім. Аяқ басқан сайын солқылдай шайқалған, су толы мес қарын. Көл ойда. Көл деген – су. Көл деген – өмір.

Шақан мылтығының ұнғысын құмнан тазарттып, жақсылап тұрып оқтады. Сол сәтінде жарым дүниедегі – жалғыз атырау емес, бүкіл Сарықұмдағы ең күшті махлұқат болыш шыққан.

3

Шөлі қанған, қайраты қабындал, тірлік-тынысы қалыпты жүйе тапқан, сол сәтінде-ақ өзін жарым дүниенің патшасы сезінген жалғыз адам қарны қанша ашып тұрса да ең әуелі жолбарыс жатағын барлау қажетіне дең койды. Көлшікпен қапталдас, мана жыртқыштар шұбыра асып кеткен деңге баспалай шықты. Құм мен топырақ бей-берекет үйілген, аумағы қозықөш жерді алыш жатқан өзгеше кесірлі бүйрарат екен. Бір жағы тораңғы тоғайына тірелсе, бір жағы шағылды, жансыз, жалпақ құммен

ұласады. Ал ойқы-шойқы бүйрattyң өзін қалың сексеуіл басқан. Бұқпасы, тасасы көп. Мынадай төңірегі тегіс тақыр өлкеде жолбасар жыртқыш паналауға аса қолайлы. Иек артпадан бақылап, қу даладан көріп отыруы да онай, дәл қасына келгенше бой тасалап жата беруі де онай. Із кесу, жер шолу аса қатерлі еді. Жолбарысты суат басынан тосқан ұтымды. Әлде қырқалай шалып, жыртқыш жатағының аумағын, бітістүрпатын барлап шыққан дұрыс па. Алай да, былай да жөн. Су – қасында, тамақ та алыс емес. Ай журеді, апта жатады, тарғыл қарақшыны түгел қырып бітпей кетпейді. Осыған тоқтады.

Ал қазір... Ұшар биікке шыққан, алыстан көрінген боз отаудай дөп-дөңгелек, ақшанқан күн қоңыр топырақ аралас сарғыш құмды өртей лапылдап барады. Күн қызыуын, өзінің аш, әлсіз халін жаңа сезінген Шақан кенет қatalай шөлдеп, самалды қоленкеге, салқын суға қарай бұрыла берген. Әлденеше шақпақ қатарынан шағылғандай, қарсы алдан, түйетайлы беткейден бірнеше жерден қызғылттым от ұшқыннады. Қалт тұра қалып, кайта қозғалақтап еді, құм топырақ тағы да күнмен шағыла жарқыллады.

Ілгерінді-кейінді, қатар-қатар, қорыс қазылған саршұнақ іні екен. Ін аузындағы бос топырақ үсті бата түскен, шашырай төгілген алтын тенгелер. Шақан алдымен біреуін алып көрді. Бедері өшүге айналған, сәл-пәл сопақша қызыл манат. Екіншісін, үшіншісін алды. Топырақты аяқ ұшымен қопарыстырып көріп еді, астынан тағы шықты. Әр ін аузында алтын жылтырайды. Үлкенірек індердің біріне үңіліп қарады – қоленкелі күйс ішінде де асыл теңге жатыр.

Шақан жан-жағына бажайлай қарады. Тек теңге ғана емес. Қыш көзенің сынығы. Қоқала өрнекті сыр аяқтың түбі. Әр түрлі түсті, әр қылы кейіпті шыны моншақтар. Келесі төмпешікке шыққан. Етекте бір жақ бүйірі тесілген үлкен қыш құмыра жатыр екен. Шашылған ыдыс сынығынан аяқ алып жүргісіз. Әріректе тіке құлаған жарлауыт – қызыл кесек қабырғаның жер бетіне шығып тұрған бұрышы екені байқалады.

Шөлге түскеннен бері көз алдынан өткен қаншама төмпешік сонда ғана жинақты жүйе тапқан. Қала! Кешегі, одан арғы күнгі, бүгінгі барлық төмпешік – бір кездегі адам тұрағы. Керуен сарай, қарауыл мұнара. Ал мынау – қозы көш аймақты тегіс алып жатқан шұбар белес – үлкен шаһар. Бәлкім, бас қала! Құм жұтқан өлі қала...

Сыртқы – жалдана созылған жота – қамал қабыргасы болса керек. Жел улеп, күн қуырып, мұжілген, тозған, құм, топырақ басып, табаны биіктеген түйетайлы жотаның әр жерінде – оқ шалым шамада өңкіе бой көтерген, аумақты дөмпектер көзге шалынады – тірек мұнаралар сияқты. Солай екен. Ортасы түсіп, қабыргасы жемірілген, кейде, тіпті, бір жағы омырыла ойылған, бірақ әлі де енселі, айбынды. Қорған дөңгелене қайрылған бұрыштағы ең биік мұнара-төбеге шығып тұрған Шақан көне кенттің байтақ көлемін толық андағандай болды. Қатар-қатар созылған, қайшыласа орналасқан ойыс сайлар. Әр түрлі көлем, кейіптегі, тақталана орналасқан жыптыр-жыптыр төмпешіктер. Сол көп шұбардың арасында, көр қаланың ортасында абылайша қос бітімдес оқшаша төбе андағайлап

көрінген. Өзге үйіктерден еңелі, әрі жинақы. Шақан өлі шаһарды белінен басып, тура солай тартты.

Аяқ басқан сайын өткен өмір, өшкен тірлік белгісі көбейе берген. Жасыл кенере, көк ала оюлы аяқ, табақ, кесе сынықтары. Қызыл қыштан күйдірген, сырты бедер өрнекті көзе, әлде құман сынықтары. Бордай шашылған, тас па, сүйек пе, әйтеуір адам қолынан шыққан, әйтеуір бір әжетке жараган, енді тозып, үгіліп, құм-топыракқа көміле ағараңдап жатқан әлденелер. Осының бәрі тырбия өскен қатын сексеуіл түбінен, қызара тікендінген жүзгін тамырынан, қураған терісken мен жантак сабағынан өндіп жатқандай. Бір жерде жасыл таты көгерे қабықтанған үлкен тай қазанның қисая батқан кенересі көзіне шалынды. Бозғыл тозаң, құлдей құмды ысыра қазып, айнала тазартып еді, аузын аша ақырған жолбарыс кейіпіндегі үлкен құлағы көрінді. Шақан шірене тартқан, жер қойнына бата сіңген өлі қазан былқ етпеді. Тек Шақан қос қолдай ұстаған жолбарыс құлақ қана, қабыршық таты сөгіле көгеріп, үнсіз ышқынғандай. Кет! Кет жайыңа! Мен – қараң қалған, азалы қазанмын! Елден бірлік қашқан соң менен де ырыс көшкен. Ішім толған құм-шер. Бұзба тынышымды. Қазба көрімді. Өз тірлігінді ойла. Аулақ! Аулак! Шақан жаңа аршылған кенерені қайта жапты. Топырағын қалындал, үстінен сексеуіл томарымен бастырып қойған.

Нысаналы төбешікке де жетті. Төнірегі ашық, тегіс екен. Базар орны, немесе орталық майдан. Ал мынау – әлде хан отырған, әлде би отырған тұғыр болса керек. Іргесі толған сүйек. Қүнге күйген, бордай үгілген. Аң ба, мал ма, тіпті, адам ба – айырып болмастай. Шақан сары топыракқа табанын тіреп, тырмыса өрлеген. Аяқ асты күтір-күтір етеді. Әлде құман, әлде көзе. Топырақ асты толған сынық сияқты. Арқан бойы түйетай төбенің ортан беліне жете бере төменге қарап еді. Бас айналар биікке шыққандай, жүргегі лобылып, табаны от басқандай шаныша шымырлаған. Сол кезде көрді. Жаңа ғана жүріп өткен жолында ортасы ойылған, доп-домалақ, аппақ бірдене жатыр. Жоғары өрлегенде табанына тіреліп, төменге домалаған нәрсе. Құман да, көзе де емес. Бас – мандайы үнірейе тесілген қу бас – адам басы екен. Ытқи ұмтылып, төбе басына шықты.

Төбе басы жап-жалаңаш. Қылтанақ өспеген, тасы жалтыраған, топырақтан ада жалаңаш емес. Қылтанақ бар. Ұсқынсыз, сарбақ, тырбық, бұтакты, қалай өсіп, қашан қураганы белгісіз бір түп жүзгін. Топырақ та бар. Қабыршақтана қатқан майда, ақсұр топырақ. Тек... тас жок. Тас орнында ағара жалтыраған мандай, үнірейе қарауытқан көз, кетіле тізілген тіс... бас... бас... қаптаған қу бас! Шоқ жүзгіннің бір жақ етегі, жел қаққан ба, жауын шайған ба, сойыла үнірейіпті. Топырағы көшкен тоқымдай жерден қаншама қу бас сығалап түр. Шақан қураған жүзгінді шыр айналып бой тасалады. Сол мезетте аяқ астына, етекке көзі түскен. “Алла! – деді түршігіп. – Алла, өзің сақта!!..“ Шақан тұрған төбенің терістік беті бірнеше жерден ала-шабыр жолактанып, ақсөңкес, теңбіл қоңыр түспен шұбарта сөгілген екен. Қатар-қатар бас сүйек. Қаралғысы ойылған, жағы сынған, тісі кетілген, бірақ айрықша іждағатпен

бірінің үстіне екіншісі бастыра қаланған мың сан қу бас. Шақан адам басынан – өзінің бабаларының басынан үйілген төбенің үстінде тұр екен.

Қалай қашқаның, қайтіп түскенін білмейді. Жан-жағына қараса, өлі қаланың екінші шеті екен.

4

Қасап қырғынды көзімен көрген. Осыдан нешеме жыл бұрын.

Арқадан қайтқан жаз еді. Өте сәтті жаз. Шақан Іленің етегін ұялы қаншырдан тазартқан. Табу оңай. Аңду оңай. Атып түсіру тіпті оңай. Қайткенде де жолбарыс перісі Шақан-Шері үшін машықты кәсіп. Содан соң саяқ арландардың соңына тұсті. Серік іздеген қаншырдың мауықан үнімен аңырай шақырады. Баспадан қорғасын оқпен тосып алады. Тіпті, жолбарыстың терісін сыптыруға ерінетін болды. Жаңа қалаға екі-үшеуін апарып, оқ-дәріге молықкан соң артық жұмыс көре бастаған.

Міне, сол, қаншама сәтті олжы әкелген мешін жылының күзінде Шақанды әлдебір жас жігіт ізден келді. Ізден тапты. Батыр аға, асыл аға деп ізетпен сәлем берген, құрметпен сөзге тартқан. Ал батыр аға сұнғак бойлы, ашаң өнді жас жігіттің сәлемін алмаған. Сөйлескісі келмеген. Тек кешіне, от басында, күнірси үйтілген қарақұйрықтың етін жеп, қырыстырысы жазылған соң ғана әңгімеге құлақ асып еді. Онда да, хабаршыға келген жас жігіт өзіне жақын ағайын болып шыққандықтан емес, баяғыда батақұрга келіп, жолбарыс қапқан бала екенін білген соң ғана. Бәрібір шешілмеген. Келіспеген. Менің ақ патшада ақым жоқ деген. Өз ғазауатым өзімде деген. Сұлтаныңа сәлем айт, азуы алты қарыс хан да он жыл алысып ештеңе шығара алмады, құр әурешілік болады, қарындас жұрттың қанына қалады, қойсын деген. Қамыстан қамыс сүзіп, соншама қындықпен кездескен бауырының үлкен үмітін шорт кесіп, өзінің дүние ісінен аулақтығына тәнті көңілмен жалғыз қала берген. Кетерінде інісінің көңілін аулап, иығына жолбарыс жақысын жауып еді, шиті мылтықты қоса сұрады, жолы жеңіл деп, қызылып тұрып алды. Орнына қуатты, әрі жаңа қару – білтесіз атылар орыс мылтығын ұсынды. Шақан бала үшін тиімсіз айырбасқа амалсыз келісті. Келіспеске қоймаған. Әлде ағасының жарагы жетік болсын деді. Әлде елге сенімі артар, ойланар деді...

Ал Шақан өз тірлігінен таймады – жолбарыс әuletіне қарсы жанкешті соғысын одан ары жалғастырды. Іленің басына өтіп, Шелектің бойын, Шарынның шатқалын сүзді – қан жайлай, қаптаған ел, қаншама жұрттың көзіне түсіп, шаршап, шалдығып, бос оралған. Бірақ нәтижесіз емес – Жетісуда жолбарыс әuletі тек Іленің етегінде ғана қалғанына анық көзі жетті. Әйтсе де, дарияның таудан құлаған тармак, салаларын түгендей кеткісі келді. Сол оймен Күртіні өрледі.

Бұл кезде сарбалақ күз туған. Күн жылы, кеш салқын. Екі өніріне көк тал, сида терек есken, қамыс, қоғасына дейін мыртық, бірақ ағыны қатты өзендей бойлап, биғінен қар мен мұз салбыраған ақжагал шындар алдан келденендей тартылғанда кері бұрылып еді. Кенет күн күркіреді.

Дұмпіген дауыс тау жаңғыртып, жазыққа төгілгендей, қабаттаса шатырлап, ашық аспан, тымық ауа түсініксіз дірілге толды. Келер мезетте тағы да көк тітіреген. Содан соң бей-берекет арсыл-гұрсіл басталып кетті. Шақан сонда ғана іс мәнісін ұқты: зенбірек! Зенбірек пен мылтық – ұсті-үстіне атылып жатқан. Тек бұл жақта қала да, қамал да жоқ сияқты еді. Ендеше, ашық далада...

Күн ұясына қонған кешкі қаралеңкеде жетті. Көк белес етегіндегі жасыл шалғын ұсті жусаған өлік. Көбіне қырдан ойға қарай созыла, катарласа құлапты. Қылышты, найзалы шидем шекпен, ала шапан. Аяқ үзілген, қол құлышынған, қарын ақтарылған, кеуде қақыраған – адам денесі ғана емес, қанға малышынған қара жер де дал-дұл. Жоғарыда, төбе басында зенбірек артқан арбалар сұлбаланады. Етекте қаптаған адам, алаулай жағылған оттар. Шаң-шұң дауыстар естіледі. Женісті ұрыстан соң жаңа ғана тыным тапса керек. Мыналар да тыным тапты. Біржола. “Газауат!” О, бейшара! Қан иісі кенірдегіне тірелген Шақан лоқси құсты. Ішек-карны аузынан ақтарыла жаздал, катты қиналған. Әп-сәтте бүкіл алапты қараңғы түн жапты. Шақан әлдекімдердің құбірлей сөйлесіп, майдан даласын аралап жүргенін аңдады. Жолбарысша жылысып, бой тасалаған. Алысқа ұзаған жоқ, шөп басын қырау көмген бозғыл тұманды суық түнде таң атқанша қалышылдады да отырды. Таң ата бойы жылынды, есін жиды, бірақ қайта баруға жүргегі дауаламап еді. Біреулер атып салар, немесе ұстап алар деп емес, қасап суретін күн жарығында көруге қорықкан. Апта бойы ауырды. Ішкі ағзасы. Жүрек, жүйкесі. Бар денесі. Ақыры, кездейсоқ ұшырасқан, қашпай, көлденендең тұра қалған жас жолбарыс, жолбарыс емес, әлі тұрқы да толыстаған екі жасар жетім шөнжікті тапа тал түсте атып алып, шашырай шапшыған қызыл қан – болашақ қарақшының қызыл қанын көрген соң ғана қалыпты күйге көшіп еді.

Енді ойлап тұрса, корқынышты ештеңе жоқ. Өзінде де қан бар. Шұмектей төгіледі. Өзінде де бас бар. Дүңгіршекке айналады. Тісі ақсиып, танауы сәнірейіп, көзінен құм саулап, домалап жатады. Анда. Немесе мұнда. Ілеңің етегін жартқыштан арылтқан, ен далада алшандай басқан жолбарыс жүрек Шақанның басы. Ілеңің ұзына бойын мәуеге бөлеген, Жолбарыс-кентте салтанат құрған бабаның басы.

Аныз айтушы еді:

Шалқар дала қаңсып қураган. Өзен жағалаган шаһарлардың бәрінің тамыры суалған. Тек бір-ақ жерде тыныс бар – өзені құрғаса да, көлі сарқылмаған бас орда – Жолбарыс-кент. Қаптай жылжыған жау күндердің күнінде астананы да қамайды. Ойдағы үйсіннің ең соңғы тірегі – жапандағы жалғыз шаһар апта соғысады, ай соғысады. Ақыры суы таусылған, тынысы тарылған, қару ұстар азamatы түгелге жуық жер құшқан қамал қақырай сөгіледі. Құлаған қабырға, қаусаған қакпа арқылы лап берген қанқұйлы жау мың жылдық шаһарды әп-сәтте дию-перінің ойнағына айналдырады: әуелі бала-шаға, қатын-қалаш, кәрі-жас демей, карусыз мың сан халықты харап қылады, содан соң сәнді сарайларды, мұнаралы ғимараттарды қиратады. Кеш батпай-ақ, көк күмбездері күндік жерден көрінетін байтақ қала құл-топырақ үйіндісіне айналады. Жау

мұнымен тынбайды. Қираган шаһардың қақ ортасынан бар төбеден биік жана тәбе – Жолбарыс-кент тұрғындарының басынан қаланған биік мұнара тұрғызады. Іленің ескі атырауындағы тіршілік біржола тоқталды деген сөз. Енді бұл өнірде өлім елесі ғана қалды деген сөз. Әзірейіл мұрасы. Ажал ескерткіші.

5

Шаһардың терістік беті еніс тәрізді. Жал топырақ – яғни көне корғанның арғы жағы – тораңғы тоғайы. Аумақты, әрі қалың. Манағы топ жолбарыс мекені осы болды. Қайратты жыртқыш шөл даладағы қоңыржай көлеңке, самал салқынды тек өзі ғана иеленсе керек. Өте жақсы. Ну қамысты шарламайды. Сары далада сандалмайды. Тарғыл қаракшының өрісі өлшеулі. Суат – тораңғы. Торанғы – суат. Үркітіп алмай (үріккенде қайда бармақ) еппен қимылдаса, апта өтпей, тегіс жамсатады. Қай жерден қарауыл қарап, қай тұстан тоспа жасайтынын шамалап келе жатқан. Жатаған төмпешікті орай біткен, тырбық, қалың сексеуілді айнала бере тұмсыққа тұмсық түйісे қарсы кездесті. Алыстан іздел келе жатқан жолбарысымен. Жаңа ғана, көлеңке бетте сұрғылт сары томар жатқан сияқты еді. Құм жолбарысы құм тұстес деп ойламапты. Енді міне, басып кетуге шақ қалған кезде жыртқыш құм шаша атып тұрды да, төрттағандап, жербауырлай бере, азулары сояулана құнгеге шағылып, құлағы жылмиып, мұрты жиырылып, айбаттана ақсиды.

Шақан таңырқап та, сескеніп те үлгермеді. Тек ажал сағаты соққанын кәміл түйсінген. Тағы да анық ұққаны – қыбыр етсе бітті, жолбарыс бас салмақ. Қаны сұып, жүргегі мұздап, буын-буынынан әл кетіп, мелшиді де қалды. Жолбарыстың жасыл ұшқын шашқан дөп-дөңгелек, үлкен көздеріне тесіле қарап, соңғы сәтін күткен. Ал жолбарыс серпіле атылуға әзірленгендей, мысықтабандап шегінді. Шегіне-шегіне шылбыр бойы алыстады. Содан соң жер бауырлай бере құйрығымен құм сабалап, басын шайқап, езуінен ырылдады да, бүктеле бұрылып, аулаққа қарай екі-үш аттады. Артына қарай бере ышқына ақырды да, бір-ақ секіріп, дөңестен асып жоғалды. Сары құйын сияқты, сапалақ пері сияқты.

Құйын да, пері де емес. Оған сексеуіл көлеңкесіндегі, ойылып, төсекке айналған жатағы, құмдақ сары топырақ үстіне бадырайып басылған тарбақ ізі куә. Ендеше, неге алып түспеді? Тышқан ілген мысықтай тарпа бас салмағаны қалай? Әлде, өз атымен аталатын өлі қаланың киелі қожасы ма. Мүмкін, аң емес, адам шығар. Бұдан нешеме жүз жыл бұрын осы қаланы қорғап қаза тапқан батырлардың бірінің қасиетті рухы. Жоқ, аң. Шақан аңының ізіне түсті. Сак. Жинақы. Тақыс. Бұл – өзі де есебінен жаңылыпты, – жүз бірденесінші жолбарысы...

Аздан соң биік жар басында тұрғанын көрді. Жары – етегін жел сойған, құмнан, топырақтан ада қамал қабырғасы – қамал қабырғасының бір бөлігі екен. Биік. Дәл ірге – жарлауыт ойыс. Терен оп ізі. Оп бойы, қамал іргесі қалың итмұрын. Шақан қамалдың жайдақ төбесінен жағалай

сығалап, қанша қараса да сезікті белгі көрмеді. Адамнан қорықпас аң жоқ. Жаңа секіре қашқан шері бұл араға аялдамаса керек. Шақан жолбарыс ізіне қайта келді де, камал қабырғасы аласарып, жал топыракқа айналатын түйетайлы тұстан етекке тұсті. Көне қамалдың қаншалық еңселі болғанын сонда ғана аңдал еді. Үш құрық. Бәлкім, төрт құрық бойы. Сіреле қатқан сары балшық балталасаң қайыспастай. Қара жермен қоса жаралғандай мығым. Қаһарлы. Жыртқыш дүшпан жақындап келу қайда, айдаладан айбындардай.

Кенет Шақан таяқ тастам жердегі қалың итмұрын арасынан өзіне әлдекімнің тесіле қарағанын аңдады. Шегіне бере мылтық дүмін иығына тіреді. Бірақ атып үлгермеген. Куатты серпіннен шалқалай жығалды.

Еш жері ауырған жоқ. Естен танған жоқ. Бірақ оң мен ұйқы арасында, үрейден де, үміттен де ада, мәңгүрт күй кешкен. Бөренедей добал, темірдей салмақты орақ түяқ, тарғыл аяғын қеудеге тіреп, дәл үстінде тайдай қызыл жолбарыс тұр еді. Астында жатқан адамнан жиренгендей, бет-аузы рабайсыз тыржиған, мұрты жиырылып, сойдақ азулар сарғая қайшыласқан. Ажалдың сұық зәрі сасық лепті болады екен. Шақан өзінің бетіне – жолбарыс тырнағы мәңгіге таңбаланған жаракат бетіне жылымық, қоймалжың, бір тамшы сілекейдің үзіліп түскенін бар жүйкесімен сезінді. “Өлдім!..” – деген ой келді. Сол сәтінде оң қолы белдегі селебеге қарай баяу жылжып бара жатқанын аңдады. Болмашы кимылды қалай байқағанын кім білсін, жолбарыс та ар ете түскен. Ажал шарпуы Шақанның бет-аузын өртей күйдірді. Кірпігін қакпай, безірейіп қатып қалған. Тек қол – басқа денеден бөлектенген, өз жаны, өз тірлігі бар оң қол ғана межелі бағытына қарай ептеп сырғып барады.

Жолбарыс қатерлі қолдың сұық қаруға қашан жетерін күтіп тұрмады. Басын шайқап, мойнын бұра бере қоңыр белдеулі, қызыл тарғыл, сабау қүйрығымен бүйірін соғып, көкке қарап, іші тартыла өксіді. Содан соң салқау қимылмен Шақанның үстінен түскен. Баяу бұрылып, қырындай шегінді. Бөгелмей, артына да қайрылмай, балпаңдай басып ұзай берді. Шолақ қүйрық қызыл арлан.

Шақан селебе сабын қыса ұстаған, қимылсыз, тілсіз қалпы ұзак жатты. Жүргегі салқын. Жүйкесі берік. Күш, қайраты бойында. Бірақ ақыл, ойдан шет. Дәл осы сәтте өзінің тірі адам екенін, иә өлі аруақ екенін анық бағымдамас халге жеткен.

Көкбелес бұлғінен соңғы жазда. Орыс мылтығының аузына жыртқыштың өзі келіп оралатында. Шақпақ шакпайсың. Білте тұтатпайсың. Кезеніп үлгерсең бітті. Шақан жолбарыс қанына кенірдектей жүзген. Тіпті, көңілінде әлденендей қоңылтақ сезім – аяушылық емес, айыз тарқамаған кіrbің пайда болып еді. Сондай бір жолы серпімі ауада қырқылған, дәл аяқ астына бүктеле шиырылып, жансыз қапшық болып түскен тарғыл сары қаншырдың бауыр көтеріп, ет

жеуге жараған, тіпті, асты-үстілі азулары да шыққан екі шөнжігіне ракым жасап еді. Екеуінің де құйрығын қақ ортадан кертіп қысқартқан. Осыдан соң үлкен, кішісіне қарамай, шөнжіктерге тиіспейтін болды. Бәрі де таңбалы. Жер басып жүрсе Шақанның құтыла алмайды. Өссін. Қайраты толсын. Адал, ашық ұрыста беттессін.

Көп ұзамай мұнысы – кеңшілік емес, азапты өлімге байлаған ауыр жаза екенін ұқты. Өз бетімен аң аулап жей алмайтын шөнжік бәрібір аштан катады екен. Егер оған дейін шибөрі мен сілеусінге жем болмаса. Бір қар басқан ересегінің өзі дәрменсіз. Осы ересектерінің өлігін көрген соң, кішілерінен мұлде құдер ұзгені. Тек бір жолы ғана тірі шөнжікке ұшырасты. Су жағасында, тал түбінде бұратылып жатыр екен. Шақан кәміл таныды. Қара жолағы аз, өте енсіз, қызыл сарыдан қоңыр күренгे бейім, өзгеше тұрпатты шөнжік. Сақина белдеулі шұп-шұбар құйрығы осыдан он шақты құн бұрын кесіліп еді. Қызыл шөнжік басын әрең көтеріп, сүйретіле қашпақ болды. Қолға алғанда қоқақтап аузын ашып, тістеуге, тыптырай бұлқынып, тырнауга әрекеттенді. Шақан осының алдында ғана ұрып алған қырғауылдың ішін жарып, бауыр, жүргегін алыш беріп еді.

Ертеңіне тастап кетуге қимады. Мойнына жіп тағып, жетектеп алған. Апта бойы қасына ертіп жүрді. Әбден тойғызды. Бірақ өлтіре салуға қолы батпаған. Асырап алсам ба деген ой келіп еді. Тез жеріді. Жетекте жүрсе де жұғысар емес. Тамақты қолдан жемейді. Өліне қарамай, алыса кетуге бейім. Жарайды, үйренсін. Сонда қайтеді мұны. Жұғіртетін ит емес. Мінетін ат емес. Босатып қоя берген. Бірақ жетім шөнжік сонынан қалмады. Ерген де отырған. Құн емес. Апта емес. Ай бойы. Із қуып арттан жүреді. Баспалап алыста жатады. Орағытып алдан шығады. Қайткенде тым тақау келмейді. Ұзап та кетпейді. Шақан өткен жолына, ерулеген, қонған жеріне жем тастауды әдетке айналдырды. Ал күзге жақын Іле жағасындағы бітеу қамыс ішінен дөкей қабан атып берді. Бұл – қоштасқаны еді. Шөнжік мол етке еріксіз аялдамақ. Өзінің анасын өлтірген, енді амалсыз асыраушыға айналған Шақаннан көз жазбақ. Ар жағы... әрине, аштық, өлім...

Екі-үш күн бойы бүйрек-бауыры шымырлап, ұйқысы бұзылды. Қызыл шөнжік көз алдынан кетпей қойған. Тағы бір жыртқыштың көзін жойған жаңа айқастан соң ғана тыншыды.

Бірақ ұмытпапты. Арада... арада қаншама заман өткен соң, желтоқсандағы алғашқы сонарда із кесті. Бедерлі, салмақты, дөп-дөңгелек. Толысқан арлан ізі. Көп ұзамай қуып жеткен. Тарғылы жокқа тән, тайдай қызыл шері. Жұқа, күпсек қар үстінде керіле басып, салпандай аяңдап барады. Шақан мауыққан қаншыр үнімен үздіге шақырып еді. Арлан қалт тоқтады. Көлденендей бере, созылып тұра қалған. Сол кезде көрді. Құйрығы шолақ екен. Шақан жолбарыс үнінен жаңылып, ішін тартты. Қорбандай ұмтылып, ашыққа шықты. Шолақ жолбарыс кеудеге ұрғандай шегіншектей бере шабынып, ар ете түскен. Сабау құйрығы шолтаңдап, бүйірін қамшылап, қар шаша етпеттеген.

Адамнан ығар түрі көрінбейді. Аралық жақын болса, бөгелмей атылатында. Қазір де тұра ұмтылуға шақ жатыр.

Шақан тағы бірнеше қадам басты. Қызыл шері жылмия арылдаған қалпы орнынан көтеріле берген. Дәл осы сәтте жойқын мылтық та тарс атылды. Қарсы алдындағы көбік қар бүрк еткен жолбарыс секіре тұрып, ытқи қашты. Қөздегені қате кетпеген Шақан өмірінде бірінші рет мұлт басыпты. Бірақ өкінген жоқ. Қуанған да жоқ. Таңырқаған. Өзінің мұлт ұрғанына емес. Баяғы жетім шөнжіктің тірі қалғанына. Әлде тәнірі асырады. Әлде үялас үйір тапты. Қайткенде де кешегі дәрменсіз, добал шөнжік бүгін қайратты, келбетті жыртқышқа айналған. Әккі, қу. Бәлкім, ағайындарының бәрінен қатерлі.

Шақан қызыл шолақ шеріні бұдан соң ұшыратпады. Тек осы жолы... құмға бет бұрған кезінде бір түйткіл тапқан. Ізіне түскен жолбарысы жатып, тыныстаған жерде құм бетінен доға сызық көріп еді. Шолақ құйрық таңбасы. Көре, біле тұра нық сенбеді. Қалай сенсін. Одан бері қаншама заман. Тіпті, қыстың қыраулы құндерінің бірінде шолақ шерімен кездейсоқ ұшырасқан суреттің өзі құнгірт. Еміс елеске, бұлдыр ертегіге айналған.

Енді міне... бар екен. Рас екен. Әуелі енесінен айырған. Содан соң шолтитып құйрығын кескен. Кейін ақ қарда қақ басынан қөзделеп атқан. Кеше құмда ізіне түскен. Жаңа ғана бетпе-бет келді. Қызыл жолбарыстың, тоғайдағы, қамыстағы, құмдағы бар шерінің есесі түгенделетін сәт туды. Бір-ақ тарпитын еді. Оп-оңай боршалайтын еді. Тарымады. Боршаламады. Таныды...

Таныды... Есіне түсті... Көп қиянаты емес, азғана жақсылығы. Дәмнен аттамады. Дәті бармады. Дүшпандығын біле тұра кеншілік жасады. Жығылған жаудың қеудесінен түсті де жүре берді... Әлде... адам емес, аруақ екенін көрді ме...

Өлі мұрде. Тірі аруақ. Мана, көл бетінде сүлделенген суретінен көрді. Жақ сорайып, көз адырайған. Шеке шодырайған, мойын қылқиган, соншама ұсқынсыз кепке түскен. Бас сүйегі дүңгірлеп тұр. Іші толы құм. Әлде қан. Іші толы жолбарыс қаны. Күйіс қауашақ емес. Өйткені бұл – тірі адам. Тірі. Шөлдеді – су ішті. Қарны ашты – кісе түбінде қалған-құтқан бірденелерді талғажау етті. Ешқашан мұндай ашығып көрмепті. Суатқа түскен қарақұйрықтың бірін атып алуы керек. Содан соң ақылы кіреді, амалын табады. Амал – бұдан соңғы тірлік жайы. Бірақ қандай тірлік? Есін жияды, ойлап табады.

Таба алмады. Адам – табар еді. Бұл – құбыжық екен. Күн еңкейе көлге құлаған топ киік суатқа жете бере оқыс ошарылды. Дүркірей жиырылып, құм белеске қайта шыққан. Дәмпіш танауларымен жел сүзіп, бытырай шашылып, тағы да ойға түсті. Бірақ суға жақындағады. Аздан соң шаңдата шапқан көп қарақұйрық көрінді. Олар тіпті алыстан тоқтаған. Не

кетпейді, не келмейді. Кетейін десе, шөл қысып барады. Келейін десе, катер бар. Қатер – тағы жыртқыш емес. Жыртқыш кейіпті адам. Жолбарыстан именбекен қоңыр аң менен де қорқа қоймас деп, онша көп бой тасаламап еді. Жыртқыштан да қорқынышты екен. Түрі қайда, көлеңкесінің өзі жан шошытар құбыжық екен. Шақан көл басындағы бейбіт тірлік мәнін сонда ғана пайымдады.

Жолбарыс ыстық қан, жас еттен жеріген жоқ. Бірақ ертеден кешке дейін қаншама аң түсіп, қайтатын кең суат – айналасы неше күндік шөл ортасындағы бірден бір тіршілік көзі. Сол жалғыз көзді лайласа, өзі де ұзаққа бармайды. Жолбарыс өмір заңына бағынған – екі күндік онай олжадан, ақыры апатқа, аштыққа бастайтын жеміт қорқаулықтан бой тартып, аңшылық аймағын аулаққа – қалың құм ішіне көшірген. Ал адам... аң құрлы ақыл таппаганы ма! Тапты. Шақан созаландап, әрен бой көтерді. Басы айналып, шайқалақтап тұрып, торсығына су толтырды. Мылтығын арқасына асып, кеше келген жолына – Іленің ескі арнасына түсті. Құбыжық. Тірі аруак.

Тұн қараңғы. Қап-қара мақпал. Тұнғиық. Жұлдыздар жарық. Аппақ, ірі. Жерге соншама жақын.

Кенет Арқадағы Атабек ауылы есіне түсті. Менсұлу... күңгірт. Бет бейнесін елестете алмады. Ал ақсақалдың өзі... Күні кеше ғана қасында отырғандай. Аялы көзі, қалың түкті, буырыл қабағы, тарам-тарам жібек сақалы... Жеті жыл! О, тәнірім! Адамға көрсетпегің көп екен... Не салсам да көтере берер деп қалай ойладың?!

8

Екі жыл!.. Бес емес, екі жыл! Екі жылда оралмасам, ұмітінді үз деген. Өлгенім, жолбарысқа жем болғаным деген. Бағынды байлама, ерге бар деген. Менсұлу!.. Бар бақыты, бар тірлігі...

Артынан іздел келіп еді. Атабек ауылынан кеткен күннің ертеңіне. Теңіз жағасындағы тал үйшікке. Құшағына құлаған. Жарақат басқан тыртық бетінен өпкен. Тамағының асты, қос анар жарыса біткен жұпар иіндік үсті қаптаған торы мен екен. Шақан есінен адаса жаздаған. Бірақ әдеп сыйығынан аттай алмады. “Қал, – деген Менсұлу. – Біржола мендік бол. Сонда... мениң өмірім сенің жолыңа тігіледі...“ “Мен мұнда тұра алмаймын...“ – деген Шақан. “Ақ некемді қи да, алып кет, – деген Менсұлу. – Әкем риза, батасын береді. Қамыс күркеде асынды қамдал, жолынды бағып отырам. Алатау айналсаң да ізінді басам. Бақиға дейін бірге боламыз...“ Шақан жапанда жатқан жігітке өз аяғымен келген, өз аузымен сөз салған өжет қызға шұбалана қарап еді. Менсұлу қып-қызыл болып кетті. “Пәк шықпасам, бетіме түкір де жүре бер...“ – деген жүзін жасырып. Шері атанса да жолбарыс емесі – аз күн серіктесіп, бір сәт күмарласып, жайына кетер аң емесі сонда ғана санасына жеткен Шақан шынымен босап еді. Күнәдан, енді қыздың өзі тілеген қызықтан бас тартты. Ақиқат сеніммен айтып еді. Келем деп. Оралам деп. Екі жыл күт

деп. Және осы сөзді жадыңа тұт деп. Екі жылдан соң келсем, күйеу болармын, бес жылдан соң келсем, бауыр болармын деп. Бірақ оралмаспрын, ажалым жолбарыс тырнағынан деп.

Екі жыл өтті – өлмеді. Бес... жеті жыл болды – әлі тірі. Жоқ. Сол күні – Менсұлудың бота көзін моншақ жасқа толтырған қатыгез күні өліпті. Екі жыл бойы, және үш, тағы екі – жеті жыл бойы неше мәрте өліпті. Өлі мүрдесін сүйретіп жүре беріпті. Ай сипатты Менсұлу... Жылай-жылай бекінді. Шақан-Шерінің ерлік өліміне нық сенген мұнды көнілмен басқа біреудің босағасын аттады. Омырауы толы жупарлы мен еді. Өліге емес, тіріге бұйырды. Бұл да медеу көнілге. Тірі – тірлігін жасайды. Өнеді, өседі, өмір кешеді. Өлі – өткен күннен алыстай бермек. Курайды, тозады, топыраққа айналады. Шақан-Шері де өлген еді. Әйелі мен баласын жыртқыш жеген күні емес. Жаңадан тігілмек жылы ұядан қашқан күні. Осыдан жеті жыл бұрын.

9

“Жоқ! Мен – тірімін! – деді Шақан ышқынып. – Мен – тірі Адаммын!”
Онысы рас еді. Тірі. Адам. “Менің үйім бар! Елім бар! Жерім бар!” Үй жоқ еді. Осы түнде ғана иен тоғайда, жиде ағашының түбінде қонып шықкан. Үй деген – шаңырак. Үй деген – киіз болар, тас болар, балшық болар, қабырғасы, төбесі бар қуыс. Ашық аспан, шетсіз күмбез – үй емес. Бірақ елі де, жері де бар еді. Байтақ ел, кенішті жер. Жүзі сынық, көнілі кірбен. Әйтсе де өмір өзегі – күре тамыры қылмаған. Хан, сұлтан кетті – халық орнында қалды. Жұрт өзгеше тірлік кебін тапқан. Намысы сөнбекен, болашақтан түнілмеген ер-азамат тұман серпілер, күн ашылар жаңа бір жол қарастыра бастаған. Ана – құрсақтанып, бала – аяқтанып жатыр. Қазан – ошақта, ошақ – отта, от – ортада. Бай болмас, бірақ бар өмір – арнасы ауган Іле дариядай үйіріле толқып, ағып жатыр. Қалай бұрсаң да теңізге құяды.

10

Шақан десе шақан – бір тал қамыс құрағы екен. Үлкен өмір арнасынан тысқары қалыпты. Қурамаса – тамыры нәрлі топырақтан үзілмегені. Бірақ куанышы қане? Өткенге өкінбейді – болашағы қайда?

“Мен – жапанда өскен тораңғы, – деді Шақан, – тұрған жерім шөл. Мен – жалғыз жортқан жолбарыс – төнірегім түгел жат“.

Бірақ тораңғы да түйін тастайды – төнірегіне қаулап жаңа өскін шығады. Жолбарыс та ұрпақ жалғайды – өзі кеткен күні орнын басады.

Тұлдырысыз екен, тұл екен.

“Менде бәрі де болған, – деді Шақан. – Соның қуйігі. Соның кегі...“

Ештеңе ойламауға тырысты. Ойламау тағы мүмкін емес-ті.

“Мені елден айырған...“

Кенет өзін осы жолға түсірген жалмауыз жолбарыс көз алдына келді. Балаға шапқан, әйелді шайнаған кезі емес. Өлім сәті. Өлгеннен соңғы, бұтарлап шабылған сәті. Артқы аяқта шор болып байланған қорғасын оқ. “Жолбарыс өз бетімен кісіге тимейді”. Құба-мерген айтқан. Қара-батыр айтқан. Атабек Ақсақал айтқан. Өзі де көрді. Сонда, жалмауыз кек қуганы ма. Бір кісіден көрген жапасын бар адамға артқан. Жүрген ізін қанды соқпаққа айналдырған. Бұл да қазага ұшырады. Қорғасын оқ емес, тас қайғы – екі бірдей қаза жүрек басына түйіртпектеліп жабысты. Бір жыртқыштың кінәсін тарғыл тонды барлық шеріге артыпты. Сонда не тапты?

Кек... Кегі анда емес, адамда болуға тиіс екен. Елден аң емес, адам айырыпты...

Бұл кезде Жалтақ Жантай өліп қалған. Кеше емес, алдыңғы күні емес. Көк белесте. Патша туының астында. Тарғыл тонды Тоқай-мерген қара шитімен қапысыз ұрган.

Бірақ ағайын ортасына бара алмайтын еді. Әуелде қалмаған, тыңдамай кеткен. Ол кездегі ел ағасынан ешкім жоқ. Кіммін деп барады, не іздеп барады. Нағашы жұртқа тағы сыймайды. Шақырғанға көнбеді. Пана тілеген кембағал кімге керек. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді. Алысқа кетеді. Жат емес. Жақын.

Әуелі Ілені құлдан, Көкше теңізге түседі. Көкше теңізді жағалап Атырауға – анада ұшығына шыға алмаған ескі арнаның құйғанына жетеді. Ұшан суға сұғына біткен Сары-Есік түбегі бар онда. Ұшкіл тұмсығына шықса, Сары-Арқа таяқ тастам жерде тұрмак. Тар бұғаздан сал буып өте шығады. Өз елі. Өз ағайындары. Мүмкін, онда да тұрақтамас. Бірақ амандығын, барлығын білдіреді. “Бес жылда келмесем, жаназамды шығар“ деген. Бұл – тірі. Тірі адамға жаназа дарымайды. Мүмкін, біржола тұрақтап қалар. Құрметтеп күткен, қимай қоштасқан қаншама жұрт бар еді. Өз жұрты.

Тек ата-баба моласы... Дәл іргесіне қала орнаған. Бармағалы, көрмегелі көп болыпты. Аруақтан аттап қалай кетер.

Шақан өзінің ескі қонысына бет түзеді.

Төбесі ойылған, босағасы қулаған ескі күмбез басында темір кісен күтіп тұр деп ойламаған.

ЭПИЛОГ

немесе автордың соңғы сөзі

“Отважный туркестанский охотник Шахан“ – ер жүрек түркстан аңшысы Шақан туралы ең алғаш рет Петербургта 1871 жылы шыққан “Военный сборник“ журналынан оқыған едім. Есімі бүгінді қауымға беймәлім әскери журналист жаңа өлкені игерудегі табиғи және саяси қызындықтар туралы айта келе, түземдіктердің әскери ұйымына,

жауынгерлік қабілетіне арнағы тоқталады. Ерліктің, тағылықтың мысалы ретінде “истребитель тигров“ – жолбарыс перісі Шақанның аты атальш, оның азулы жыртқышпен жеке айқасқан бірнеше оқиғасы баяндалған екен. Өткен заман, ескірген ұғымдар таңбасын көнілге алмасақ, өте қызығылықты материал еді. Мен үшін автордың: “Асау бас ақыр түбінде азапты ажал тапты“, – деген сөздерінің мағынасы да айқын көрінген. Жолбарыс аулау – аса қатерлі кәсіп.

Алайда, көп ұзамай, бұрынғы Жетісу өлкесіне қатысты архив материалдарын қарастыру кезінде “басбұзар қырғыз Шақан-Тигрдің“ іс қағаздарына кездесіп қалғаным. Өзінің жақын туысы Малтай Жантасевтың куәлігі бойынша, өкіметке пиғылы теріс, қоғамға қатерлі адам деп танылған екен. Іс қағаздарының арасында сот үкімі жоқ болып шықты.

Мениң бар машақатым осы арадан басталған. Қаншама шаң қопарылды. Ресми қағаздар, өлең, жыр, аныздар. Ел әңгімелері. Бір хикаяның үш түрлі шешімі шыққан алдыннан. Бірінші – Шақан аяқ-қолына бұғау салынып, Сібірге – Якут өлкесіне жер аударылады. Екінші – Шақан тергеу бітер қарсанды түрмеден қашуга әрекет үстінде (“при попытке к бегству“) окка ұшады. Үшінші – әлде түрмеде, әлде этап кезінде қашып, аман құтылады.

Оқырманға қайсысын ұсынарымды білмей көп қиналып, ақыры соңғысына тоқталдым. Оған дәлелім де жоқ емес. Бірінші – осыдан тұра жүз жыл бұрын, 1884 жылы шыққан “Природа и охота“ журналының он үшінші санында қазақтардың аңшылық өнері туралы көлемді мақала бар, сонда Сыр бойында жолбарыс аулаған Шақан дейтін мерген туралы айттылған. Екінші – жаңа тарихи деректерге қарағанда, Шымкент, Әулие-Ата өңіріндегі Ұлы жүз қазақтарының патшалық тәртіпке қарсы көтерілісіне (1867-1869) басшылық еткен батырлардың бірінің аты Шақан, жай ғана Шақан емес, Жолбарыс Шақан, яғни Шақан-Шері. Үшінші... Үшінші дәлелімізді ең соңынан айтамыз.

Әлбетте, кейінгі қос Шақан – алғашқы Шақанның жалғасы болмауы да мүмкін. Екеуі екі Шақан. Яғни, Сырдағы аңшы Шақан, Әулие-Атадағы батыр Шақан екеуі екі адам. Ал Жетісудағы – басқа Шақан. Оның да біреу емес, екі кісі болып шығуы әбден ықтимал. Яғни, төрт Шақан. Сонымен қатар, төртеуі – төрт адам деп айтарлық дәлел тағы жоқ. Тіпті, төртеу болған күннің өзінде мәселе біздің пайдамызға шешілмек. Әдебиетте типтендіру (жинақтау) дейтін ұғым барын жақсы білесіз, күрметті Оқырман. Төртеуін қосып бір кісі жасаймыз. Міне, біздің үшінші және ең салмақты дәлеліміз осы. Қажет десеніз үстеме, қосымша дәлел тағы бар. Ол – Шақан-Шерінің мінез-кулқы, болмыс-бітісі, өмір жолынан туындаған. Қайраты мен ебі, айласы мен ерлігі анызға айналған аң патшасына қарсы жалғыз шығуға жүргегі дауалаған, жүз мэрте жанкешті айқасқа түсіп, бәрінде де мерейі үстем болған Шақан-Шері тек жолбарыс өлімімен ғана өлсе керек.

Айтпақшы, Жолбарыс... Жетісүдің ең соңғы жолбарысы 1940 жылы оққа ұшыпты дейтін нақты дерек келтіріледі. Арада бірнеше жыл өткен соң Іленің төменгі етегінен әлдекімдердің жолбарыс ізін көрүі тағы анық.

Шақан-Шері туралы айғақ, деректер жинастыру үстінде Ілеңің екі жағасын, Тауқұмды, Атырауды – бүкіл Сарықұм өңірін жоғары, төмен, онды, солды талай шарладық. Ешқандай із кездеспеді. Тұлкі ізі, қоян ізі, қосаяқ, саршұнақ ізі... Тарғыл шеріден қалған белгі жоқ. Бар жұқана Қазақстанның Орталық музейінде ғана сақталыпты. Аумағы арба дөңгелегіндей жолбарыс қақпаны. Tot басқан, қарысып қатып қалған. Темір де тозады екен.

Ал адам.... адам өмірі жалғаса бермек. Тұған топырағына терең тамыр тартқан халық жаңғырады, жаңарады, бірақ жоғалмайды. Өйткені ол... ол – төрт аяқтылар қауымы емес. Өзі де, ізі де сақталуға тиіс. Тасқа қашалған мың жарым жылдық көне ескерткіште айтылғандай, Анамыз – Қара Жер, Атамыз – Көк Аспан, Кісі ұғлы, яғни мына Біз – осы екеуінің ортасында, алғашқы Күн шапағымен бірге жаралыптыз. Бұл – мәңгіден келеміз, мәңгі жасаймыз деген сөз. Осыған сенейік. Тек... суыра соққан меніреу құм, қылтанақсыз тақыр, тамшы сусыз шөл... – адам баласы аласталған өлі аймактардың барлығы да бір заманда нұлы, дұлы, жасыл жазира болыпты деседі. Осыны ұмытпайық.

12.V. –10.VIII, 1984,
Алматы.